

ISSN 2706-8293

Ғылыми
журнал



Научный
журнал

Баишев университетінің
ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК
Баишев университета

2023

№ 1 (79)

БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ
ғылыми журналы

ВЕСТНИК БАИШЕВ УНИВЕРСИТЕТА
научный журнал

Қазақстан Республикасының ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркелген,
куәлік № 4645-Ж Зарегистрирован в Министерстве информации Республики Казахстан,
свидетельство № 4645-Ж от 29.01.2004 г.

Үш айда бір рет шығады Выходит один раз в три месяца
2000 жылдан бастап шығады / Издается с 2000 года

№ 1 (79)
март 2023

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ CONTENTS

**БАС РЕДАКТОР ГЛАВНЫЙ
РЕДАКТОР**

Ахан Б.А.

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ
ОРЫНБАСАРЫ**

**ЗАМ. ГЛАВНОГО
РЕДАКТОРА**
Лыгина О.И.

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДКОЛЛЕГИЯ**

Ташмухамбетов Б.Г. (Қазақстан)

Абрахам Алтонаян
(Великобритания)

Асаров А.А., Бияшев Б.Г.,
Жанпейсова Н.М. (Қазақстан)

Камаруль Хавари (Малайзия)

Корченко А.Г. (Украина)

Ли Дзень Хун (КНР)

Асадуллин Р.М. (Россия)

Мухитдин Бин Исмаил
(Малайзия) Султангареева Р.А.
(Россия)

Тяпухин А.П. (Россия)

Терегулов Ф.Ш. (Россия)

Кереев Я.М. (Қазақстан)

Махамбетова У.К. (Қазақстан)

Калденова Г.С.

(Қазақстан)

Бисенғалиева

(отв. секретарь)

Адрес редакции:

г. Ақтобе, ул. Бр. Жубановых д. 302
«А»

**ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ-
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

Кульбаева Б.С. 5

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ
ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІ ТӘЖІРИБЕСІН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ-
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ**

Ағысбай Ж.М., Қонақбаева А.У. 12

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА
ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ДАМУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Кузенбай Г., Кайыргалиева М.Г. 15

«ҚАЗХРОМ» ТРАНСҰЛТТЫҚ
КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН
СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

**ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ –
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**Исакулов Б.Р., Акишев У.К., Бақтыбай Ә. А.,
Әлібеков Ж. А., Қабдолов Т.Ж.** 19

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС
САЛАЛАРЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК
ЖАРАҚАТТАНУДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

для писем: 030000 г. Актобе, а/я
64

e-mail: vestnik@bu.edu.kz

тел.:8(7132) 974083

Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмейді.

Мақала мазмұнына авторлар
жауап береді.

Опубликованные материалы
второв не отражают точку
зрения редакции.

Авторы
несут ответственность за выбор
и представление фактов.

Редакционная коллегия
оставляет за собой право
корректировки по ГОСТ 7.5.-98
«Журналы, сборники,
информационные издания.

Издательское оформление
публикуемых материалов»,
ГОСТ 7.1-2003 СИБИД

«Библиографическая запись.
Библиографическое описание.

Общие требования и правила
составления».

Сдано в набор 30.03.2023 г.

Подписано в печать 30.03.2023г.

Формат 21x29,7. Печ.л.7,3

Тираж 100 экз.

Отпечатано в РИО Баишев
Университета

Қалиева А.А., Наурызова К. Ш., Бекетов Г.Ш. 26
УПРАВЛЕНИЕ НЕУСТОЙЧИВОСТЬЮ В
СИСТЕМАХ АВТОМАТИЧЕСКОГО
УПРАВЛЕНИЯ ЛЕТАТЕЛЬНОГО АППАРАТА

Нұрғазы Л.Қ., Сундетова А.Р., Тажиева Г. Н., 30
Имангазина Н. А., Таванова Н.М.

АҚПАРАТТЫҚ ОҚЫТУ ОРТАСЫН ҚҰРУДАҒЫ
АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ
ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Тулепбергенов С.К., Сундетова А.Р. 34

ВЫЧИСЛЕНИЕ БАРЬЕРА ДЛЯ
АВТОЛОКАЛИЗАЦИИ ЭКСИТОНА В
КРИСТАЛЛАХ KI, KBr И CSI В
КОНТИНУАЛЬНОЙ МОДЕЛИ

ӘЛЕУМЕТТІК –ҚҰҚЫҚТЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ

СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВЫЕ НАУКИ

Сабыржанова М. М., Телибекова И. М. 39

ЗАҢ КОНСУЛТАНТТАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІНІҢ
ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Телибеков Б. А., Жамиева Э.С., Нуржанова Б. Н. 44

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ
ТҰРАҚСЫЗДАНДЫРАТЫН ӘСЕРІ

ӘЛЕУМЕТТІК –ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ

СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ

Бақтығали П.Б., Ақжолова А.Т. 49

СУБСТАНТИВ НОМИНАТИВТІК ЖӘНЕ
АДЪЕКТИВ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ
СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бекжанова Ж.А. 53

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ
ТӘСІЛДЕРІ

Габдрашева Д., Ниязова Ғ.М 57

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БАҒЫТТАР

Жолдасова М.А., Ақжолова А.Т. 63

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ
МӘСЕЛЕЛЕР

Жолекенова Д.Б., Исина Ж.А. 69

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТ
ТАНЫМДЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУДІҢ
ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мустафина А. А.	75
МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ ЛЕКСИЧЕСКИХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОГО СТИЛЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА	
Рыскалиева Қ.С., Ниязова Ғ.М	79
Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ, ПЕДАГОГТИК ҚЫЗМЕТІ ХАҚЫНДА	
Сайынова Г.Е.	84
ШЕТЕЛ ТІЛІН БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙДЕ ТЕЗ ӘРІ ЖЕҢІЛ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ	
Уткелбаева А.А., Исина Ж.А.	88
МӘДЕНИ-ТІЛДІК ДЕРЕКТЕРДІ АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	
АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ- СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ	
Айжариков Т.Ж., Зарманов С.Д., Шарипова А.А.	95
МИИАЗ АУРУЫ	
Масабаева А.Н.	101
«АЛИЯ» АЗЫҚ-ТҮЛІК БАЗАРЫНДА ӨСІМДІКТЕН АЛЫНАТЫН ӨНІМДЕРДІ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ-САНИТАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ	
Меркашев К.К., Шарипова А.А., Акмурзина М.Р.	105
ҚАРАУСЫЗ ҚАЛҒАН ИТТЕР МЕН МЫСЫҚТАР, ПАРАЗИТТИК АУРУЛАРДЫҢ ТАРАЛУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗІ	
Сейтова А.К.	109
АЙМАҚТА КӨКӨНІС ДАҚЫЛДАРЫН ӨСІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ	

ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ/
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 14.23.01

Б.С. Кульбаева

Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

e-mail: Kulbaeva_1972@mail.ru

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ЕҢБЕК ІС-ӘРЕКЕТІ ТӘЖІРИБЕСІН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Аңдатпа

Мектеп жасына дейінгі балалардың педагогикалық-психологиялық ерекшеліктері қарастырылған. Ғылыми еңбектердегі еңбек іс-әрекеті түсініктемелері жинақталған. Тәжірибе сөзіне анықтамалар талданып, еңбек іс-әрекетімен байланысы қарастырылған. Мектепбалды балалардың еңбек іс-әрекеті тәжірибесінің құрылымы дайындалды. Мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тәрбиелеуде педагогикалық- психологиялық тұрғыда кешенді шарттары негізделген. Е.Е Кравцованың әдістемесі негізінде тәжірибелік жұмыс жүргізіліп, мектепке дейінгі ұйымдарда еңбек іс-әрекетін қалыптастыру деңгейі анықталған. **Түйін сөздер:** мектеп жасына дейінгі ұйым, еңбек, еңбек іс-әрекеті, тәжірибе, тұлға.

Әрбір қоғамдық-экономикалық құрылыста еңбек іс-әрекетінің өзіне тән ұстанымдары, еңбекті жүзеге асыру әдістері, адамдар арасындағы еңбек бөлісінің формаларына қарай белгіленеді. Бұл еңбек іс-әрекетіне ерекше мазмұн мен бағыт береді. Сонымен қатар мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекеті тәжірибесі мәселесін осы тұрғыдан зерттеу еңбек іс-әрекетінің маңызын тарихи даму үдерісінде қарауға, оның мазмұны мен формаларының елеулі өзгешеліктерін жаңа тұрғыда қарастыру тарихи-педагогикалық кезендеріне талдау жасауға мүмкіндік береді.

Біздің зерттеуіміз үшін мектеп жасына дейінгі балалардың еңбеккерлігін, еңбекке деген саналы қатынасын, қайта жасаушы әрекетке талпынысын, еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың тұлғалық психологиялық-педагогикалық ерекшелігін анықтаудың маңызы зор.

Қазіргі қоғам мен өндірістің даму деңгейі адамның еңбек іс-әрекетінің технологиялық, шығармашалық, жобалау бағыттарына көңіл бөліп, тұлғаның еңбектегі тәжірибесін қалыптастыруды талап етеді. Еңбекке қабілеттілік – белгілі әлеуметтік жағдайдағы адамның жеке психологиялық дамуының нәтижесі, басқа жағынан алғанда, іс-әрекет субъектісі ретінде адамға тән қасиет. Бала еңбек үдерісі арқылы тіпті онтогенездің ерте сатысында тұлғаның субъекті дамуға қабілетті және неғұрлым есейген сайын еңбекке араласу, оның субъектісі және тұлға болу мүмкіндігі соғұрлым арта түседі, еңбек үдерісінде өмірге қажетті сапалар мен қасиеттерге ие болады.

Н.И. Непомнящаяның ойынша, мектепке дейінгі кезеңнің соңында бала мынандай психологиялық өзгерістерге ие болады:

- қоғамдық мәні бар іс-әрекеттерге ұмтылысының болуы;
- өзінің мінез-құлқын басқара алады;
- өзгелермен қарым-қатынасқа түсе алады;
- тілді практикалық тұрғыдан меңгереді;

- басқа адамдармен бірлескен әрекет жасай алады;
- өзінің және басқаның іс-әрекетіне талдау жасайды және баға береді;
- өмір жағдайына сипаттама беруге қабілеті болады [1].

Сондықтан бала бес жаста өзінің мінез-құлқын саналы түсінетін және өзін басқалармен салыстыра алатын мектептегі жүйелі оқуға дайын жеке тұлға деп түсінеміз. Баланың тағдырындағы күрт өзгеріс оның дара, салыстырмалы дербес тұлғалық дамуымен анықталады. Мұның көрсеткіші кез келген жағдайға қарамастан барлық жағдайда бала санасындағы адамгершілік нормалардың жүйесін көрсетуге тырысады. Мектептегі адамдармен, құрбыларымен қарым-қатынасы, араласуы, күн тәртібі, тіршілігі өзгертуі, кішкентай бастауыш сынып оқушыларының жетекші міндеті оқу іс-әрекеті болғандықтан, өмірдегі мәртебесі өзгереді. Балабақшада тәрбиешімен ғана табысса, қазір мектепте әр түрлі мұғалімдермен (сурет, музыка, дене шынықтыру, қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі т.б) қарым-қатынасқа түседі.

Сондықтан бала еңбек іс-әрекетін тұтастай қабылдайды. Педагог сызбаларды, суреттерді көрсетуді сөзбен түсіндірумен ұштастырады. Одан кейін баланың қабылдағанын өздігімен жоспарлау, негізгілерінен көмекші бөлшектерін ажырату, қабылдаған белгілерінің иерархиясын бекіту арқылы оларды ортақ белгілеріне қарай саралауда байқағыштық қабілеті көріне бастайды. Бірте-бірте сурет, сызбалар сыртқы ортадағы ақиқаттың көшірмесі екендігін түсінеді. Біздің пікірімізше, мектеп жасына дейінгі балалардың қабылдауындағы кейбір ерекшеліктер еңбек іс-әрекеті тәжірибесінің қалыптасуына әсер етеді:

- бала қабылданған заттардың, құбылыстардың қасиетін ерекшелеуге, заттардың немесе олардың бөліктерінің арасындағы байланыстарды орнатуға қабілетті бола бастайды, оның қабылдауы біртұтас бола бастайды, осының негізінде біртұтас еңбек үдерісі туралы түсінікті қалыптастыруға болады;

- мектеп жасына дейінгі балалардың бақылау әрекетінің жетілуінен байқағыштық қабілеті жоғарылайды;

- қоршаған әлем туралы тарихи қалыптасқан тәжірибені меңгереді, жинақталған тәжірибесін еңбек іс-әрекетінде пайдалана алады.

Құрастыру, жапсыру әреттері қызықты болған жағдайда зейіні тұрақталады. Балалар қызықсыз заттарға зейін қоя білуге қабілетті болып, қабылдау техникасын меңгере бастайды: қарауға, естуге, негізгісін ерекшелеуге, заттардың көптеген бөлшектерін байқай білуге үйренеді, қабылдау мақсатқа бағытталған басқарушы үдеріске ұласады. Бұл орайда еңбек іс-әрекеті – зейінді тәрбиелеудің ең жақсы құралы болып табылады. Өйткені азғантай еңбектің өзі зейіннің бір жерге жиналуын, дәлме-дәл күш салуды қажет етеді. С.Н.Жиенбаеваның еңбектерінде алты жастағы балалардың дербестігінің көрсеткіштері: басқаның көмегінсіз мақсатқа жетуі, мақсат қоя алу біліктілігі, жоспарлау біліктілігі, ойлаған нәтижеге жету біліктілігі, бастамашылдық, шығармашылық көрсетуі деген. Дегенмен, қазіргі жағдайда балалардың ересекке тәуелділігі байқалады. Егер бала ересектерге сеніп, солардың айтқанымен жүре беретін болса, дербестік сапа қалыптаспайды, жасының өскендігіне қарамай оларға тәуелді болады [2].

Мешель де Монтень өзінің «Тәжірибе» деген еңбегінде адамды ең жоғары құндылық және өзіндік жеке-дара табиғи ерекшелігімен сипатталатын тіршілік иесі деп санаған. Оның ойынша, сезім арқылы таным жүзеге асады, басты рөлді тәжірибе атқарады [3]. Тәжірибе адамға сыртқы дүниенің қайта құрушы әсері арқылы белсенді үдеріс ретінде және осы әсердің білім және біліктер түрінде, субъект пен объектінің өзара әрекетінің үдерісі ретінде қарастырылады. «Тәжірибе» ұғымы мәні бойынша практика категориясымен сәйкес келеді, атап айтсақ, экспериментпен және бақылаумен сай болады. Осылардың негізінде тәжірибе тарихи қалыптасқан білімнің жиынтығымен қоса, танымның нәтижесінде қалыптасады.

Тәжірибені жинақтау және ұрпақтан ұрпаққа беру қоғамдық дамудың мәнді сипаттамасын құрайды. Ол заттық және тілдік формада, мәдениет құндылықтары арқылы объективтенеді.

Тәжірибе адамның практикалық әрекеті және оның нәтижесі ретінде тарихи даму кезеңдерінде адамдардың табиғаттың, қоғамның және ойлаудың объективті заңдарын меңгеру деңгейін көрсетеді. Жеке адамның еңбек іс-әрекеті – қоғамда қалыптасқан адамның тәжірибесін жасампаздықпен қабылдауы. Сол себепті жеке адамның тәжірибесі еңбек іс-әрекеті арқылы дамиды.

Ж.Аймауытов адамның еңбегі, шұғылданған кәсібі арқылы қалыптасатын тәжірибе негіздеріне өзіндік анықтама береді. «Аң аулаушы, мал бағушы жұрттардың тәжірибе кені айуандар болса, барлық дүниетану пікірлерінің іргетасы сол тәжірибеге құрылса, олардың барлық әуезесі, не ұғымдары, білім неден тұмақ? Сөз жоқ, сол аңшылық, бақташылық тәжірибесінен тұмақ, мазмұнын сол тұрмыстан алмақ» деп, психологиялық тұрғыда сипаттайды. Ол баланың тілін дамытуда әңгімелеуге берілетін мағлұмат кітаптағы даяр заттай болса, баланың тәжірибесінен, көрген-білгенінен алынсын, кітаптан өмірге емес, өмірден кітапқа қарай жылжысын деген ұсыныс айтады. Ағартушы ғалым пікірінен, тәжірибе жинақтаған бала мектеп бітірген соң бүкіл әлемге, өзінің және өзгенің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарайтын тұлға болып шығады деген тұжырымды байқаймыз [4].

Қ.Жарықбаев өз еңбектерінде «Біліктілік білім мен тәжірибеге негізделеді. Кімнің білімі мен тәжірибесі көбірек болса, сол адамның икемділігі де артық болады» дей келе, еңбектегі тәжірибе білім, білік, дағды жиынтығы екендігін тұжырымдайды. Психологтардың көзқарасынша, тәжірибе мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық психикалық үдерістерінің және субъектілі тәжірибелі тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді [5].

«Тәжірибе – қоғамдық практика және объективтік дүниенің, белсенді практикалық таным нәтижесінің адам санасында бейнеленуі, білімнің кең көлемді қоры, біліктілік, дағдыны практикалық меңгеруі», «1.Тәжірибе – ақиқат өлшемі, біздің дүниетанымымыздың қайнар көзі және сезім тәжірибесі; 2.Тәжірибе – өмір тәжірибесі немесе өзінің өмір тәжірибесін басқаларға үйрету; 3. Ғылыми тәжірибе немесе ғылыми сынақ».

Э.Ө.Сағындықова оқу-жобалық іс-әрекет үдерісінде болашақ мамандардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруды студенттердің нақты өмір жағдайларындағы шынайы экологиялық проблемаларды шешу дағдылары мен кәсіби тәжірибені игеруге септігін тигізетін оқытудың интерактивтік әдісімен шешуді ұсынады. Сондықтан жоғарыдағы зерттеулер мынандай тұжырым жасауға мүмкіндік берді: жобалық іс-әрекет тұлғаның жоғары деңгейдегі дербестігін, өзгермелі жағдайға тез бейімделу біліктілігін қалыптастыруға негіз болып табылады. Міне, сондықтан жобалау іс-әрекеті «өмірлік тәжірибе» теориясы болып қолданылып келетіндіктен, біз өз жұмысымызға негіз етіп алдық [6].


Ә.Мұханбетжанова өзінің зерттеу жұмысында «Мектеп-балабақша» ауылдық кешеніндегі бастауыш сынып оқушыларыды тәрбиелеу жүйесін, мазмұнын, негізгі формалары мен әдістерін жүйелей келе, түрлі жастағы балалар құрбыларымен және өзге жастағы балалармен үнемі қарым-қатынас жасай отырып, білім, білік, дағды және өмір тәжірибесін меңгеретінін, әсіресе балалардың тәжірибе жинауы, бір-бірімен тәжірибе алмасуы оның дамуына ықпал ететінін айтады. Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектерін саралай келе, мектепалды балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесі сабақтасқан жағдайда нәтижелі болады деп ой түйеміз [7].

Еңбек іс-әрекеті тәжірибесінің құрылымын қоршаған шындықты меңгеруге байланысты, шығармашылық және жобалау іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қарастыруға болады.

Бұл ең алдымен материалдар мен құрал-саймандардың негізгі түрлерінің атауларын, олардың негізгі қызметтерін, тұрмыстық және ауылшаруашылық еңбекті, материалдарды көркемдік немесе техникалық өңдеудің қарапайым технологияларын білуі, яғни когнитивтік тәжірибесі болып табылады.

Баланың еңбек субъектісі ретінде өзіне сенімділігі басқалардың көмегіне тәуелсіз етеді, жобалау әрекеті тәжірибесі өзін-өзі тануға, өз қабілеттерін саналай білуге, шығармашылық ахуалын жүзеге асыруға шығармашылық және ықпал етеді. Мектепке дейінгі кезеңнің соңына қарай жаңа психикалық құрылым, яғни субъектінің белгілі бір шынайы өмір саласындағы таңдамалығы мен өзін жүзеге асыруды еңбек іс-әрекетіне эмоциональдық құндылығы пайда болады. Еңбек субъектісі ретінде баланы жақын адамдарымен шынайы еңбек байланыстарына енгізу, қазіргі заман өміріне араласып, еңбекті тұлғалық мәнді құндылық ретінде саналауына мүмкіндік береді. Баланың осындай дамуын қамтамасыз ететін, ең тартымды еңбегінің түрі – қол еңбегіндегі тәжірибесі.

Қол еңбегі белгілі білімді, жақын аймақтағы байланыстарды, практикалық дағдыларды бекітуде күрделі тапсырмалар беріліп, ұзақ уақыт жаттығуды талап етеді. Қол еңбегінде маңызды орынды күрделі динамикалық жүйелері бар құралмен әрекеттер мен операциялар алады. Мұнда өңделетін материалға байланысты және қолдың қозғалыстары құралдың қозғалысын өзіне бағындырады. Балалар ересектердің жетекшілігімен құралмен әрекет етуде күрделі және сараланған дағдыларды (құралдық операцияларды) меңгереді, бірқатар құралдармен жұмыс (қарындаштар, қылқалам, қайшы, балға) ерекше дәлдік пен қозғалыстың тепе-теңдігін талап етеді. Дегенмен, баланың еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыруды басқаруда оның құрылымын білу қажет. Құрылым дегеніміз берік тұрақты байланыстан (қатынас) және элементтердің, зат бөліктерінің, құбылыстардың біртұтас үдеріс ретіндегі өзара қатынасынан тұрады. Көптеген әдебиеттерде денсаулық сақтау тәжірибесі, когнитивтік тәжірибе, шығармашылық тәжірибе, тұрмыстық іс-әрекет тәжірибесі, өзара қарым-қатынас тәжірибесі деп жіктелген. Зерттеу барысында жоғарыдағы тұжырымдарды негізге ала отырып, мектепалды балалардың еңбек іс-әрекеті тәжірибесінің құрылымы осы жастың ерекшелігіне байланысты когнитивтік тәжірибесі; заттық әрекет, ойын әрекеті, қол еңбегі тәжірибесі; бастапқы шығармашылық және жобалау әрекеті тәжірибесі; еңбекке эмоциональдық құндылық қатынасы тәжірибесі бойынша сатылай қалыптасатыны көрсетілген (1–сурет).



Сурет 1. Мектепалды балалардың еңбек іс-әрекеті тәжірибесінің құрылымы

Қазіргі мектепалды балалары еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесін отбасы, мектепке дейінгі білім беру ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары, сонымен қатар басқа адамдармен араласу, құрдастарымен, өзінен үлкен балалармен ойнау әрекетінде игереді.

Сөйтіп, мектепалды балаларына еңбек ету ұнайды деп сенімді түрде айтуға болады, бірақ олардың еңбекке деген көзқарасы және еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесі ересектер тарапынан болатын педагогикалық ықпалдың деңгейіне байланысты. Өкінішке орай, мектепалды балаларының еңбек іс-әрекетінің субъекті ретіндегі тәжірибесін қалыптастыру проблемасы мектепке дейінгі педагогика ғылымы мен практикасында аяғына дейін шешілмеген.

Біз өз зерттеуіміз бойынша ата-аналардың көбінің балаларды отбасында еңбекке баулу мәселесінен хабарсыз екендігіне және мектепке дейінгі ұйымдағы балаларды еңбекке дайындаудың мазмұны, тәсілдері және әдістері бойынша кәсіби дайындық деңгейі жеткіліксіз екендігіне көз жеткіздік.

Еңбек іс-әрекетінде арнайы біліктерді ғана емес, сонымен бірге жалпы танымдық біліктерді меңгеруі балалардың жеке тұлғасын кешенді дамытуға, олардың өзіндік даму және өзіндік білім алу қабілетіне бағытталған жалпы логикалық және психологиялық біліктерінің қалыптасуына ықпал етеді. Балалардың еңбегі ақыл-ой және практикалық іс-әрекеттің түрлерін қамтиды.

Өнімді іс-әрекетінде (сурет салу, мүсіндеу, аппликация, құрастыру) мақсат қою білігін меңгереді, белгілі күш жұмсауды, нәтиже алуға ұмтылуды үйренеді. Оқу іс-әрекетінде ересектің еңбегімен танысу және өзінің еңбегі арқылы бала оның қоғамдық мәнін түсінеді, еңбек және еңбек құралдары туралы білімі қалыптасады. Еңбек іс-әрекетін жоспарлау және нәтижеге жету біліктілігін игеріп, бірқатар тұлғалық сапалары қалыптасады. Мұны 5-6 жастағы балалардың еңбек іс-әрекетін меңгеру мүмкіндігінің психологиялық жаңа құрылымдарға ие болуымен түсіндіруге болады:

Мектепалды балаларын аталған көрсеткіштерге жеткізу үшін еңбек іс-әрекетінде мынандай кешенді шарттарды ескерген жөн:

- баланың сәбилік кезеңінен затпен әрекетін дамыту және тәжірибесін қалыптастыру;
- ойын іс-әрекетінің еңбекпен байланысына және оның дербес іс-әрекет ретінде қалыптасуына жағдай жасау;
- оқу әрекетінде баланың шығармашылық еңбегіне қолдау көрсету;
- білім, жалпы және арнаулы еңбек біліктерін, дағды, тұлғалық сапаларын қалыптастыруда оқу құралдарының бастауыш мектеппен сабақтастығын көздеу;
- еңбек іс-әрекетінің мазмұны мен технологиясының сабақтастығын қамтамасыз ету;
- еңбек іс-әрекетінің түпкі нәтижелері, пәндік білімдік құзыреті мен құзыреттілік кешенін бастауыш мектеппен сабақтастыра жетілдіру;
- мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі мен бастауыш мектеп мұғалімінің педагогикалық әрекетінің байланысын күшейту;
- бастауыш мектеп мұғалімінің баланың мектепке дейінгі кезеңде меңгерген еңбек іс-тәжірибесіне сүйенуі;
- мектепалды тобы балаларының еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесін қалыптастыру және шығармашылығын дамытуда жобалау әрекетінің мүмкіндігін пайдалану және оның әдістемесін дайындауда бастауыш мектеппен сабақтастығын сақтау;
- еңбек іс-әрекетінің сабақтастығын еңбектің мақсат, міндеттері, мазмұны, еңбекке үйрету әдістері, түрлері, еңбек құралдары құрылымдық элементтерінің сабақтастығын, өзара байланысын және өзара шарттастығын қамтамасыз ету;
- алты жастағы балалардың еңбек іс-әрекетіндегі тәжірибесін дамытуда мектепке дейінгі кезеңдегі қолданылған әдістер, формалар, ойын әрекетін қолдану.

Эксперимент мектеп алды ұйымдарда жүргізілді. Мақсаты: жыл мезгілдерімен байланыстыра отырып, еңбек түрлерімен, құрал-саймандармен таныстыру. Экспериментке балалақшаның ересек тобының 30 баласы қатысты. Сауалнама сұрақтары дайындалып, қорытындысы шығарылды.

Сұрақтар табиғат пен табиғатта атқарылатын еңбек түрлері мен ерекшеліктеріне байланысты болды. Деңгейлерін анықтау Е.Е Кравцованың әдістемесі негізінде жүргізілді.

Сауалнамада қойылған бірқатар сұрақтарға тоқталайық. Сұрақтар балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, талапқа сай құрылды:

1. Балалар жыл мезгілдерін атаңдар?
2. Жыл мезгілдерінің бір-бірінен айырмашылығын айтыңдар?
3. Көктемде жасалатын жұмыс түрлерін атаңда?
4. Жаз мезгілінде үлкендер қандай еңбекпен айналысады?
5. Күз мезгілінде жасалатын еңбек түрлерін атаңдар? т.б

Сонымен қатар, сұрақтың мазмұнына түсінбеген балаларға жеңілдете отырып қосымша сұрақтар беріледі. Сауалнама қорытындысы балабақшаларда балаларды еңбекке тәрбиелеу, еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру бағдарламада, жоспарла қарастырылғанымен өз деңгейінде өткізілмейтіндігі, отбасында ата-аналарының да еңбек тәрбиесіне мән бермейтіндігі балалардың еңбек түрлерін ажырата алмағандығынан, еңбектің қаншалықты деңгейде тұлға болып қалыптасуына қажеттілігін түсіндіре алмағандығынан белгілі болды. Эксперимент барысында балалардың көрсеткен көрсеткіші 44,8 %-ке болса, ал эксперимент өткізгеннен кейінгі атқарылған жұмыстардан кейін нәтиже 67,5 %-ке жеткен. Атқарылатын жұмыстарды Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт жіне мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы негізге ала отырып дайындалды[8]. Мысал: табиғат бұрышындағы және жер учаскелеріндегі еңбек түрлері тақырыбында жұмыстар жүргізілді. Балалар жылдың әр мезгілінде жасалатын еңбек түрлері мен танысып, оны өздері тікелей орындау мүмкіндігіне ие болады. Еңбек құрал жабдықтарын қалай пайдалануға болатындығына дағдыланады. Білім мен тәрбие берудің бұл формасы балалардың қызығушылығын оятып, түсінуге, білуге құлшынысын арттырады. Демек, тәрбиешілер балаларды еңбекке тәрбиелеуде тәжірибе барысында жүргізілетін әдістәсілдерді тиімді таңдай отырып, түрлендіре жүргізгені оң нәтиже береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Сенина Э.Э Педагогические условия реализации преемственности трудового обучения в образовательном комплексе «Детский сад-школа»: дис. ... канд. пед.наук. 13.00.01 – Екатеринбург, 1999. – 152 с.
2. Жиенбаева С. Бастауыш сынып оқушыларының еңбек іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастырудың ғылыми негіздері. Док.дисс. жұмысы. 329с.
3. Мелье Ж. Завещание. – М.: Мысль, 1942. – Т.2. – 368 с.
4. Аймауытов Ж. Психология. – Алматы: Санат, 1995. – 135 б.
5. Жарықбаев Қ. Психология: Энциклопедиялық сөздік./ Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 624 б.
6. Сағындықова Э.Ө. Өндірістің техникалық-экономикалық негіздері
7. Мұхамеджанова Ә.Педагогиканы оқыту әдістемесі: Оқулық: -Алматы:ЖШС РБПК «Дәуір», 2011ж.- 356 б.
8. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (1-қосымша) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

ФОРМИРОВАНИЕ ПРАКТИКИ ТРУДОВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДОШКОЛЬНИКОВ НА ПЕДАГОГИКО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОЙ ОСНОВЕ

Аннотация

Рассмотрены педагогико-психологические особенности детей дошкольного возраста. Обобщены объяснения трудовой деятельности в научных трудах. Проанализированы определения к слову практика и предусмотрена связь с трудовой деятельностью. Подготовлена структура трудовых навыков дошкольников. В основе педагогически и психологически сложных условий лежит подготовка дошкольников к труду. На основе методики Е.Е.Кравцовой проведена практическая работа, определен уровень формирования трудовой деятельности в дошкольных организациях.

Ключевые слова: дошкольная организация, труд, трудовая деятельность, опыт, личность.

FORMATION OF THE EXPERIENCE OF LABOR ACTIVITY OF PRESCHOOL CHILDREN ON A PEDAGOGICAL AND PSYCHOLOGICAL BASIS.

Abstract

The pedagogical and psychological features of preschool children are considered. The explanations of labor activity in scientific works are summarized. The definitions of the word "practice" are analyzed and a connection with labor activity is provided. The structure of labor skills of preschoolers has been prepared. The basis of pedagogically and psychologically difficult conditions is the preparation of preschoolers for work. Based on the methodology of E.E.Kravtsova, practical work was carried out, the level of formation of labor activity in preschool organizations was determined.

Keywords: preschool organization, labor, work activity, experience, personality.

ЭКОНОМИКА ҒЫЛЫМДАРЫ/
ЭКОНОМИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 06.52.01

Ж.М. Ағысбай¹, А.У. Қонақбаева²

¹² Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

²a_konakbayeva@bu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ДАМУ
МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Мақалада инновациялық қызметті дамыту мәселелері, Қазақстан Республикасының орнықты экономикалық өсуі үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған ауқымды саяси, экономикалық және әлеуметтік қайта құруларды жүргізу үшін Қазақстан экономикасының әртүрлі секторларына инвестициялар тарту мәселелері қаралды. Елдің инновациялық дамуы Қазақстанның стратегиялық міндеттерінің бірі болып табылады.

Түйінді сөздер: инновациялық даму, әлемдік индустрия, инновациялар индексі, инновациялық өнім, рейтинг.

Инновациялық даму қазіргі заманғы ғылымның, инновациялардың, жаңа технологиялар мен өнертабыстардың жетістіктерін экономикалық айналымға белсенді тартуды көздейді. Қаржылық және физикалық капитал айқындаушы факторлар болған алдыңғы кезеңдерден айырмашылығы, қазіргі уақытта инновациялық құрамдас бөлікке байланысты және шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің кірістілігі мен өзге де көрсеткіштеріне үлкен әсер ететін жаңа фактор басым мәнге ие болып отыр.

Әлемдік индустриалды державалардың тәжірибесі көрсеткендей, ХХІ ғасыр экономикасы ең алдымен жоғары технологиялар, ғылымды қажетсінетін өндірістер болып табылады. Әрине, Қазақстанның одан әрі экономикалық жаңғыруы жаңа ғылыми-техникалық әзірлемелерді пайдалану кезінде ғана өтуі мүмкін.

Қазақстан үшін инновациялық экономика - бұл шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде жаңа технологияларды құру, енгізу және коммерцияландыру есебінен экономикалық өсу жолындағы жүйелі шектеулерге ден қою тәсілі екені анық [1]. Қазіргі жағдайда қарыз алуға, жергілікті жағдайларға бейімделуге және жаңа технологияларды дамытуға негізделген инновациялық экономика ғана елдің бәсекеге қабілеттілігін, демек, осы ел халқының өмір сүру деңгейін айтарлықтай жоғары деңгейге көтере алады.

Еліміздің әрі қарай инновациялық дамуы барлық инвестициялар үшін, еңбек өнімділігі мен экспорттың өсуіне бағытталған инвестициялар үшін тиісті орта құруға байланысты.

Соңғы 5 жылда біздің еліміз жыл сайын 2 20 млрд-тан астам қаражат тартады. Жаһандық пандемия себебінен 2020 жыл, әлемдік инвестициялар ағыны 35%-ға қысқарған кезде ерекше жағдай болды [2]. 2021 жылы инвестициялық ағындар қалпына келіп, Қазақстан 3 23,7 млрд тартып, 37,7% өсім көрсетті. Инвестициялық саясаттың жаңа тұжырымдамасына сәйкес 2026 жылға қарай жыл сайынғы ТШИ ағыны 25,5 миллиард долларды құрауы керек.

Жалпы, 2021 жылы Қазақстанға инвесторлардың негізгі елдері АҚШ-та, Швейцарияда, Нидерландыда, Ресей Федерациясында, Бельгияда, Қытайда, Ұлыбританияда, Оңтүстік Кореяда, Франция мен Түркия болды [3].

Таукен өндіру өнеркәсібі – 18,3% – ға, өңдеу өнеркәсібі – 65,4% – ға, сауда – 46,7% - ға, қаржы және сақтандыру қызметі – 57,2% - ға, құрылыс-37,8% - ға барлық негізгі салалар бойынша өсім байқалды. Бұнда, білім беру, денсаулық сақтау салаларында инвестициялардың төмендеуі – 61,6% – ға, сумен жабдықтау – 74,4% - ға болды.


Өз кезегінде, 2021 жыл нәтижесі бойынша шетел инвестицияларын тартқан нысаналы көрсеткіштер 11 аймақтар бойынша асыра орындалған. Ең көп үлесті Маңғыстау, Түркістан облыстары мен Астана қаласы көрсеткен. Жамбыл, Солтүстік Қазақстан және Ақмола облыстары нысаналы көрсеткіштері төмен болды.

Инновацияларды дамыту деңгейі бойынша рейтингте Қазақстан 132-ден 79-орынды иеленді. Рейтинг – әлем елдерінің инновациялық даму көрсеткіштерінің кешені.

Инновациялар индексі экономикалық дамудың әртүрлі деңгейлеріндегі елдердің инновациялық дамуын егжей-тегжейлі сипаттайтын 80 түрлі айнымалыларды қамтиды.

Инновацияларды дамыту деңгейі бойынша 2021 жылғы рейтингте Қазақстан 132 елдің ішінен 79-шы орынды иеленді. ҚР индексі 28,6 құрады. Рейтингті Швейцария, Швеция және АҚШ ашады, Ангола жабады.

ТМД елдерінің арасында Қазақстаннан жоғары рейтингте Ресей, Украина, Беларусь, Молдова және Армения, төмен — Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан және Тәжікстан болды [4].




Сурет 1. Инновацияларды дамыту деңгейі бойынша елдердің рейтингі

Дереккөзі: Ranking.kz Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде жасалған.

ҚР АӘК Ұлттық статистика бюросының зерттеуіне сәйкес, 2021 жылға 28,2 мың компанияның тек 3 мыңы инновацияларды пайдаланады. Инновация саласындағы белсенділік деңгейі 10,5% құрады.

Өңірлік бөліністе инновациялар белсенділігінің ең жоғары деңгейі елорда компанияларында байқалды – 13,5%. Көшбасшылар үштігіне Қарағанды (13%) және Ақтөбе (12,5%) облыстары да кірді. Инновациялар саласындағы ең аз белсенділік Павлодар облысының компанияларында тіркелді - барлығы 5,2%.



Сурет 2. Инновациялар саласындағы белсенділік деңгейі

Дереккөзі: Есептеулер Ranking.kz Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің ұлттық статистика бюросының деректері негізінде жасалған.

2021 жылы инновациялық өнім көлемі 1,4 трлн теңгені құрады - өткен жылмен салыстырғанда 16,1% - ға аз. Өңірлік бөліністе ең көп инновациялық өнім Қостанай облысында құндық мәнде шығарылды – 379 млрд теңге, оған қоса жылына 8,6%. Топ-3 өңірге Қарағанды және Ақмола облыстары да кірді. Маңғыстау облысында ең аз инновациялық өнім шығарылды.

Біздің ойымызша, инновациялардың жаһандық рейтингін кешенді бағалау Қазақстан Республикасында инновациялық қызметтің даму деңгейін көрсетеді.

Осылайша, Қазақстанның инновациялық дамуы жөніндегі стратегиялық міндетті іске асыру ұзақ мерзімді инновациялық бағдарламаны, оның ішінде тиімді ғылыми-техникалық жүйені дамыту жөніндегі нақты жолдар мен шараларды көздейтін бағдарламаны әзірлеуді және орындауды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%98%D0%BD%D0%BD%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D1%86%D0%B8%D1%8F%D0%BB%D1%8B%D2%9B_%D1%8D%D0%BA%D0%BE%D0%BD%D0%BE%D0%BC%D0%B8%D0%BA%D0%B0
2. <https://qic.kz/ru/news/press-releases/2096/>
3. ИННОВАЦИИ. 2021/Источник: <https://ranking.kz/reviews/regions/innovacii-2021.html>
4. <https://www.gov.kz/memleket/entities/stat?lang=kk/>

ПРОБЛЕМЫ РАЗВИТИЯ ИННОВАЦИОННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье рассмотрены вопросы развития инновационной деятельности, проблемы привлечение инвестиций в разные сектора экономики Казахстана, для проведения крупномасштабных политических, экономических и социальных преобразований, направленных на создание благоприятных условий для устойчивого экономического роста Республики Казахстан. Инновационное развитие страны является одной из стратегических задач Казахстана.

Ключевые слова: инновационное развитие, мировая индустрия, индекс инновации, инновационный продукт, рейтинг.

PROBLEMS OF INNOVATION DEVELOPMENT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Abstract

The article deals with the development of investment and innovation activities, the problems of attracting investment in various sectors of the economy of Kazakhstan, for large-scale political, economic and social transformations aimed at creating favorable conditions for sustainable economic growth of the Republic of Kazakhstan. Innovative development of the country is one of the strategic objectives of Kazakhstan.

Keywords: innovative development, global industry, innovation index, innovative product, rating.

МРНТИ 82.33.13

Г. Кузенбай¹, М.Г. Кайыргалиева²

¹²Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

¹ruslan19840304@mail.ru

«ҚАЗХРОМ» ТРАНСҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа

Жоғарыда келтірілген мақалада нақты ұйым мысалында Қазақстан ұйымдарын стратегиялық жоспарлаудың ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу объектісі ретінде нақты ұйым келтірілген, оның нәтижесінде кәсіпорынның өнімділігін талдау үшін мәліметтер анықталған.

Ұйым құрылу тарихынан бастап еңбек өнімділігін арттыруға дейін талданатын кәсіпорынның стратегиялық дамуының негізгі факторы ретінде қарастырылады.

Түйінді сөздер: стратегиялық жоспарлау, еңбек өнімділігі, кәсіпорын белсенділігі, кәсіпорын қызметінің тиімділігі, экономикалық өсу, пайда.

Компанияның кең және жоғары сапалы ресурстық базасында құрамында орташа хромы мөлшері 50,0 % тең болатын 220 млн т. астам хром бар. Ағымдағы өндіру деңгейі кезінде хром кен орнының игеру мерзімі 40 жылдан артады, бұл өндірісті ұлғайту үшін көптеген мүмкіндіктер туғызады.

Қосымша кен қорларын анықтау және баланса қою және кен орнын өңдеу мерзімін ұзарту мақсатында техникалық және геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде.

Компанияның біріктірілген өндірістік тізбегіне Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары, сондай-ақ Дөң тау-кен байыту комбинаты кіреді.

Өзінің вертикалды біріктірілген құрылымының арқасында Компания бар стратегиялық сатып алулар, энергиямен жабдықтау, көмірді жеткізу мен логистикадан барынша көп пайда алуы мүмкін [1].

«Қазхромның» негізгі өнім түрлері төменгі деңгейлі қоспалары бар жоғары, орта және төменгі көміртекті феррохромдар болып табылады.

Феррохромдық өнім жай тот баспайтыннан бастап қоспалы және құрылымдыға дейінгі коррозияға төзімді болаттардың әр түрлі өндірісінде пайдаланады. Концентрат әр түрлі маркалы болат өндірісі кезінде қорытпа қоспасы үшін пайдаланады.

Марганец және хром кені ферроқорытпа өндірушісімен, сондай-ақ химиялық өнеркәсібі кәсіпорындарына тікелей жеткізіледі [2].

«Қазхромның» әртараптандырылған жаһандық клиенттік базасының құрамына Қытайдағы, Жапониядағы, Оңтүстік Кореядағы, АҚШ және ТМД елдеріндегі тот баспайтын болат және тазартылған қорытпалардың көптеген ірі өндірушілері кіреді.

«Қазхромның» дамыған теміржол қатынасының арқасында Қытайдың материктік бөлігіне, Ресейдің Владивосток портына ыңғайлы шыға алады, осы арқылы Жапония, Оңтүстік Корея және Қытайдың арал бөліктерінің нарықтарына жеткізілімді жүргізеді.

Әлемнің жетекші компаниялары «Қазхромның» стратегиялық клиенттері болып табылады [3].

2030 ж. дейін тот баспайтын болатқа сұраныс жылына 3,9% ұлғаяды деп күтілуде, бұл өндіріс үшін шикізаттың негізгі түрі болып табылатын феррохром және хром кеніне деген сұранысты арттырады.

Жетекші консалтингтік агенттіктердің болжамы бойынша 2030 ж. дейін феррохромның әлемдік нарықта өсу деңгейі жылына 2,5% құрайды, ал 2020 ж. нарықта ұсыныс тапшылығы болады.

«Қазхром» маңызды өндірісті ұлғайту мен табыстылықты арттырудың арқасында нарықтағы өсім мен күтілетін тапшылық ұсынысынан алынатын пайда бағаны құрудың барлық тізбегінде бар қуаттылықты кеңейтудің үлкен көлемдегі стратегиялық бағдарламасын жүргізеді [4].

Жоғары деңгейдегі тәжірибелі басшылар, тау-кен өндіру және металлургия саласында орташа жұмыс тәжірибесі 25 жылдан артады және өз еңбек жолының көпбөлігінде «Қазхромда» жұмыс жасады [5].

Соңғы үш жылда «Қазхром» қолданыстағы кәсіпорындарда жөндеу және техникалық қызмет көрсету және де жабдықтардың тиімділігі мен сенімділігін арттыру, өндірістік қуаттылықтарды кеңейтуге айтарлықтай қаржы көлемін салды. «Қазхром» өзіне 180 астам бастамалар кіретін операциялық тиімділікті арттыру бойынша іс-шаралар жоспарын белсенді жүзеге асыруды жалғастыруда. Топ өндірісті өрбіту және минералды-шикізат базасын игеруді одан әрі дамыту мақсатында Ақсу және Ақтөбе ферроқорытпа зауыттарында және Дөң КБК ауқымды жобаларды жүзеге асыруда.

Бизнесті дамыту бойынша соңғы маңызды бастамалар деп Ақтөбе ФЗ № 4 цехының құрылысын, Ақсу ФЗ № 6 цехын қайта құру және «Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» шахтасын ұлғайтуды айтуға болады.

Ақтөбе ферроқорытпа зауытының № 4 цехы — әлемдегі бірінші тұрақты тоқты жабық электрпешті ірі зауыт. Бұл инновациялық өндірістік нысанның құрылысы 2009 жылы басталды, ал 2014 жылы алғашқы өнім алынды. Зауыт құрылысының негізгі мақсаттарының бірі — ағымдағы күрделі шығындармен бірге операциялық шығындарды қысқартуға алып келетін агломерацияның жеке бөліктерінде қажеттіліксіз ұсақтарды қайта балқыту болды.

Цех құрамына өзінің барлық тиісті инфрақұрылымдары бар пештер кіреді (кірме жолдарымен, шихтаны тиеу және дайындау цехымен, балқыту цехымен, уатып-іріктелген қондырғымен, қож құю учаскесімен, қожды қайта өңдеу және газ тазарту жүйесі бар кешенімен).

Орнатылған қуаттылық пен пайдаланылатын технологиялар бойынша теңдесі жоқ зауыт. Жоба мақсаты — бір мезгілде операциялық шығындарды қысқарту және цех қызметінің мерзімін ұзарту кезінде жоғарғы көміртекті феррохром өндірісін одан әрі арттыру үшін Ақсу ферроқорытпа зауытының № 6 әрекеттегі төрт пешін қайта құру. Пештердің қайта құрылуы 2017 жылы басталды, 2019 жылы № 64 пешті іске қосу сәтті аяқталды.

«Қазақстан Тәуелсіздігіне 10 жыл» шахтасының өндірістік қуатын екі есе ұлғайту мүмкіндігі бар. Жүзеге асыруға жоспарланған жобаларға 2019 жылы желдеткіш ұңғымасын және 2023 жылы шахталық ұңғыманы іске қосуды енгізу кіреді.

«Қазхромның» стратегиялық басқаруы әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, кәсіпқойлық және құзыреттілікке негізделген. Тиімді корпоративтік басқару құрылымы «Қазхром» қызметіне мүдделі барлық тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді білдіреді және оның табысты жұмыс істеуіне, соның ішінде нарықтық құнның өсуіне, қаржылық тұрақтылық пен табыстылықтың сақталуына ықпал етеді. «Қазхромның» корпоративтік басқару қағидаттары Қоғамды басқаруға байланысты туындайтын қарым-қатынастарға сенім орнатуға бағытталған және 2017 жылғы 13 наурыздағы Акционерлердің жалпы жиналысында бекітілген Корпоративтік басқару кодексінде қамтылған барлық ережелер мен ұсыныстардың негізі болып табылады.

Стратегиялық басқарудың негізгі қағидаттары

1. «Қазхром» акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидаты акционерлердің «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негізгі құқықтарын іске асыруды және олардың тиімді қатысуын қамтамасыз етеді. негізгі корпоративтік басқару шешімдерін қабылдау кезінде акционерлер.

2. Директорлар кеңесі мен атқарушы органның Қоғамды тиімді басқару принципі Директорлар кеңесінің қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау, Қоғам қызметіне жалпы басшылық ету қағидатына негізделеді және оның нарықтық құнын арттыру. Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді, корпоративтік жанжалдарды бақылайды және реттейді. Басқарманың қызметі акционерлердің мүдделерін барынша сақтау принципіне негізделген және акционерлердің жалпы жиналысы мен «Қазхром» АҚ Директорлар кеңесіне толық есеп береді.

3. «Қазхром» компаниясының қызметі туралы ақпаратты ашудағы ашықтық пен объективтілік қағидаты акционерлер мен инвесторлардың мүліктік және өзге де құқықтарына елеулі әсер етуі мүмкін оның қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты жедел ашады, сондай-ақ жедел түрде ашады. және «Қазхром» Жарғысында көрсетілген шарттарда акционерлердің өтініштеріне толық жауап береді.

4. Заңдылық пен әдеп қағидалары Қазхром Қазақстан Республикасының заңнамасына, іскерлік этиканың жалпыға бірдей қабылданған қағидаттарына (әдет-ғұрыптарына) және Қоғамның ішкі құжаттарына қатаң сәйкес әрекет етеді. Қоғамның ішкі құжаттары заңнама талаптары мен корпоративтік және іскерлік этика нормалары негізінде әзірленеді.

5. Тиімді дивидендтік саясаттың қағидаттары «Қазхромның» дивидендтік саясаты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қатаң сәйкестікте жүзеге асырылады.

6. Тиімді кадр саясатының қағидаттары «Қазхром» корпоративтік басқаруы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында көзделген өз қызметкерлерінің құқықтарын қорғауға

негізделген және «Қазхром» мен оның қызметкерлері арасындағы әлеуметтік мәселелерді шешуде және еңбек тәртібін реттеуде серіктестікті дамытуға бағытталған. шарттар.

7. Қоршаған ортаны қорғау қағидасы Қазхром өз қызметі барысында қоршаған ортаға ұқыпты және ұтымды қатынасты қамтамасыз етеді.

8. Корпоративтік қақтығыстарды басқару саясатының принципі Корпоративтік қақтығыстар туындаған жағдайда қатысушылар акционердің құқықтарын да, Қазхромның іскерлік беделін де тиімді қорғауды қамтамасыз ету мақсатында келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді. Егер корпоративтік жанжалдарды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, олар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қатаң түрде шешілуге тиіс. Қазхром өзінің барлық юрисдикцияларында, соның ішінде жер қойнауын пайдалану құқығында, сондай-ақ табиғи монополиялар саласында әртүрлі заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкес жұмыс істейді [6].

Компания өмірлік цикл бойына көмірқышқыл газының шығарындыларын талдайды (оның ішінде тікелей және жанама парниктік газдар шығарындылары), бұл оның жұмысын энергияны тиімдірек және көміртекті аз тұтынатын етеді. Сонымен қатар, бұл компанияның тұтынушыларына өз өнімдерінің көміртегі ізін бағалауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. <https://www.kazchrome.com/kz/business-overview/overview/>
2. <https://www.kazchrome.com/kz/business-overview/overview/#areas-of-use>
3. <https://www.kazchrome.com/kz/business-overview/overview/#customers>
4. <https://www.kazchrome.com/kz/business-overview/overview/#market>
5. <https://www.kazchrome.com/kz/business-overview/overview/#management>
6. <https://www.kazchrome.com/kz/business-overview/key-development-projects/>

ИСТОРИЯ И ПРИНЦИПЫ СТРАТЕГИЧЕСКОГО ПЛАНИРОВАНИЯ ТРАНСНАЦИОНАЛЬНОЙ КОМПАНИИ " КАЗХРОМ»

Аннотация

В приведенной статье рассматриваются особенности стратегического планирования организаций Казахстана на примере конкретной организации. В качестве объекта исследования приведена конкретная организация, в результате исследования которой выявлены данные для анализа производительности предприятия.

Организация рассмотрена, начиная с истории создания до повышения производительности труда, как основного фактора стратегического развития анализируемого предприятия.

Ключевые слова: стратегическое планирование, производительность труда, деятельность предприятия, эффективность деятельности предприятия, экономический рост, прибыль.

HISTORY AND PRINCIPLES OF STRATEGIC PLANNING OF THE TRANSNATIONAL COMPANY " KAZCHROM"

Abstract

The article discusses the features of strategic planning of organizations in Kazakhstan on the example of a specific organization. As an object of research, a specific organization is given, as a result of the study of which data for analyzing the productivity of the enterprise are revealed.

The organization is considered, starting from the history of creation to the increase in labor productivity, as the main factor of the strategic development of the analyzed enterprise.

Keywords: strategy planning, labor productivity, enterprise activity, enterprise activity efficiency, economic growth, profit.

ТЕХНИКА ҒЫЛЫМДАРЫ /
ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ

МРНТИ 86.01

Б.Р. Исакулов¹, У. К. Акишев², Ә. А. Бақтыбай³, Ж. А. Әлібеков⁴, Т.Ж. Қабдолов⁵¹Баишев университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы²³⁴⁵Қазақ-Орыс халықаралық университеті, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы¹e-mail: mr. Baizak@mail.ruҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАУ-КЕН ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС САЛАЛАРЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК
ЖАРАҚАТТАНУДЫ ТАЛДАУ ЖӘНЕ БОЛЖАУ

Аңдатпа

Мақалада ТМД елдері мен Қазақстанның электр энергетикасы кәсіпорындарындағы жарақаттанушылықты зерттеу мәселелері қаралады. Тау-кен байыту, мұнай-газ және құрылыс секторының кәсіпорындары мен салаларында жарақаттану себептерінің туындауын және оларды шешу жолдарын зерттеу соңғы жылдары зерттеушілердің үлкен назарын өзіне аударады және осы мәселені зерделеу Қазақстанның батыс өңірлерінде өзекті болып табылады. Аталған мәселені зерттеу үшін Ақтөбе облысы Дөң тау-кен байыту комбинатының электр цехында жарақаттану жұмыстарына талдаулар жүргізілді. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде тау-кен байыту, мұнай-газ және құрылыс секторының кәсіпорындары мен салаларында, сондай-ақ Қазақстанның электр энергетикасы кәсіпорындарында еңбекті қорғау, жарақаттану қауіпсіздігі техникасы бойынша теория мен практиканың қазіргі заманғы ережелері болды. Жұмыста статистикалық әдіс, салыстырмалы талдау, нормативтік құжаттаманың контент-талдауы, модельдеу әдістері пайдаланылған. Сондай-ақ жарақаттану қауіпі бар учаскелерді анықтау үшін статистикалық әдіс пайдаланылды және Кинней әдісі бойынша қауіптілік тәуекелін сандық түрде бағалау әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері бойынша 1 жылдан 4 жылға дейінгі еңбек өтілі бар, білікті маман болып қалыптасатын және жұмыс жағдайына бейімделетін жұмысшылар ең көп жарақат алу қауіпі бар болып табылатыны анықталды. Зерттеу нәтижелері бойынша жазатайым оқиғалардың жиі кездесетін себебі еңбек қауіпсіздігі, еңбекті қорғау ережелерін бұзу болып табылатыны анықталды. Жазатайым оқиғалардың мән-жайларын зерделеу және олардың себептерін анықтау жазатайым оқиғалар мен төтенше жағдайлардың қайталануына жол бермейтін профилактикалық іс-шараларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Кинней әдісі бойынша жүргізілген зерттеулер бойынша Дөң электр цехындағы қауіп-қатерді сандық бағалау қолайлы болып табылатыны анықталды. Алынған зерттеу нәтижелерін ТМД елдері мен Қазақстанның электр энергетикасы кәсіпорындарында пайдалануға болады.

Негізгі сөздер: Электр энергетикасы, қауіп, жазатайым оқиға, апат, жарақат, электр цехы, статистикалық әдіс, Кинней әдісі.

Кіріспе. ТМД елдерінде және оның ішінде Қазақстан өңірлерінде тау-кен байыту, мұнай-газ және құрылыс салаларын дамытудың қарқынды өсуіне байланысты кәсіпорындардағы еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы мәселелеріне өте жауапты көзқарасты талап етеді. Тау-кен байыту, мұнай-газ және құрылыс секторындағы кәсіпорындарда жарақаттану себептерінің туындауын және оларды шешу жолдарын зерттеу соңғы жылдары ТМД елдері мен шет елдердің ғалымдарының үлкен назарын өзіне аударады

және сондай-ақ осы мәселені зерттеу Қазақстанның электр желісі шаруашылығы объектілерінде өзекті мәселе болып табылады.

Адъектив номинативті фразеологизмдердің образды, ауыспалы мағынасының қалыптасуының негізіне метафоралық ауыспалы мағына негіз болып қаланған. Мысалы, екі езуі екі құлағында тіркесінің мағынасы – өте көңілді. Салқын ойлы фразеологизмінің салқын сыңары метафоралық мағынада қолданылғанда, өз ойын таразылап, кесіп айтатын адамға байланысты айтылатын фразеологиялық мағына өрбіген. Бұлардың бір ерекшелігі, олар өзінен кейін анықталатын сыңарды керек етіп тұрады, мысалы, кісі бетіне қарап көрмеген – адам. Осы тұлғалас субстантив номинативтік фразеологизмдер өз алдына жеке тұрып қолданыла береді [5, 152].

Қазақ тіліндегі су жаңа, қыпша бел, тас қараңғы сияқты сын есім мағыналы фразеологизмдер бейнелі емес мағына негізінде фразеологияға айналған. Мұндағы анықтауыш – анықталған тіркестегі соңғы сыңар өзінің негізгі мағынасын сақтаған да, анықтауыш сыңар ауыспалы мағынада қолданылған, оның мағынасы бейнелі емес байлаулы мағына. Адъектив фразеологизмдердің анықтауыш сыңары да осылай жасалады. Мысалы: сасық бай, егіз қозылы, сегіз қырлы.

Кейбір адъектив номинативтік фразеологизмдердің фразеологиялық мағынасы олардың құрамындағы сыңарлары мағыналарының солғындауынан, көмескіленуі, әлсіреуі негізінде жасалған. Мысалы: құмырсқа бел, құралай көз, ортан қолдай, бос белбеу. Фразеологизм компоненттерінің лексикалық мағыналарының солғындауы нәтижесінде ол компоненттер ауыспалы жалпылаушы мағынаға ие болады, бірақ өз мағыналарынан толық айрылмайды.

Бұл процесте компонент жаңа мағынаға ие болмайды да, тек анықтауыштық мәндегі қызметке ие болады. Мысалы: аспан айналып жерге түскендей фразеологизмінде семантикалық өзгеріске түскен бөлік «аспан айналып жерге түскендей» онымен міндетті түрде тіркесуге тиіс «ыстық» сөзінің мағынасын күшейтіп тұр. Көнеленген сөздер негізінде фразеологияға айналған, мағынасы дамыған, өзгерген адъектив фразеологизмдер аз да болса кездеседі. Мысалы: құйысқаны берік, қыдыр дарыған, негізі жарымаған, өз аяғынан келген, кем несібелі тіркестері белгілі бір астарлы мән беріп қолданылады.

Эллипсистік тіркестер қатарына мынадай адъектив фразеологизмдерді жатқызуға болады: «Ай десе аузы бар, күн десе көзі бар» орнына «ай десе аузы, күн десе көзі бар» деп қоладнылады да, семантикалық өзгеру мәне анық көрінеді. Мұндай белгілі бір құрамын түсіріп айтқаннан, фразеологиялық мағынасы бұзылмайтын, жетіспей тұрған сыңарларын оңай орнына келтіруге болатын фразеологизмдерді шынайы эллипсистік фразеологизм деуге болады. Көптеген фразеологизмдердің бастапқы тіркес я сөйлем құрамындағы еркін құрылымдардан осындай жолмен пайда болғандығы байқалады, бірақ тілдің қазіргі күнгі даму жағдайында оларды этимологиялық талдау жасап қана анықтау мүмкін [6, 334].

Фразеологизмдердің халық этимологиясы негізінде туып, мағына жағынан өзгеруі тіліміздің арғы тарихының кезеңдерінен бері жалғасып келе жатқан құбылыс. Халық этимологиясы тұрғысынан мағына өзгертуде фразеологизмнің компоненттерінің бірі омониммен ауыстырылады, немесе оған жақын сөзбен алмастырылады. Мұндай ауыстыру негізінде тіркес фразеологиялық сипатқа өтеді. Өйткені сыңары ауысқан тіркестің жаңа құрамдағы сыңарларының фразеологизм ие болған бүтін мағынада үлесі болмай қалады, сыңарлар арасындағы бұрынғы логикалық-семантикалық байланыс бұзылады. Халық этимологиясы тұрғысынан тек фонетикалық белгісі негізінде ғана фразеологиялық мағына өрбиді, немесе семантикалық өзгеріс болады деуге болмайды. Бұл жерде семантикалық факторлар шешуші қызмет атқарады.

Фразеологизмдердің құрамындағы сыңарлардың ауысуы, немесе мағынасының бұзылуы көбіне энтотсихологиялық факторларға байланысты, өйткені халық өз сөзін бейнелірек, әсерлірек деткізуге тырысады. Көп жағдайларда адъектив фразеологизмдердің семантикалық өзгеріске түсуінің бұл формасы салыстыру мәніндегі формаларға тән. Салыстырмалы фразеологизмдерге салыстыру мәніндегі компонент ауыстырылады. «Кішілігі болмаса, құдды түйе сияқты» дегенде «кішілігі болмаса, құдды соның өзі» деп ауыстырып, астар, бейнелі өң беріп, бір жақсы я жаман адаммен салыстыру сөйлеуде кездесе береді. Бейнелі, метафоралық мағына әрқашан нақты мағынаның негізінде туады, сол сияқты фразеологизм де бір кездері де, қазір де, бір жағынан нақты мағынаға ие болған болуы тиіс, өйткені фразеологизмдердің шыққан тегі – еркін сөз тіркестері мен сөйлемдер. Бұдан барлық фразеологизмдер тек осы жолмен жасалады деуге болмайды, өйткені салыстырмалы фразеологизмдер түгелдей образды, бейнені салыстыру негізінде пайда болған, мысалы: өгіздей өңкиген, құмырсқадай құжынаған, аюдай ақырған сияқты. Бұл фразеологизмдердің сыңарында нақты мағынадан гөрі күшейтпелі, салыстырмалы белгіге құрылған бейнелі мағына басым.

Салыстырмалы мәндегі фразеологизмдердегі салыстырушы сыңар бейнелеу мағынасында болғандықтан, тіркесі түгелдей жалпылаушы мағынаға өткен. Салыстыру мәнді фразеологизмдер болсын, я басқа фразеологизмдердің семантикалық топтары болсын, әр түрлі кезеңдерде лингвистикалық заңдылықтардың да, тілден тыс заңдылықтардың да әсерінен бірте-бірте фразеологияға айналғандығын атауға болады. Мысалы, «наушаруандай әділ», «әкесіндей әділ», «ұстазындай әділ» деген тіркестердің алдыңғы екеуінде адам адаммен, яғни бір тектес тақырыптық топқа жататын заттар салыстырылса, үшінші тіркесте жалпы әділдік өлшемі бейнеленетін дара тұлғамен салыстырылып тұр. Бұл жерде наушаруан нақты кісі аты емес, аңызға айналған тұлға атауы, әділдіктің белгісі ретінде танылады. Демек, нақты шындық болмыс заттарын я олардың қасиет, белгілерін салыстыру бейнелілікке құрылмайды, ол анық, көпшілікке белгілі нәрсені белгілейді. Жалпылама мағыналы затпен салыстыру негізінде бейнелі салыстыру мәнді фразеологизмдер пайда болған [7,13].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі./ Ғ.Қалиев -Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. -439 б.
2. Ильяс И. М. Қазақ тіліндегі субстантив фразеологизмдердің лексикалық варианттары салыстырмалы түрде / И.М. Ильяс. «Орталық Азия және Қазақстан Түркі мәдениетінің бастауы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция еңбектері. – Тараз, 2006. 25-26-мамыр.
3. Садықбекова Б. А. К вопросу о номинативной природе фразеосочетаний в английском и казахском языках/ Б.А. Садықбекова «Қазақстан қоғамы: Ұлттық басымдылық және

бәсекеге қабілеттіліктің шешуші факторлары» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференция еңбектері. – Тараз, 2007. – 341-343с. 2-том.

4. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі / Ғ.Қалиев. -Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. -439б. - ISBN9965-409-88-9
5. Авакова Р.Ә. Фразеологиялық семантика / Р.Ә. Авакова. - Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 152 б.
6. «Қазақ энциклопедиясы» Алматы, 1998.- 352 б.
7. Мамаев М. Фразеологизмді сөз тіркестері / М. Мамаева. - ҚДА, Алматы, 2004. -29 б.

СЕМАНТИЧЕСКАЯ СТРУКТУРА СУБСТАНТИВНЫХ НОМИНАТИВНЫХ И АДЪЕКТИВНЫХ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ

Аннотация

В статье рассказывается о семантической структуре субстантивных номинативных и адъективных фразеологизмов. Большинство субстантивных номинативных фразеологизмов в казахском языке созданы в результате развития производного значения. Их производное значение основано на переносном, переносном значении. Подтекст субстантивных номинативных фразеологизмов рожден на основе способов создания различных вариативных значений. В субстантивных номинативных фразеологизмах изменение значения компонентов или переход значения целого ряда в производное значение, использование в переносном смысле реализовано метафорическим способом. Также имела место кумулятивная функция метафоры. Смысл каждого фразеологизма заложен исключительно в себе.

Ключевые слова: субстантивные номинативные фразеологизмы, адъективные фразеологизмы, метафорический сдвиг, метонимия, эллипсисский феномен, этимология.

SEMANTIC STRUCTURE OF SUBSTANTIVE NOMINATIVE AND ADJECTIVAL PHRASEOLOGICAL UNITS

Annotation

The article deals with the semantic structure of noun nominative and adjective phraseology. Most of the substantive nominative phraseologies in the Kazakh language are formed as a result of the development of derivative meanings. Their derivative meaning is based on figurative, figurative meaning. The metaphorical meaning of substantive nominative phraseology is based on different ways of creating variable meanings. In nominative phraseology, the substance is realized through the metaphor of changing the meaning of components or the transition of the meaning of the whole sequence to the derived meaning, its use in a figurative sense. The cumulative function of the metaphor also took place. The meaning of each phraseologism is established only for itself.

Keywords: substantive nominative phraseology, adjective phraseology, metaphorical meaning, metonymy, elliptical phenomenon, etymology.

МРНТИ 16.21.49

Бекжанова Ж.А.

Баишев Университет, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

jadik.07@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ БІРЛІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ТӘСІЛДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени болмысын анықтаудағы зерттеу тәсілдері, біртұтас тұтастығы және шығармашылық ойлау ерекшеліктері қарастырылған.

Сонымен қатар фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени болмысын ашатын, ұлттық менталитеттің тілдік ойлау қызметі, ерекшеліктері, ең қолайлы зерттеу әдістері туралы мәліметтер берілген. Лингвомәдениет, қарама-қарсылық, лингвомәдениеттану және когнитивтік тәсілдерді біріктіріп қолдану тілдің фразеологиялық жүйесінің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің толық көрінісін қалыптастыруы туралы айтылған.

Түйінді сөздер: зерттеу тәсілі, зерттеудің міндеті, тілдік-аймақтық тәсіл, менталитет, лингвомәдениеттанулық тәсіл, фразеологиялық бірлік, өзіндік бақылау, салыстыру, лингвомәдени бағыт

Тілдің фразеологиялық жүйесінің ұлттық-мәдени ерекшелігі мәселесі қазіргі уақытта көптеген тілді зерттеуші мамандардың зерттеу нысанына айналған. Осы тақырыпқа көп көңіл бөлінуге байланысты мәдениет пен тілдің мәселесіне деген қызығушылықтың күрт өсуі туындады. Тіл білімінің антропологиялық парадигмасы аясында дамудың жаңа серпілісі пайда болды. Тілді адаммен, оның ойлауымен, санасымен және рухани-тәжірибелік қызметімен тығыз байланысты антропологиялық лингвистика шеңберінде зерттеуге арналды [2, 49].

Адам мен тілдің біртұтас теориясын жасау қажеттілігі тілдің фразеологиялық жүйесіне табиғи жүгінуді қажетті етті, ол ең ерекше ұлттық және өзіндік детерминацияланған құбылыс. Л.И.Ройзензонның айтуынша, «Адам тілінің барлық туындыларының ішінде ең күрделі және ерекше құбылысы – фразеологизмдер болып табылады» [1, 69].

Сонымен қатар фразеологизмдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі мәселесі таза тілдік шеңберден шығып, оны қазіргі тіл білімі үшін өзектілігі артып келе жатыр. «Мәдениет және тіл», «Ойлау және тіл» сияқты мәселелерге қатысты дамытуды талап етеді. Д.О.Добровольский ұлттық ерекшеліктерді зерттеудің екі тәсілін атап көрсетті.

- Зерттеудің алғашқы тәсілі – салыстыру тәсілі деп аталады. Онда бір тілдің басқа тілге қатысты ұлттық-мәдени ерекшелігі анықталады.

- Зерттеудің келесі тәсілі – өзіндік бақылау тәсілі деп аталады. Осы тәсілде тілдің ұлттық басты ерекшелігі сөйлеушінің көз қарасымен қарастырылып, өзіндік талдау мен өзіндік бақылау жұмысы жүзеге асырылады. [5,71].

Салыстырмалы тәсілде екінші тілдің тұрғысында халықтың дәстүрлі мәдениеті тұрғысында түпнұсқа болып табылған бір тілдің келесі тілге қатысты барлық фактілері нақты деп танылады. Сонымен қатар, нақты фактілер ретінде бөлінген көптеген фактілердің басқа тілдер мәдениеттерінде орын алудың маңызы жоқ.

Өзіндік бақылау (интроспективті) көзқарас басқа тілдер мен мәдениеттердің ерекшеліктеріне қарамастан негізгі ұлттық-мәдени белгілердің болуы идеясына негізделген.

Зерттеудің міндеті – тілдің ұлттық ерекшелігі неде деген сұраққа сөйлеушілердің көз қарасымен жауап беру. Осындай жағдайда ең қолайлы зерттеу әдістері ана тілінде сөйлейтіндердің тиісті тілдік фактілерге қатынасын анықтауға бағытталған ақпарат берушілерден сауалнама немесе әртүрлі сынақтар болып табылады. Мысалға айта кетсек, негізгі ұлттық ерекшеліктің бар екені туралы сигнал шетелдіктің аузында бұл мәлімдеменің орынсыздығы туралы пікір болуы мүмкін.

Фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің басты мәселесі қозғалғанда, қазіргі уақытта тіл білімінде фразеологизмдердің ұлттық-мәдени компонентін анықтаудың бірнеше түрлі әр түрлі негізгі зерттеу әдістері бар екенін білу қажет. Фразеологиялық материалдарды қамтуда ең бірінші лингвистикалық және мәдени көзқарасты атап кеткен дұрыс. Тіл білімінің лингвомәдени бағыты тілден тыс факторларға байланысы бар сөз мағынасының, тілден тыс компоненттерінің бар екендігі туралы лингвист ғалымдардың жазып кеткен еңбектерінде аталған белгілеріне негізделіп отыр.

Фразеологиялық бірліктерді лингвистикалық және аймақтық зерттеуде фразеологиялық бірліктердің компоненттік құрамында көрініс табатын экстралингвистикалық факторлар

Бөлектеліне отырып жіктеледі. Фразеологиялық бірліктердің айтылу жоспарына элементтердің тарихи этимологиялық түсіндірмесі немесе фразеологиялық бірліктердің прототипінің маңыздылығымен ерекше назар аударылады. Фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени компонентін ашудың ең жоғарғы деңгейі тілдік-аймақтық тәсіл болып табылады. Фразеологиялық бірліктердің ұлттық ерекшелігін анықтаудың екінші тәсілі де тілді құрылымдық тұрғыдан түсіну аясында пайда болды.

Ол лингвомәдени тәсілге нақты қарама-қарсылық – зерттеушінің назарын фразеологиялық бірліктердің «эквивалентті емес» компонентіне емес, керісінше, талданған фразеологиялық бірлікте белгілі бір шет тіліндегі сәйкестіктердің болуына аударады. Фразеологизмдер саласындағы ұлттық категория интернационал категориясымен диалектикалық бірлікте. Әртүрлі тілдердің фразеологиялық аналогтарын олардың ұлттық дәмін, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау мақсатында салыстыру фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени болмысын анықтаудағы контрастивті тәсілдің нысанасы болып табылады. Мұндағы фразеологиялық баламаларды салыстыру классикалық салыстырмалы әдістегідей жалпы емес, салыстырылатын тілдердің фразеологиялық баламаларының ұлттық-мәдени болмысын құрайтын өзгешеліктерін анықтау мақсатында жүзеге асады.

Фразеологизмдерді зерттеудің лингвомәдениеттанулық тәсілінің дамуы зерттеушіні фразеологиялық бірлік пен мәдениет белгілерінің арақатынасын зерттеуге бағыттап және стереотиптер, таңбалар, эталондар, т.б. жүйенің құндылығын өзекті етеді. Фразеология жүйесінің мәдени-ұлттық ерекшеліктерін сипаттайды [3, 92].

Қазіргі заманда көптеген лингвомәдениеттанулық зерттеулер пайда болып, онда авторлар кез келген мәдениеттің жеке әмбебап ұғымдарын мысалға, жақсылық пен жамандық, өлім мен өмір, жек көрушілік пен махаббат және т. әлем ұғымның концептуалды моделі оның тілдегі қолданылуын талдау арқылы анықтайы. Фразеологизмдердің ішкі формасын белгілі бір мәдениет ұғымының мазмұнын түсінудің кілті ретінде қарастыру осы бағыттағы шығармаларға тән қасиет.

В.Н.Телианың айтуынша, фразеологиялық бірліктерді лингво-мәдениеттанулық талдаудың негізгі мақсаты – мәдени белгілермен және стереотиптермен бейнелі ассоциациялар түрінде мағынасымен бірге жүрген және бір-бірімен тығыз байланыста болған мәдени-ұлттық тілдік бірліктің ілеспе мағынасын анықтап сипаттау болып табылады [4, 79].

Сондықтан, лингвомәдениеттанулық көзқарас шеңберінде фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени ерекшелігі олардың ұлттық мәдениеттің белгілі бір концепциясы туралы ана тілінде сөйлейтіндердің аңғал ойларының жиынтығынан көрінуінен байқалады. Қандай да бір түрде рухани мәдениеттің белгілі бір концепциясын меңзейтін фразеологиялық бірлікті талдау талданатын ұғымның ұлттық мәдени бірліктің ілеспе мағынасын ашады, ал мұндай фразеологиялық бірліктердің жиынтығын талдау зерттелетін ұғымның фразеологиялық суретте толық бейнесін көрсетеді.

Мағынаға деген бұл тәсіл фразеологиялық бірліктердің өзекті мағынасын лингвистикалық мүсіндеу саласында үлкен мүмкіндіктер береді. Фразеологиялық бірліктердің мағыналары негізінен метафоралық сипатта болып келеді. Бұл идиомалардың нақты мағынасының қалыптасуының негізінде жатқан концептуалды түрлендірулер кешенін қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Сонымен, фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени болмысын анықтаудағы когнитивтік әдіс фразеологиялық-семантикалық өрістерді олардың шеңберіндегі фразеологиялық үлгілерді сипаттау үшін талдауды қамтиды, олардың жиынтығы лингвистикалық бөліністердің ұлттық ерекшеліктерін де көрсетеді.

Әрбір жеке фразеологиялық бірліктерді жасаудағы дүние және когнитивтік тәсіл – ұлт менталитетін зерттеу тәсілі. Бұл тәсіл аясындағы фразеологизмдердің ұлттық-мәдени өзіндік ерекшелігі – тілдік ойлаудың қызмет ету ерекшеліктері, дүниенің бейнелі суретінің ерекшеліктері.

Фразеологиялық бірліктердің ұлттық-мәдени болмысын анықтаудағы жоғарыда айтып өткен әдіс-тәсілдер, біртұтас тұтастықты және шығармашылық ойлау ерекшеліктерін білдіреді.

Оларды ұлттық фразеологизмдерді талдау кезеңдері ретінде көрсетуімізге болады:

- фразеологиялық бірліктерде көрініс тапқан эквивалентті емес экстралингвистикалық факторларды анықтау;

- тілаларлық фразеологиялық аналогтардың құрылымдық-семантикалық ерекшеліктерін анықтау;

- фразеологиялық бірліктердің құрамындағы негізгі сөздер мен мәдениет ұғымдарының -ұлттық-мәдени коннотацияларын анықтау;

- дүниенің тілдік суретінің ұлттық бөліну ерекшеліктерін және ұлттық менталитеттің лингво-шығармашылық ойлау ретінде қызмет ету ерекшеліктерін анықтау.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Снитко, Татьяна Николаевна. Предельные понятия в Западной и Восточной лингвокультурах. Пятигорск, 1999.
2. Серебренников, Е. С. Кубрякова, В. И. Постовалова и др. Картина мира в жизнедеятельности человека // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира /
3. Кириллова, Н. Н. Предмет и методы исследования идиоэтнической фразеологии. Л., 1988
4. Телия, В. Н. Метафора как модель смысла произведения и ее экспрессивно-оценочная функция // Метафора в языке и тексте. М. : Наука, 1988.
5. Добровольский, Д. О. Типология идиом // Фразеография в Машинном фонде русского языка. М., 1990.

ПОДХОДЫ К ИЗУЧЕНИЮ ФРАЗЕОЛОГИЧЕСКИХ ЕДИНИЦ

Анотация

В данной статье рассматриваются подходы исследования по определению национально-культурной принадлежности фразеологизмов, их единства и особенностей творческого мышления. Также дается информация о функции языкового мышления, особенностях национального менталитета, наиболее подходящих методах исследования, раскрывающих национально-культурную природу фразеологических единиц. В статье говорится о взаимосвязанном использовании лингвистических, контрастивных, лингвокультурологических и когнитивных методов, формирующих целостную картину национально-культурных особенностей фразеологической системы языка.

Ключевые слова: подход исследования, задача исследования, лингвострановедческий подход, менталитет, лингвокультурологический подход, фразеологическая единица, самоконтроль, сравнение, лингвокультурологическая направленность

APPROACHES TO THE STUDY OF PHRASEOLOGICAL UNITS

Annotation

The article discusses research methods for determining the national and cultural identity of phraseological units, their unity and features of creative thinking. Information about the function of

Linguistic thinking, the peculiarities of the national mentality, the most appropriate research methods that reveal the national-cultural nature of phraseological units is also given here. The article notes that the combined use of linguistic, contrastive, linguoculturological and cognitive methods forms a holistic picture of the national and cultural features of the phraseological system of the language. Using common idioms, we culturally develop our language skills. We use two spoken languages, making them more complex than the other. Analyzing unknown words, we supplement our thoughts with additional information.

Keywords: research method, task of research, linguistic-regional approach, mentality, linguistic-cultural approach, phraseological unity, self-control, comparison, linguistic-cultural direction

МРНТИ: 17.07.31

Д. Т. Габдрашева¹, Ғ.М. Ниязова²

Баишев Университет

bereke55@mail.ru

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БАҒЫТТАР

Аңдатпа

Мақала қазақ әдебиетіндегі бағыттар жөнінде ғалымдардың дәлел-тұжырымдарына негізделген. Шет ел әдебиетінде салыстырулар бар. Ғылыми мақалада қазіргі қоғамда да өзектілігін жоғалтпаған әдеби бағыттар мәселесі қозғалған. Көптеген ғалымдардың зерттеу негізіндегі ғылыми пікірлері талқыланып, экзистенциализмге берілген психологиялық сипаттама мен оның басты ұғымдары талданған. Экзистенциализм адамның болмысын ғылыми тұрғыдан зерттеп көруге болмаса да, шығармадағы экзистенциалист кейіпкерлердің іс-әрекеттерін ғылыми түрде топтастырған, образдардың психологиялық ойлау бірізділігін көрсеткен. Образдардың қоғамды жатсынып, оны қабылдамай, өз әлемдерінде өмір сүруі – күрделі психологиялық үдеріс екендігіне тоқталған. Бұл мәселенің шешу жолдарын кейіпкерлердің әрекетін талдай отырып, табуға тырысқан. Мақаланың ғылыми негізі де осында. Мақалада жас қаламгер Бейбіт Сарыбайдың прозасындағы дәл осы бағыты ашылған. Экзистенциализм адам өмірінің екі түрін қарастырады: жалған және шын. Алғашқысына адамның күнделікті тіршілігін, ал кейінгісіне оның әлеуметтік қатынастардан қол үзіп, ешкімге тәуелсіз, ішкі табиғатын тыңдап өмір сүруі жатады. Мақалада бұл мәселенің шешу жолы рухани байлықта екенін дәлелдеуге тырысқан.

Негізгі сөздер: экзистенциализм; адам; жалғыздық; қоғам; психология.

Қазақ әдебиетіндегі осы философиялық ойдың кейбір көріністерін біз ХХ ғасырдың басынан бері байқап келеміз. ХХ ғасырдың басындағы саяси-әлеуметтік, әлеуметтік жағдай сол кездегі алғашқы шығармалардың проблемаларын көрсетті. Уақыт өте келе отаршылдық бұғаулар, қазақ даласындағы бір қоғамдық формациядан екіншісіне ауысу, әкімшілік-саяси құрылымдардың күштеп өзгеруі кезіндегі қалыпты кезең, елдер арасындағы әдет-ғұрыптар, өрескел басып алу, адамдар арасындағы паракорлық сол дәуірдің әдеби шығармаларының негізіне айналды. Қазақ халқының тап болған ауыртпалығы, ауыртпалықтары мен күштері сол кезеңдегі жазушылардың қарапайым адамның жан дүниесіндегі өзгерістерге бой алдыруына түрткі болды. Адам табиғатының трагедиясы, өмірдің сарқылмас "тынышсыз" қаракеті, әлемнің қатыгездігі, болмыс, оның адам өмірімен үйлеспейтіндігі туралы ойлар алғашқы экзистенциалистік пікірлердің көрінісі ретінде танылады. Адам өмірінің мәнінің Мәңгілік сұрақтары жазушылардың жалғыз терең тақырыптары болды [1, 41].

Батыс Еуропа мен XX ғасырдағы Ресейдің экзистенциалды әдебиеті өзінің әртүрлілігімен, жеке тұлғаға деген қызығушылығының жоғарылауымен және әр адамның өмірінің мәнін іздеуімен ерекшеленеді. Жатсыну-бұл әлемдегі жалғыздықты білетін адам қоғамнан, сондай-ақ олардың қарым-қатынасында дамитын нормалардан тыс болуы керек немесе болуы керек. Экзистенциалды білім мен ойлау XX ғасырдағы бірінші дүниежүзілік соғыстың өсуіне және екінші дүниежүзілік соғыс кезінде адамзат бір-біріне жойқын майдан ашқан кездегі әсерге байланысты болуы мүмкін. Яғни, экзистенциалды ойлау ағымы, әлеуметтік құрылымдағы және әлемдік деңгейдегі қайшылықтарды тереңдете отырып, санадағы қақтығыстар кезеңінде адам өзінің жалғыздығын жақсы біледі.

Экзистенциалистік авторлардың мәтіндеріне келетін болсақ, экзистенциализм философиясына қатысты мәтіндер жиынтығы экзистенциалды мәтіндер жиынтығымен сәйкес келмейтінін ескеру маңызды. А.Шопенгауэр, С. Кьеркегор, Н. Бердяев, М. Хайдеггердің мәтіндері "экспрессивті" философия принциптеріне сәйкес келетін тамаша модельдер болып табылады. Бұл мәтіндер жалпы идея туралы ойлауға арналған ғылыми трактаттардың бірлігіне қарсы тұрады. Экзистенциалды авторлардың мәтіні логика заңдары бұзылғандықтан емес, философиялық-әдеби жанрдың синтезі болғандықтан ажырамас. "Егер сіз философ болғыңыз келсе, роман жазыңыз", - дейді Альберт Камус. Идея-пайымдау идея-сезім, идея-оқиға, идея-сурет арқылы жинақталады; алыпсатарлық ақыл-ойдан бөлінбейді; заттардың мәнін түсіну заттардан тыс пайда болмайды, бірақ әрқашан нақты жағдайларды модельдеу, талдау, сипаттау және тәжірибемен бірге жүреді. Сипаттамалардың немқұрайлылығы-бұл ештеңе бере алмайтын және ештеңені жоққа шығаруға болмайтын мағынасыз әлемге бейтараптықтың бір түрі. Іс жүзінде, материяның бетін зерттеумен қатар, феноменологиялық бейтарап, санада ештеңе болмаған кезде логикалық соңына дейін жеткізіледі. "Сипаттама-абсурдтық ойлаудың соңғы түйсігі" экзистенциалды тенденциялардың күшеюі әлемдегі жалпы әлеуметтік және рухани жағдаймен де байланысты. Күнделікті өмірден қиын жағдайдан шығудың жолын табу, адамның ұмтылыстарына қарау, өмірдің мәнін табуды ұсыну - мұның бәрі адамның жеке басына деген қызығушылықпен, демек, экзистенциалды мотивтердің күшеюімен байланысты. Экзистенциалды архетиптерге жүгіну арқылы реалистік өнерді жаңартудың жалпы тенденциясы әдебиетте 20 ғасырдың екінші жартысынан бастап анықталды: ол өмірдің өзінен және қоғамдық-саяси, мәдени-көркемдік өзгерістерден пайда болды.

Әдебиеттегі экзистенциализм мен архетиптердің байланысы өте күрделі. Әдебиеттегі осы екі құбылыстың сандық көрсеткіші әрқашан олардың терең мәнін көрсете бермейді. XX ғасырдың аяғындағы әдебиетте экзистенциализм мен архетиптер арасындағы байланысты біржақты түсіндірудің болмауы бұл мәселенің күрделілігі мен шешілмегендігін көрсетеді. Егер бірқатар ұлттық әдебиеттерде структурализм, модернизм, постмодернизм сияқты ағымдардың болуы азды-көпті жалпыға бірдей танылса, онда басқалардың бөлінуінің заңдылығы (постексистриализм, наитивтік экзистенциализм, депсимизм, готизм, постмодернизм постмодернизм) даулы. Әдеби архетип - фольклор мен әдеби шығармалардағы жиі қайталанатын бейнелер, сюжеттер, мотивтер.

Әдебиеттанушы А.Ю. Большакованың анықтамасы бойынша әдеби архетип-бұл сыртқы өзгерістерге қабілетті болса да, өзгермейтін құндылық-семантикалық ядроны құрайтын "трансформация", "ұрпақ моделі" [2, 171]. Кейінгі көшірмелердің бастапқы көзі болып табылатын естелік хаттардың ең көне мәтіні. Архетип-бұл түпнұсқа образ, түпнұсқа, ұжымдық негізсіз образ яғни ежелгі жалпыланған рәміздер, мифтердің, фольклор мен мәдениеттің негізінде жатқан және ұзақ уақыт есте қалатын бейнелер. Мысалы: зұлым өгей ана, мейірімді және әдемі өгей қыз, жақсы қарақшы және т. б. Архетип-бұл архаикалық рәсімдердегі психологиялық схемаларға тән мотивтер мен әдістер, олар бастапқыда адамның қиялында пайда болды және соңында өзіндік мазмұнға ие болды.

XX ғасырдың 90-жылдарындағы әдеби сын сонымен қатар суретшілердің архетиптерге деген үндеуінің артуына назар аударады, бұл түсінікті: әлеуметтік дамудың қарқындылығы адамның қоғамдағы рөлін арттырады, жеке сананың өсуіне ықпал етеді, адамды ата-бабаларына, тамырына бұрады.

Әдебиетте "мен" термині бар. Бұл термин автордың ішкі әлем туралы ойларымен және оның сыртқы орта туралы ойларымен шектесетін лирикада жиі кездеседі. Профессор Г. Н. Поспелов жоғарыда аталған процестің лирикалық сипаты туралы "Лирика медиативті және бейнелі болуы мүмкін. Осы жаңалықтардың алғашқы екеуінде лирика мақсатты түрде интроспекцияға, эмоционалды немесе психикалық рефлексияға айналуы мүмкін. Немесе лирикалық медитация объективті әлемнің көзқарасы мен мінез-құлқына және идеалды түсінуге бағытталуы мүмкін" [3]. Бұл пікірдің философиялық негізі мен эстетикалық астарын белгілі орыс әдебиеттанушы-теоретиктері Ф.М. Головенченко [4, 261] және В. В. Кожин [5,60] қолдады. Содан кейін жазушы объективті өмір мен шындықты сипаттауға бағытталған Өзін-өзі тану және саралау кезеңдерін психологиялық тұрғыдан жүзеге асырады. Тек осы сәтте біз "Мен" қолжазбасы психоаналитикалық тәсілмен жоғары деңгейде көркем түрде орындалатынын көреміз. Сонымен, қазіргі қазақ әдебиетіндегі көрнекті прозашы ретінде Ә.Тарази шығармашылығын мысал ретінде ала отырып, жасаған әрбір образ деп қорытынды жасауға болады. Тарази-саяси-әлеуметтік, моральдық-этикалық, ұлттық-психологиялық, мәдени-эстетикалық сипаттағы көркем кейіпкерлер. Олардың әрқайсысынан сіз өз сабағыңызды ала аласыз. Ақыр соңында, уақыт өте келе туылған замандастардың бейнесі жазушының шығармаларында жан-жақты сипатталып, өнердегі кеңес дәуірі мен қазіргі заманның бейнелі бейнесіне айналды. Ә.Тарази шығармашылығының үлкен патологиясы - ұлттық ұлылық пен гуманистік идеяны насихаттау. Эстетикалық идеал-бұл тән сұлулық, рухани сұлулықтың тазалығы, сезімнің мөлдірлігі, нәзік лириканың отты үні, ұлылықтың тұтануы, жазушының шығармаларын оқығанда айқын көзі жеткіземіз.

Біздің жас жазушыларымыздың бірі-Бейбіт Сарыбай, ол қоғамдық өмірде алға қадам басқан жаңа кейіпкерлердің бейнесін суреттеуде басымдық танытты. Енді осы бейбіт Сарыбайдың шығармашылығына тоқталайық. "Жазықсыз күнәкарлар" хикаясында жазушы Б. Сарыбай ауыл балалық шағының дәмін ерекше сезіммен сипаттайды.

Жазықсыз балалардың адал, аңғал, зиянсыз әрекеттері біздің алдымызда пайда болады және әсіресе олардың бейнесін ойнайды. Ауыл балаларының тұрып, ұшатын ұшаққа жүгіріп, мені алып кетуге деген ұмтылысы – бұл барлық балаларға тән нәрсе. Бұл уақыт баланың назары, бір нәрсе туралы армандауға, елеусіз нәрседен ләззат алуға деген ұмтылыс сияқты қасиеттермен сипатталады. Дарын мен Ерболдың бір-бірін Өрік арқылы жазушы кішкентай кезінде бәріне қызығушылық танытатын, ештеңе білмейтін баланың аңғал мінезін сипаттайды: Біз түн жарымынан бастап, таң шолпаны туғанға дейін жүрсек те, әр түн сайын оннан, бестен жесек те, айналасы екі аптаның ішінде тауысып бітетінбіз сол бейшара өріктерді. Егер бізге «өзі қышқыл, өзі көк» деген жұмбақ жасырсаңыз, біз оны тез тауып аламыз. Оның жауабы, әрине, өрік. Сол өріктерді көктей тауысып жүргендіктен шығар біздің ұғымымызда өрік деген көк болады. Және оның дәмі тәтті емес, қышқыл болады деп түсінетінбіз. Өріктің тәтті болатынын және оның түсінің көк емес, сары екенін Ерліктің Шонжы қаласындағы әпкесі келгенде ғана біліп, таң-тамаша болғанбыз». Бұл жолдарда біз бейкүнә балалар ұрлығының себепсіз, зиянсыз ойын-сауық екенін көреміз. Мұнда олардың әрекеттерін, әрине, дұрыс деп тану мүмкін емес, бірақ біз олардың осы өрік арқылы бір затты қабылдау реакциясын көреміз.

"Ертегі" романы авторлық романтикалық бағытта жазылған ең ерекше әңгімелердің бірі. Адал ұлы адалбектің іс-әрекеттері туралы айтылды. Шығарманың ертегі атауы Адалбектің өмірді ертегі деп санайтынымен де байланысты. Яғни, кез-келген оқиға өзінің мақсатына, идеалына жететінін және бақытты баяндаумен аяқталатынын түсінуде.

Адалбек "Қозы Көрпеш Баян Сұлу" фильмін көріп, алғаш рет ғашық болып, махаббат туралы ойланып, кинодағыдай өзінің сүйіктісіне "барғысы келеді. Бұл жылқы тек ағасының қолында болды, өтірік айттып, жақын маңдағы ауылға сүйіктісіне барды және оған өзінің батылдығын, батырлығын көрсету басты мақсаты болды. Ағасына барғанда ол көп нәрсені ойдан құрастырып, әртүрлі өтірік айтады, мұны ағасы сезессе де, өз атына мінгізіп жібереді. «Адалбек ақбоз аттың басын үйіне қарай бұрмай, бірден ауыл шетіндегі көшеге қарай тартты. Өйткені сол көшенің аяққы жағында автобекет директорының үйі бар. Ал ол үйде Шекер бар. Шекер дегеніңіз біздің Қозының іздеп бара жатқан Баяны емес пе. Ойлағанындай болып шықты. Шекер көше бойындағы арықтың жағасында сіңлісі екеуі торт жасап ойнап жүр екен. Адалдың көзіне балшықпен ойнап жүрген Шекер қыз Баяндай болып көрінді. Не істесем екен деп біраз ойланып тұрды. Жетіп барған тағы ыңғайсыз. Бұрыннан тіл қатысып жүрген болса бір сәрі. Бір-біріне ләм деп ауыз ашпаған адамдар ғой. Тіпті сыныптасы болса бір сылтау табылар ма еді, кім білсін. Біраз тұрғаннан кейін Адалбек қызды таң қалдырғысы келді. Атпен қасынан шауып өтпек болды. Атпен шауып кетіп бара жатқан батыр ұлға қыздың қызыға қарап тұрған бейнесі елестеді. Сол сол-ақ екен, Адалбек атты тебініп қалып еді, ақ боз ат бар пәрменімен шаба жөнелді. Желдей жүйткіген тұлпардың үстінде Адалбек кетіп бара жатыр. Тура қыздардың жанынан өте бергенде сол үйден бір ит жүгіріп шығып, арс ете қалғанда үріккен ат шалт бұрылып, үстіндегі Көрпеш ұл жерге құлап түсті. Ат қайтадан шаба жөнелді. Аспан айналып жерге түсті. Адалбек көзін ашқанда аспанды көрді» [9,18].

Міне, ертегіде, аңызда, кино көрумен өскен Адалбек те өмірде бәрі бірдей деп ойлады. Балалық көңіл-күй - бұл барлық балаларда болған психологиялық аспект. Алайда, жүзеге асырылмаған бұл ой ақыр соңында кішкене трагедиямен аяқталады. Жалпы, қандай бала болса да, ол ойында бар нәрсені істеуден немесе істемеуден көңілі қалмайды. Егер олар өз ойын жүзеге асырмаса бір сәт мұңайып қалары хақ. Осындай төзімділікті көрсете Адалбектің өтірігі әшкере болады. Аттан құлап, соңында ауруханадан шыққан Адалбек өз ісінен ұялып, туыстарының әдейі есінен танған кейіпте жатады. Баласының денсаулығына қатты алаң болған ата- ана дәрігердің қарауына жүгінеді. Сөйтіп, Адалбекті Алматыға апарып, толықтай тексертеді, бірақ тексеріс балада ауру жоқ екенін айтады. Алматыға жолы түскендіктен баланы қыдырып ел-жерді тамашалатады. «Баламысыз» дегендей, Адалбек осы бір аттан құлауының ықпалынан біраз ел жер көргенін қалған балаларға аузын толтыра мақтанып, бәлкім шет ел асып қыдырар ма едім деп ойлайды. Қала көрмеген балалардың бәрі Адалбек секілді қыдырғысы келеді. Балалардың ең қызығытаны - ойыншық екені бесенеден белгілі, осылайша Адалбекке балалар қызығып та қызғана қарайды. Ең соңында Адалбектің әрекетін түсіндіреді: «Сөйтіп «Қозы Көрпеш Баян сұлу» фильмінен басталған шымшытырық оқиға Адалбектің өміріне кішігірім өзгеріс алып келді. Ол енді өтірік айтпауға бел буды. Өйткені аттан құлағанын өтірік айтқаным үшін Алланың жазалағаны деп түсінді. Әйтпесе күнде атқа мініп жүрген жеті жасар бала неге басқа кезде емес, дәл сол өтірік айтқан күні қыздың алдында құлауы керек. Өмірді ертегідей елестетіп жүрген Адалбек сол өмірден алғаш рет таяқ жеп, соққы алғаннан кейін біраз уақыт кино көрмей жүрді» [10, 20].

Шығарманың "ертегі" аталуы осыдан. Жекелеген тұлға -психологияның бір түрі ғана емес. Ол әдебиеттің басты нысаны. Әдебиет өз бағытында көркем психологизмнің ұлттық сипатында маңызды орын алады. Қандай халық болмасын, оның өзіндік сипаты мен сипаты болады. Қоғамның байлығы – бұл адам, ал бәрін бір нүктеде жасайтын қазық – бұл ұлт. Егер ұлттың мінез-құлқы мен түстері жазушылардың шығармашылығындағы үлгі болса, онда бұл үлгі. Тақырыптың өзектілігі көркем бейнелілік, әдебиеттанудағы образ болғандықтан, біздің зерттеуімізде айтылғандай, көркем образ немесе образ әдебиеттің негізгі формасы, яғни көркем шығарма ретінде қарастырылады. Э. Межелайтис айтқандай: "біз адамның ішкі әлеміне неғұрлым тереңірек үңілсек, соғұрлым ол күрделене түседі.

Адамның жаны неғұрлым терең бейнеленсе, соғұрлым қиын жұмыс болады". Бұл жердегі тереңірек сипаттау туралы-ынта-жігермен, күш-жігермен, сенімді және сенімді түрде, әр оқырманды осы оқиғаны сезіне алатындай сезімге бөлейді.

Жазушының шығармаларының бірегейі - "Рауғаш ерте гүлдейді" әңгімесі. Бұл шығарма проза байқауында бас жүлдеге ие болды. Бұл оқиғаның басты кейіпкерлері небәрі 2 адам. Ол мұғалім және кішкентай қыз. Бірақ осы 2 кейіпкермен жазушы ой жүгіртеді. Кішкентай қыз баланың ересек ойлауы, қазіргі заманда ата-аналардың жұмысқа және бала тәрбиесіне назар аудармауы, балалық шақтың қырқылуы сияқты мәселелерді көтереді. Қос замандастың жанқиярлық диалогына негізделген шығармада осы әлеуметтік мәселелер қамтылған. Кішкентай қыз байқаусызда тар автобуста мұғалім еріксіз жігіттің қолынан ұстап алады, бірақ біраз уақыттан кейін қолдың тегіс екенін түсініп, оның қателескенін біледі, кешірім сұрайды және оның одан әрі әңгімелері ашылады. Қыз көпшіл, көпшіл, география пәнінен мұғалімге сол тақырып бойынша сұрақтар қояды және кейбір жерлерде ұялады. Барлық адамдар осы екеуінің диалогына қарап, әрі қарай не болады деп ойлайды. Қыз бауырларына ана ретінде қамқорлық жасай отырып, оларға қамқорлық жасады, ата-анасы әрқашан қолын жұмыстан босатпаса да, олар да оларға түсіністікпен қарайтынын, ересектерше сөйлейтінін, тіпті ойларының өзі ересектер сияқты берік екенін түсінді және оған бәйшешек деп ат береді. Содан алғыр да зерек қызбен қоштасып, автобуста лирикалық кейіпкер ой түйіндейді. Кіп-кішкентай қыз жігіттің тойында ән шырқап, өз өнерін паш ететіндігін айтады. Осылайша қазақтың кіп-кішкентай қызының еш жатырқаусыз, аға деп, жүзі жылы жандардан тосырқамай ашық әңгімелесіп кететін, бауырларына өз қамқорлығын көрсете алатындығына, адамды тартатын жағымды қылығына, баурап алар қасиетіне риза болады.

Шығарманы жазар алдында жазушы өзіне үлкен мақсат қояды. Ең алдымен, ұлттық құндылықтарға, уақыт адамының формасына, халықтық таным, ұлттық болмыс, рухани мұра, дәстүрлер сияқты қоғамдық-саяси факторға сәйкес келетін сапалық белгілерге ерекше назар аударылады. Ол өз шығармаларында ұлттық дәстүрді бойына сіңірген ұрпақтың жастығына үлкен мән береді, адамның ізгіліктерін, барлық өмірлік жағдайларды, терең философиялық сезімдерді бойына сіңіреді.

Бүгінгі таңда барлық бұрынғы әдістердің танымдық тәсілдері бірге көрінеді. Көркемдік танымның жалпы болжаушысы болып табылатын субъект пен объектінің қатынастары – әр түрлі дәуірлерде қарым-қатынас әр түрлі болды. Орта ғасырлардағы діни өнер білімнің негізгі объектісі ретінде – адам мен Құдай арасында, Ренессанс өнері-адам мен табиғат арасында. XX ғасырдағы сыни реализм ең алдымен жеке тұлға мен қоғам арасындағы қарым-қатынасты алса, романтизм өздерінің танымдық ізденістерін рухани деп санайды, ал натуралистер адам санасы мен қызметінің биологиялық мүмкіндіктері саласына бағытталды. Модернизмде екі негізгі танымдық бағытты ажыратуға болады: олардың бірі өнердің қалыпты, кейде патологиялық типтегі индивидуалистік психологияның микрокосмосына енуінен көрінеді (мысалы, психоаналитикалық романда), ал екіншісі макрокосондық масштабтың жалпы заңдылықтарын түсінуге ұмтылуда. Бұл көркемдік таным мен шығармашылық әдіс арасындағы байланыс бөлімі. Бұл танымдық бағыттар қазіргі қазақ прозасында көркемдік синтез арқылы көрінеді. Ең бастысы-адамның өзіне, ішкі "мен" қатынасы. Кейіпкерлердің заманауи түрлері - бұл бәрімен келісетін, бәрін қабылдайтын және ештеңемен, тіпті өзімен де келісе алмайтын адамдар. Қазіргі кейіпкер қоршаған әлемге немқұрайлы қарай алмайды, ол бәрін өз ішінде өткізеді. Сыртқы әлемде болып жатқан өзгерістер кейіпкердің санасына, әр құбылысқа керемет әсер етеді. Кейіпкердің санасы сезімтал импульстармен жауап береді. Жазушы шығармаларының басты ерекшелігі-кейіпкердің жаны. Жас жазушының шығармаларының басты ерекшелігі-кейіпкердің жаны мен оның мызғымастығының лирикалық ашылуы. Адамның жан дүниесінде не бар?

XX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында пайда болған прозадағы экзистенциализмнің негізінде мыналар жатыр: сипаттауға келмейтін тұлғаның күрделі әсерлері, белгілі бір фактор – оның шығармаларының естеліктері, иллюзиялары, сезімдері, сезімдері, бөлшектері, сюжеттік-композициялық ерекшеліктері әсерінен пайда болатын кейіпкердің көңіл-күйін жеткізуге тырысу. Авторлық баяндау-кейіпкердің ойының жалғасы, оның ішкі монологының тасымалдаушысы, есте сақтау, елес, кейіпкердің ойының жалғасы, есте сақтау, елес арқылы туындаған ішкі монологының тасымалдаушысы. Бұл жазушының әңгімелер стилінің ерекшелігі екенін көруге болады. Біз сондай-ақ кейіпкердің белгілі бір оқиғаға деген көзқарасы мен автордың көзқарасы оқырманға ой салатын жас жазушының өзіндік шеберлігі екеніне көз жеткіземіз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Жарылғапов Ж.Ж., Такиров С.У., Әдебиет теориясы. Оқу құралы. – Алматы: «Отан» баспасы, 2018.- 172 б.
2. Большакова А. Ю. Литературный архетип // Литературная учёба. — 2001. — № 6. 398 б.
3. Поспелов Г.Н. Лирика. – Москва: МГУ, 1976. Головенченко Ф.М. Введение в литературоведение. – Москва: Высшая школа, 1964. – 261 с.
4. Кожин В.В. Как пишут стихи. – Москва: Просвещение, 1970. – 60 с.
5. Сарыбай Б. Мейірім. – Астана: Фолиант
6. Горький М. Шығармалар жинағы. 24 т. – Москва, 1954. – 469 б.
7. Рүстембекова Р. Қазіргі қазақ әңгімелері. – Алматы: «Жазушы», 1988. -174 б.
8. Литературная энциклопедия терминов и понятий. – Москва: «Интелвак», 2001.

НАПРАВЛЕНИЯ В СОВРЕМЕННОЙ КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация

Статья основана на аргументах ученых о направлениях в казахской литературе. Есть сравнения с зарубежной литературой. В научной статье затронута проблема литературные направления которая не потеряла своей актуальности и в современном обществе. Обсуждаются научные мнения многих ученых, лежащие в основе исследований, анализируется психологическая характеристика Экзистенциализма и его основные понятия. Экзистенциализм, хотя и не является научным исследованием человеческого бытия, экзистенциалист в произведении научно группировал действия героев, демонстрировал психологическую последовательность мышления образов. Он подчеркнул, что существование образов в своих мирах – сложный психологический процесс. Пути решения этой проблемы пытались найти, анализируя действия героев. Здесь же и научная основа статьи. В статье раскрывается именно это направление в прозе молодого писателя Бейбута Сарыбая. Экзистенциализм рассматривает два типа человеческой жизни: ложную и истинную. К первым относится повседневное существование человека, а к более позднему-его жизнь, оторванная от социальных отношений и слушающая его внутреннюю природу, независимую от кого-либо. В статье была предпринята попытка доказать, что путь решения этой проблемы находится в духовном богатстве.

Ключевые слова: экзистенциализм; человек; одиночество; общество; психология.

TRENDS IN MODERN KAZAKH LITERATURE

Annotation

The article is based on the arguments of scientists about the trends in Kazakh literature. There are comparisons with foreign literature The scientific article touches upon the problem of

Literary directions, which has not lost its relevance in modern society. The scientific opinions of many scientists underlying the research are discussed, the psychological characteristics of Existentialism and its basic concepts are analyzed. Existentialism, although it is not a scientific study of human existence, the existentialist in the work scientifically grouped the actions of the characters, demonstrated the psychological sequence of thinking of images. He stressed that the existence of images in their worlds is a complex psychological process. They tried to find ways to solve this problem by analyzing the actions of the heroes. Here is the scientific basis of the article. The article reveals exactly this direction in the prose of the young writer Beibut Sarybai. Existentialism considers two types of human life: false and true. The first refers to the daily existence of a person, and to the later -his life, detached from social relations and listening to his inner nature, independent of anyone. The article attempted to prove that the way to solve this problem is in spiritual wealth.

Keywords: existentialism; man; loneliness; society; psychology.

МРНТИ 16.21.33

М.А. Жолдасова¹, А.Т. Ақжолова²
Баишев университеті

СӨЗ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЛИНГВОЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Аңдатпа

Сөз экологиясы – бұл ойлау және сөйлеу мәдениеті ұғымдарының, сөйлеу тәртібінің, тілдік дәстүрлерге оқытудың, ұлттық тілді қорғау мен тазалаудың, ұлттық тілді оқытудың, сөз сапасын жақсартудың, функционалдық стильдегі тепе – теңдікті сақтаудың, сөйлеу эстетикасының тәсілдерін анықтаудың күрделі тұжырымдамасы. Сөз мәдениеті мәдениет экологиясының ең қажетті бөлігін құрайды. Мәдениет – өнер, ғылым ағарту саласының жетістіктерінің жиынтығы болса, онда ол тілмен сөзге қатысты ғана анықталады. Белгілі бір тарихи кезеңде, тарихи-мәдени жағдайларда ұлттық әдеби тіл– ұлттың рухани дамуының айғағы және индикаторы болып табылады. Қазақстандағы мемлекеттік тілдің ағымдағы жай-күйін, статистикалық тұрғыдан, мемлекеттің жай-күйі мен даму перспективаларын, зерттеу жұмыстарын, ғылыми мақалаларды, идеяларды, тілдік экология мәселелеріне тікелей байланысты әуесқой идеяларды атап көрсету маңызды.

Негізгі сөздер: сөз экологиясы, сөз мәдениеті, аспект, ұлттық тіл, тілдік норма.

Қазақ мемлекеттік тілінің қажеттілігі мен мақсаттарын лингвистикалық, білім беру, эстетикалық, коммуникативтік–прагматикалық, мәдени–танымдық, әлеуметтік–философиялық тұрғыдан зерделеу қажет. Адам жаны туралы ұлттық білім мен рухани білімнің кеңеюімен қазіргі қазақ тілінің ішкі заңы күшейтіледі, оның табиғи табиғатының жылдамдығы артады, мәнгерлі, нәзік түстер мен жаңа синонимдер, параллель сөйлемдердің функциясын пайдалану қабілеті артып жақсара бастады. Қазіргі қазақ тілінде әртүрлі әлеуметтік күштер толығымен саналы түрде араласа бастады. Қазақ ұлттық әдеби тілі нормаларының мөлшерлері тұрақты. Уақыт талап мүмкіндігінің прагматикасы өте кең. Ғылым дамуының барлық бағыттары, трансформация сипаты, қоғамдық–әлеуметтік жүйе уақыт пен кеңістікте дамиды және өзгереді. Дәстүрлі тілді оқытудың құрылымдық сипатын өзгертудің жаңа кезеңі, ол бұрыннан қалыптасып келе жатқан, оған, әсіресе, көпғасырлық сөйлеу мәдениеті саласындағы басқа көзқарастарға ықпал етеді, барлық коммуникативті прагматикалық қызметте толығымен көрінеді.

XX ғасырдың соңында Қазақстандағы үлкен өзгерістер мен бетбұрыстар XXI ғасырдың басында өзінің толыққанды жетістіктерін игеруге мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қазақ мемлекеттік тілі, ғылым, ұлттық дәстүрлер, жаңа технологиялық қондырғылар, білім реформасы, мәдени – саяси құндылықтар, басқа да көптеген демократиялық бағыттар саяси – әлеуметтік өмірде көрініс табады, өз мүмкіндіктерінің жаңа мазмұны мен мәнін айқындайды. Позитивті фактілерге негізделген қазіргі қазақ тілі бір жақты идеологияны еңсереді, қоғамдық қызметті, халық тілінің қолданылу саласын, сондай-ақ «жаңа қоғамның жалпы тілдік және эстетикалық нормаларын атап көрсетеді», - деп атап өтті [1, 28]. Жалпы дүние жүзіндегі өркениетті мемлекеттердің қатарына жету жолында негізгі үш фактор нысанаға алынады да, соның нәтижелі жетістіктерінің көрсеткіші өркениеттің сипатын анықтайды. Олардың бастыларына тіл, мәдениет, территория жатады, қазақ мемлекетінің ұлан – ғайыр территориясы, күшті мәдениеті бар екенін әлем мойындап отыр. Ал осы ұлы үштіктің бірі – ұлттық тіл, оның әлеуметтік – лингвистикалық мәнін сыртқы лингвистикамен толық меңгеру қажеттілігі және мәдени құндылық ретінде бағалау кезек күттірмейтін, өзекті, аса маңызды мәселелердің санатында қарауды талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, лингвистикалық ғылым проблемасы бір – бірінен бөлінбейді, олар бір – бірімен байланысып, астарласып, бір – бірінің қажеттіліктеріне байланысты пайда болуы мүмкін. Олардың арасында қазіргі қазақ тілі үшін мемлекет ішіндегі басқа тілдердің басымдығы аса маңызды болып табылады, бұл сөйлеу мәдениетіне айтарлықтай әсер етеді. Сондықтан тілдің өмір сүруіне, сөйлеу мәдениетінің дамуына ықпал ететін көптеген факторлар бар. Тіл мәдениеті ұлттық әдеби тілдің әлеуметтік базасының өзгеруіне және мемлекет ішіндегі басқа тілдерге тікелей қатысты [2, 201].

Сөз мәдениетінің міндеттері мен шешімі көп, аумағы кең мәселелері, көп аспектілік ұғымдарынан тілдің экологиялық мәселелері бас көтереді. Атап айтқанда, сөз мәдениетінің жаңа бағыты немесе тіл дамуының эволюциясы зерттеу нысанына және жаңа мазмұнға алынған, сөз экологиясының басты мәселелерінің бір тілдік қажеттілік. Белгілі бір халық тілінің бірнеше фактісі анықталды. Ең бастысы, егер тілдің қажеттілігі болса, тілдік орта мен әлеуметтік, қоғамдық қызметі оның өмір сүруінің басты принциптері болып табылады. Белгілі бір халық тілінің бірнеше фактісі анықталды. Қазіргі уақытта мемлекеттік тілге қатысты мәселе төңірегіндегі талай ой – толғамдар мен мақалалар, ой – пікірлер көпшілік ортада, халық алдында талқыға түсіп, баспасөз ретінде жарияланып жатыр. Президенттің "Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде" деген сөздері – осы мәселе бойынша шешім қабылдау қажет деген мәлімдеме [3,32]. Бұдан басқа, мемлекеттік тілдің осы қорытындысын орындау және басқа да көптеген іс-шаралар үлкен жауапты іске асыруға мүмкіндік берді. Барлық мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, өндіріс салалары, ғылыми–білім беру орталықтары осы пікірдің практикалық нәтижелерін іске асыруға тікелей қатысады. Бұдан шығатын қорытынды қазақ мемлекетіндегі ұлттық тілге қатысты көп мәселенің нақты деректі шешімін табуға игі әсерін тигізеді. Нәтижесінде бұл қазақ мемлекеттерінде ұлттық тілге байланысты көптеген мәселелердің нақты шешімін табуға оң ықпал етеді. Мемлекеттік тіл саясатының айқын көрінісі мемлекет – халық мүддесі сұранысының басты өлшемі болды. Егер біз тіл туралы айтылған пікірлерді жинақтап, оның мәніне тереңірек қарайтын болсақ, онда экология пәнінің міндеттері мен мақсаттарын анықтайтын әлеуметтік сұраныс саласындағы проблема пайда болады.

Академик З. Қабдолов "Ана тілі" газетінде (2000 ж.11 маусым) былай деді: "Ана тілін білу, бәрінен бұрын, адам қоғамын сол кемтарлықтан – рух жетімдігінен мәнгүрттіктен емдеу, тазарту деген сөз"[4,13]. З.Қабдоловтың бұл сөзі лингвистикалық экологияның бүгінгі күн сұранысының басты мәселесі екендігін әрі көкейтестілігін аңғартқан еді. Қазақ тілі ғылымы сөз экологиясының ғылыми – танымдық, ғылыми – теориялық пәндерінің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

Бұл пән мектеп бағдарламасынан бастап, жоғары оқу орындарында тағылымдамадан өту қажеттілігін ғана емес, әлеуметтік мәнді талап етеді. Сөз экологиясы ғылыми пәннің теориялық және практикалық бөлімінде үлкен маңызға ие. Қазіргі уақытта, әңгіме қазіргі ұлттық тілдің ақпараттық аспектісі туралы болғандықтан, оны оқыту жүйесі арқылы ғылыми айналымға енгізу сөздің экология ғылымының мәнін, сөйлеу мәдениетін жүйелі түрде ашуға негіз болады. Егер сөз экологиясы жеке сала ретінде қалыптасса, онда оқыту арқылы мәні мен мазмұнын терең түсіндіруге болады. Тіл саясаты, мемлекеттік тілге деген көзқарас әртүрлі, мемлекеттік тілді дамыту үшін БАҚ беттерінде мақалалар жазылды, жазылып жатыр, жазыла береді. Қазақ тілі ғылымының жаңа ғылыми бағыттары – сөз экологиясы, сөйлеу мәдениеті. Шын мәнінде, егер біз тарихқа қарасақ, әр түрлі отарлық саясаттың астында өмір сүріп, бірақ "асыл сөз қазақтарға тиесілі"[5,32] (А. Байтұрсынов айтқандай), екенін ұмытпай, қазақ халқының тілді және менталитетті толық иелену үшін күрескен жолы ұзақ уақытқа созылды. Лексикология мен сөзжасамның негізгі қағидаларын толық орнату бүгінгі күні қазақ тілі ғылымындағы сөз экологиясының проблемасымен тығыз байланысты. Сөз экологиясы деген сөз ауызға ілінгенде астарына, қыры мен сырына тереңірек үңілгенде оның зерттелінер бағыты мен мақсат, міндеті өте көкейтесті екені бірден байқалады. Лингвистикалық экология туралы басқа ұлт тілдерінде көкейтесті мәселе көтерілуде, осыдан келіп "неге?" деген қисынды сұрақ туындайды.

Басқа ұлт тілдерінде мемлекеттік тілге қысым көрсетілмеген, ұлт тілінің мемлекеттік статусы толық сақталған, ұлттың тілге қоғамдағы әлеуметтік топтардың саналы көзқарасы әлеуметтік топтардың саналы көзқарасы толық орныққан, олардың өз мемлекеттерінде ұлт тілінде мектеп ашу, балабақша ашу мәселесі туралы сөз де қозғалмайды. Бірақ тіл тірі құбылыс болғандықтан, бұл оның өмір сүруіне кедергі болатын құбылыс, барлық ұлттардың тіліне қауіп төндіретін әрекет. Қазақ тілінің қазіргі жай-күйіне келер болсақ, онда сөз экологиясына қатысты проблемалар мен факторлар анықталады, сондықтан бұл мәселе Қазақстан Республикасындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық тіліне қатысты әлдеқайда күрделі. Елдің тәуелсіздігі, тіл туралы Заңның қабылдануымен, қоғамдық өмірде тіл туралы Заңды жүзеге асыру үшін жасалған жұмыстың саны мен сапасы арасында айырмашылық жоқ. Табылса да қоғамдағы тілсіз, ділсіз, рухсыз мәнде өткізген жандардың немесе осы рухани асыл қазынаға әрекет етуші арасындағы екі жақтық қарама – қарсы "күрес әрекетін" тілдің қоғамдық, саяси – әлеуметтік қызметінің толық жүзеге асуына бір жағынан күрес жүріп жатса, екінші жағынан тілді білмегендер объективті және субъективті себептерден оған әрі тосқауыл жасады. Бірақ тәуелсіздік деген ұғымның құдіреті өте салмақты. Бұл сөздің мәні халықтың сөздері мен істерін шынайы таразыларда өлшеуге мүмкіндік береді. Сондықтан ұлттық тілдің лингвоэкологиялық мәселелері балабақша мен мектептен бастап жеке пән ретінде жоғары оқу орындарында міндетті немесе арнайы пән ретінде оқытылса, тілдің көптеген мемлекеттік және міндетті мәселелерін шешуге болады, қазақ тілінің сөз мәдениеті толыққанды жемісін береді [6,88].

Мемлекет ішінде табиғи байлықты қорғау және сақтау, халықтың денсаулығын сақтау және қалпына келтіру тарихи құндылықтардың рухани бөлігі болып табылады. Қазақ әдеби тілі де осындай қорғауды және бағалауды талап етеді. Сондықтан сөз мәдениеті оның экологиялық аспектідегі мәнін ұғынуды және түсінуді талап етеді. Сөз мәдениетін экологиялық аспектіде үйрену тілдің өміршеңдігін, рухани және адамгершілік көріністерін немесе тіршілік ету саласында керісінше көлеңкелерді үйрену үшін маңызды мәнге ие. "Сөз мәдениетінің экологиялық аспектісі" деген сөзде тек қандай деңгейде ғана емес, сонымен қатар жай-күйі мен негізгі мәселелерін зерттейді, сондай-ақ қазақ ұлттық тілінің өмірімен байланысы, тазалық пен ұлттық сипатты, табиғи болмысты сақтаумен байланысты мәселелерді қарастырады, сондай-ақ тазалық пен сұлулық белгілерін зерттейді.

Сөз мәдениетінің экологиялық аспектісі сөздің мекендейтін ортасының деңгейін, оның жай-күйін және оның негізгі проблемаларын анықтап қана қоймай, сонымен қатар қазақ ұлттық тілінің қазіргі жай-күйін, оның тазалығы мен ұлттық сипатын, сақталуы мен өсуін ескереді және тазалығы мен көркемдігінің белгілерін тануға үйретеді. Сөйлеу мәдениетінің дәстүрлі ұғымы бар, ол мыналарды қамтиды: ұлттық әдеби тілдің орфографиялық, грамматикалық, орфографиялық нормаларын сақтай отырып, түрлі коммуникативтік контексте тиімді сөйлеудің мақсатын көрсету. Сондықтан сөйлеу мәдениетінің дәстүрлі принциптерін сақтау үшін сөйлеу экологиясының мақсаттары мен міндеттеріне назар аудару қажет. Сөз мәдениетін экологиялық тұрғыдан қарау мәселесі өте өзекті. Сөйлеу барысында ұлттық тілдің дәстүріне, ұлттық заңдылықтарына жауапты қарау мәселесі – ана тілді сүйеге тәрбиелеу, туған тілдің өткені, бүгінгісі мен ертеңгісіне қамқорлық жасау. Бұл жерде сөйлеу мәдениетінің экологиялық аспектісінің мәні мен мазмұны, бірақ мұны терең әрі кең түсінудің қажеттілігі қазақ тілі үшін үлкен жауапкершілік болып табылады [7, 290].

Сөз экологиясы – бұл ойлау және сөйлеу мәдениеті ұғымдарының, сөйлеу тәртібінің, тілдік дәстүрлерге оқытудың, ұлттық тілді қорғау мен тазалаудың, ұлттық тілді оқытудың, сөз сапасын жақсартудың, функционалдық стильдегі тепе – теңдікті сақтаудың, сөйлеу эстетикасының тәсілдерін анықтаудың күрделі тұжырымдамасы. Сөз мәдениеті мәдениет экологиясының ең қажетті бөлігін құрайды. Мәдениет – өнер, ғылым ағарту саласының жетістіктерінің жиынтығы болса, онда ол тілмен сөзге қатысты ғана анықталады.

Белгілі бір тарихи кезеңде, тарихи– мәдени жағдайларда ұлттық әдеби тіл– ұлттың рухани дамуының айғағы және индикаторы болып табылады. Қазақстандағы мемлекеттік тілдің ағымдағы жай-күйін, статистикалық тұрғыдан, мемлекеттің жай-күйі мен даму перспективаларын, зерттеу жұмыстарын, ғылыми мақалаларды, идеяларды, тілдік экология мәселелеріне тікелей байланысты әуесқой идеяларды атап көрсету маңызды. Алайда, қазақ тілі туралы ғылымның осы саласы туралы мәселе туындағаннан бері жүз жылға жуық уақыт өтті деп айтуға болады. М. Дулатов экология мәселесін былай сипаттады: «Мен заманымда қандай едім! Мен ақын, шешен, тілмар бабаларымның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім. Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын, жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім?! Таза тілдің құлдырауы, ластануы және тілдік ортаның экологиялық проблемалары күрделенетінін көрсетеді [7,105]. Сондықтан тілдік экология проблемасы кез келген ұлттың тілінде тілдік және лингвистикалық емес факторлардың ықпалынан туындайтын құбылыстарды қамтиды. Бұл құбылыстың алдын алу немесе өзекті мәселе болып табылатындығын талдау уақыт мәселесі ғана емес, ғылымның жаңа салаларының пайда болуын талап етеді. Осылайша, бұл құбылыс қажеттіліктен туындаған күрделі құбылыс болып табылады және сөз мәдениеті және оның заңдылықтары деп аталатын сөздің мәдениетіне байланысты өзекті мәселелерді анықтауы және түсіндіруі қажет. Сөз экологиясының негізгі мақсаты ұлттық тілдің тазалығын, айқындығын, байлығын сақтайтын тілдік бірліктерді дамыту, сондай-ақ ұлттық тілге теріс әсер ететін проблемаларды шешу жолдарын көрсете отырып, оны реттеудің түрлі себептерін анықтау болып табылады. Тек осы мәселелерді толық зерделеу және талдау жағдайында ғана қазақ сөздерінің мәдениетін мемлекет ішінде реттеуге, бұл үшін жағдай жасауға және қалыптастыруға болады. Бүгінгі күні сөз экологиясының проблемасы экстралингвистикалық факторларға байланысты қоғамда неғұрлым күрделі болып отыр. Бұл мәселені қазақ тіліне тән құбылыс ретінде қарастырмау керек. Бұл мәселе тіпті мемлекеттік мәртебесі бүкіл әлемде танылған дамыған тілдерге тән. Сондықтан қазіргі уақытта мәдениет экологиясы жаһандық деңгейде кеңінен және белсенді түрде қарастырылуда. Сөз экологиясы рухани экологияның да ең маңызды мәселелерінің негізгі орталық өзегі болып саналады. Рухани экологияның мәдени құбылыстарды сақтауы адамға кері ықпалын тигізетін техникалық прогресті ұтымды игеру мәселелерін де қарастырып отырады.

Мәдениетті, рухани құндылықтарды сақтаудың мәні әлемдегі табиғатқа қатысты экологиялық мәселелерден кем түспейді. Табиғат адамның биологиялық өмірі үшін қажет болса, рухани өмір үшін мәдени орта қажет. Бұл қазіргі қазақстандық қоғамның отбасылық тәрбиесінен бастап, мемлекеттік деңгейде өзекті мәселе болып табылатын маңызды мәселелерінің бірі – қазақ тіліндегі сөз экологиясының мәселелері. Тіл экологиясына байланысты мәселелер мемлекеттік тілдің мәртебесін, оны мемлекеттік қызмет неге мазалайтынын анықтайды. Сөз экологиясына бір жақты тәртіппен қарау мүмкін емес, атап айтқанда қоғамдағы тілдің ластануы, бұған ықпал ететін факторларға ғана қарастырып қоймайды. Қазақ халқының ұлттық тілі лингвистиканың жаңа саласы болып танылуы тиіс, ол ұлттың мәдени, әдеби және тарихи жадысын ұрпақтан ұрпаққа жинау, сақтау және беру мәселелерін зерделейді және өлшейді. Барлық халықтардың тілі сияқты қазақ халқының ұлттық тілі оның мәдениетінің тарихи ұлты, өткен және болашақ ұрпақтың рухани сабақтастығы болып табылады. Сөз экологиясы тіл дамуының объективті және субъективті сипатын толық тануды талап етеді, қауіп-қатерді болдырмау міндеті үшін алғышарттарды анықтайды және оған қарсы түрлі іс-қимылдар мен шараларды ұйымдастырады. Ол қазақ ұлттық әдеби тілінің тағдырын қорғау жөніндегі шараларды іске асыру міндетін ғана емес, сондай – ақ қажетті қағидаларды да көрсетіп қана қоймай, сөйлеу мәдениетінің негізгі талаптарын қоғам мен адамның мүдделерін қарауға бағытталған. Сөз мәдениетін оның тіршілік ету аясының түрлі аспектілері сияқты экологиялық аспектіде тану барлық тілдердің өмір сүру үрдісінде кездесіп отыр.

Сөз мәдениетін толық сақтау үшін оған қарама-қарсы құбылыс болып табылатын сөздің экологиялық аспектісінің толық мазмұнын анықтау тәуелсіз мемлекет үшін де, оның мемлекеттік тілі үшін де өте өзекті сала болып табылады. Белгілі болғандай, жекелеген сала ретінде сөз экологиясын оқытудың маңызы мен мәні тек қана филологиялық білім қорларына қатысты деп қарастыру белгілі деңгейде тар түсінік болып көрінеді [5,44].

Сөз экологиясы – жалпы тұрғыдан алғанда көптеген гуманитарлық пәндердің зерттеу әдіс – тәсілін, міндеті мен мақсатын, анықтамасын, көкейтесті мәселелерін оқытуға тиісті лингвистикалық ғылым. Әрбір мемлекет кез келген ұлттың тіл саясатынан бастап, тілдің ең қысқа мәселелерімен аяқталатын ең маңызды мәселелерді шешуге өз үлесін қосады. Сөз экологиясының маңыздылығы адамзаттың экология мәселесіне көзқарастыруынан қарастырылуы тиіс. Адамзаттың мәдени және рухани құндылықтарын сақтаудың негізгі міндеті – тіл және сөз мәдениеті болып табылады. Егер терең айтатын болсақ, жалпы тіл және басқа да мәдени мұралар туралы сөз болып отыр, олар, әдетте, өткенден болашақ адамзатқа апарылады. Егер терең айтатын болсақ, адам тағдыры өткен болашаққа тікелей тілмен және басқа да мәдени мұрамен байланысты. Сөз экологиясы тіл және сөйлеу мәдениеті мен ұлттық тіл және тіл саясатының экологиясының, сондай-ақ сөйлеу мәдениеті мен білім беру мәдениетінің қазіргі заманғы проблемалық жағдайларын, дәуірдің тілдік талғамдарын, экологиялық импульсті, тіл экологиясының кейбір мәселелерін қарастырады.

Сөз мәдениетін ғылымның жеке саласы ретінде танудағы негізгі мәселелер – жалпы тілдік нормаларды, олардың сапасын, табиғи құрылымдық заңдардың келісімділігін анықтау, оларды сақтау, тұрақтандыру, мониторинг және олардың толық іске асырылуын реттеу. Сөйлеу мәдениеті – сөйлеу әрекеті арқылы жүзеге асырылатын практикалық проблемамен теориялық негізді ұштастыратын күрделі сала. Сөз мәдениетінің бұзылу сәттерін анықтау, оны жүйелеу, себептерін түсіндіру, негізгі объективті себептерін анықтау сөз экологиясына да тікелей қатысты. Сөз мәдениетін жетілдіру, оның тілге, сөзге деген нақты бағамын әлемдік тұрғыдан бағалай білуді үйрету, оның бағасына теріс әсер ететін салаларды толық түсіну маңызды. Сөз мәдениеті ғылымның талабы күшейген сайын, бұдан ары қарай бұл саланың дамуына жиі әсер ететін процестерді ғана зерттеп оқыту көзделінбейді, жетістіктері мен даму, дамыту, жетілдіру үрдісінің сандық және сапалық деңгейінің параметрлері

ұлғайып қана қоймайды, оған кері әсерін тигізетін құбылыстарды анықтау мәселесі көтеріліп, соған қатысты нақты шаралары көрсетіледі. Ғылым салалары уақыт үрдісімен бірге дамып отырады. Ғылымның жаңа салалары мен жаңа бағыттардың, зерттеу аспектілерінің жаңа түрлерінің пайда болуы табиғи құбылыс болып табылады. Әлемдік лингвистикада тілдік экология мәселесі тек сөз ғана емес, сонымен қатар зерттеу нысандары, мәні мен сипаты, негізгі теориялық бағыттары болып табылады. Осы салаға қатысты ғылыми көзқарастар біршама айқындалып, негізгі меже – міндеттерін саралау арқылы осы мәселені зерттеудің болашақтағы қырлары ашылуда.

Қазақ тіл ғылымындағы лингвистикалық экология жүйесін зерттеу мәселесі, осы салаға қатысты кешенді зерттеулер жүргізу немесе оның басқа зерттеу аспектілерін іздестіру қазақ лингвистерін ойландыруға тиісті. Сөз экологиясын жеке пән, пән саласы ретінде зерттеу қазақ тіл білімінің өзекті мәселесі болып табылатынына күмән жоқ.

Сөз экологиясының мәселесі және оның лингвистикалық сипаты, мәні, теориясы болуы тиіс, бұл зерттеу пәні, сөйлеу мәдениетін дамытудағы рөлі қандай және өзекті немесе қарама-қайшы құбылыс ретінде, тілдік норманың сипатынан ерекшеленетін жерлерді ажырату критерийлерін саралау ретінде бүгінгі күн тұрғысынан өте өзекті болып табылады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Уәли, Н. Тіл экологиясы /Н.Уәли // Ана тілі. – 2009. – 26 ақпан. – 68б.
2. Даупаев Қ. Тіл мәдениеті және стилистика, Оқу құралы, 2 – басылым, «Фолиант» баспасы, Астана – 2012ж. – 33б.
3. Балақаев. М., Серғалиев.М., Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық – Алматы: «Зият Пресс», 2006ж. – 37б.
4. Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. Алматы, 2004. 47-бет.
5. Балақаев. М., М. Серғалиев. Қазақ тілінің мәдениеті. Оқулық – Алматы: «Зият Пресс», 2006ж. – 107б.
6. ҚайдарӘ.Т. Этнолингвистика // Білім және еңбек, 1985, №10, 232 б.
7. БайтұрсыноваА.Тілтағылымы(қазақтіліменоқу-ағартуғақатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992.- 222б.

ЛИНГВОЭКОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ В КУЛЬТУРЕ СЛОВА

Аннотация

Экология слова – это сложная концепция понятий культуры мышления и речи, порядка речи, обучения языковым традициям, защиты и очистки национального языка, изучения национального языка, улучшения качества речи, поддержания баланса в функциональном стиле, определения подходов к эстетике речи. Культура слова составляет наиболее необходимую часть экологии культуры. Если культура-это совокупность достижений искусства, науки и просвещения, то она определяется языком только по отношению к слову. В определенный исторический период, в историко– культурных условиях национальный литературный язык является свидетельством и индикатором духовного развития нации. Важно подчеркнуть текущее состояние государственного языка в Казахстане, статистически говоря, состояние и перспективы развития государства, исследовательские работы, научные статьи, Идеи, дилетантские идеи, непосредственно связанные с проблемами языковой экологии.

Ключевые слова: экология слова, культура слова, аспект, национальный язык, языковая норма.

LINGUOECOLOGICAL PROBLEMS IN WORD CULTURE

Abstract

Word ecology is a complex concept of the concepts of culture of thinking and speech, speech behavior, teaching to language traditions, protection and purification of the national language, teaching the national language, improving the quality of speech, maintaining a balance in functional style, determining the ways of speech aesthetics. The culture of the word forms the most necessary part of the ecology of culture. If culture-art, science is a set of achievements in the field of enlightenment, then it is determined only by language in relation to words. In a certain historical period, in historical and cultural conditions, the national literary language is a testimony and indicator of the spiritual development of the nation. It is important to highlight the current state of the state language in Kazakhstan, from a statistical point of view, the state and prospects for the development of the state, research papers, scientific articles, ideas, amateur ideas directly related to the problems of language ecology.

Keywords: ecology of the word, culture of the word, aspect, national language, language norm.

МРНТИ 16.21.35

Д.Б. Жолекенова¹, Ж.А. Исина²

Баишев университеті

zhannur_8383@mail.ru

МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНЫМДЫҚ ТҰРҒЫДАН
ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Мақал-мәтелдерді қазақ тіл біліміндегі нақты деректер негізіндегі зерттеулердің нәтижелері лингвомәдениеттанудың маңызды да айқын тұжырымдары мен қағидаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, тіл тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ ұғым – тіл – мәдениет жиынтығынан құралатын, халықтық жаратылыстан тұратын ұлттық мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі ретінде танылса, мақал-мәтелдердің бойындағы ұлттық ұғым мен мәдениеттің көрініс беріп, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы берілуі зерттеудің құндылығын арттыра түседі. Кез-келген халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, түсінігі т.б - біздің санамызда тілдік шығармашылықтың дамуының нәтижесінде туған тілдік бейнесі.

Негізгі сөздер: ұлт, тіл, мәдениет, мақал-мәтел, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика.

Халықтардың ғасырлар бойы жинақтаған рухани және материалдық мәдениетінің жетістіктері мен ұлт өркениетіне қатысты ақиқат белгілерін таңбалайтын тұрақты тілдік бірліктерді зерттеу - лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеудің теориялық негізі болады. Тіл білімінде «қазіргі лингвистиканың құрылымдық, яғни тілді өз жүйесі ішінде ғана зерттеу парадигмасының антропоцентристік қағида негізінде – сол тілдің иесі болып табылатын адаммен, оның (тілдің) функционалды қолданыс табатын әлеуметтік орта, тарих, мәдениет пен танымдық үрдіспен байланыстыра қарайтын зерттеулердің нәтижесі болып табылар соңғы он жыл көлемінде тіл мен мәдениеттің өзара байланыс тетіктері мен жалпы ұлттық дүниетаным, ұлттық мәдениеттің тілдегі көрінісін зерттейтін лингвомәдениеттану ғылымы пайда болды» [1,5], – деп айтуға толық негіз бар.

Мақал-мәтелдерді лингвомәдени бағытта қарастырудың кешенді сипаты мен ғылымиаралық сабақтастығын атап өткен жөн мақал-мәтелдерді зерттеу барысында этнография, тарих, мәдениет, салт-дәстүр, өнер, космонимия т.б. ғылымдарының деректері де тиімді пайдаланылады.

Мақал-мәтелдерді қазақ тіл біліміндегі нақты деректер негізіндегі зерттеулердің нәтижелері лингвомәдениеттанудың маңызды да айқын тұжырымдары мен қағидаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан алғанда, тіл тек қарым-қатынас және танымдық қызмет атқаратын құрал ғана емес, сондай-ақ ұғым – тіл – мәдениет жиынтығынан құралатын, халықтық жаратылыстан тұратын ұлттық мәдени код, қор, мәдени ақпарат көзі ретінде танылса, мақал-мәтелдердің бойындағы ұлттық ұғым мен мәдениеттің көрініс беріп, ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы берілуі зерттеудің құндылығын арттыра түседі. Кез-келген халықтың басынан кешкен тарихы, бүкіл рухани, мәдени байлығы, болмысы, дүниетанымы, өмір тіршілігіне, күнделікті тұрмысына қажет бұйымдары, әдет-ғұрпы, салт-санасы, түсінігі т.б. - біздің санамызда тілдік шығармашылықтың дамуының нәтижесінде туған тілдік бейнесі. Мақал-мәтелдер бойынан ұлт тарихына, төл мәдениетімізге, танымымыз бен талғамымызға, мінезіміз бен санамызға, дәстүр мен даналығымызға сай тұтастықты сақтаған тілдік құбылысты аңғарамыз. Бұлардың барлығы жай таңбалық жүйе емес, ұлт мәдениетінің көрсеткіші.

Мұндағы тілдің қызметі этномәдени ақпараттарды сақтап, жеткізуші, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы, бүтін тұтастық болып танылады. Шындық өмірдің мәдени ақпаратын танытатын әрбір лингвомәдени бірлік, ол фразеологизм болсын, не мақал-мәтел болсын дүниенің тілдік бейнесін айқындаушы лингвомәдени көрсеткіш ретінде қарастырылады. Олардың мазмұндық құрылымы тіл мен мәдениет арасындағы өзара байланыстылықты айқындайды және таңба мазмұнындағы лингвистикалық, мәдени ақпараттармен танылады. Мақал-мәтелдерді лингвомәдениеттанымдық бағыттағы зерттеулердің түпкі мақсаты – қазақ тілінің өзіндік жеке мәдени тілін қалыптастыруға, тілі арқылы ұлтын тану дәрежесіне жеткізуге құрылған. Тіл – әрбір елдің, әрбір ұлттың тарихын, мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігін, тіпті сол ұлттың өз болмысын танытатын, оны сақтап қалатын, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін ұлы қазына ретінде қоғамдағы ең маңызды қажеттіліктердің бірі.

Мақал-мәтелдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеуде тіл мен ұлттық мәдениеттің сабақтастығына жүгінеміз. Тіл қарым-қатынас құралы болуымен бірге оны тұтынушы халықтың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, дүниетанымдық ерекшелігін, ұлттық болмысын, рухани-мәдени байлығын, сан ғасырларға созылған даму тарихын ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып жеткізуші, жинақтаушы қызмет атқарады. Академик Ә. Қайдардың пікірінше: «...тіл – қорған, тіл – қару, өнер алды –қызыл тіл, тіл – ұлттың жаны мен тәні т.т... Өз тілінен айрылған ел – ел емес, ұлт – ұлт емес. Өйткені, этностың ұлт санатына қосылуы үшін қажетті де міндетті шарттарына ортақ табиғи орта, ортақ күнкөріс көздері, ортақ тіл, ортақ психология жататыны белгілі, сондықтан да қазақ халқы бүгінгі жержүзілік жаһандану процесінде біртұтас ұлт болып қалуы үшін ана тілінің тас түйін етіп ұйыстыратын ұйытқы болар күдіретті күшіне сүйену керек...» [2, 32].

Кез-келген ұлт немесе этнос қалыптасу ерекшелігіне сәйкес белгілі кезеңдерді бастан кешіреді. Қарым-қатынас құралы ретінде тілдік таңбалардың этнос тілінде қолданысқа түсуі – тіл мен этностың ажыратып алуға, бөліп-жаруға келмейтіндігінің тағы бір дәлелі. Тіл тарихы халық тарихымен қатар өріліп жатады. Тарихшылар қазақ жұртының этногенездік тарихи көздері мен түркі тілдері жүйесіндегі орнын айқындауға байланысты қыпшақтық негізді айқындап береді. Сонымен қатар, қазақ тілінің бастау бұлағы болып табылатын көне қыпшақ тілі көптеген түркі халықтары тілінің этностық қалыптасуының басты негіздерінің бірі.

Түркі халықтары тілінің қалыптасу, даму тарихы жалпы адамзат тілінің пайда болу, даму тарихымен тығыз байланысты болғандықтан, тіл онтологиясы аясында, тілдік деректер негізінде анықтауға болатын теориялық мәселе.

Қазақ тілі – қазақ ұлтының тілі, қазіргі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілгенге дейін түрлі тарихи кезеңдерді бастан кешірді, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі мен сана-сезімі, менталитеті, қолтума мәдениетін сақтап қалды. Сондықтан қазіргі қазақ тілінің орта ғасыр ескі қыпшақ тілімен байланыстырыла қарастырылуы заңды құбылыс. Бұл мәселе әлемдік түркологияда, атап айтқанда ХХ ғасырдың екінші жартысында қалыптаса бастаған «Қыпшақтану» саласында қарастырылып жүр. Бұған негіз – екі тілдің арасандағы генеологиялық туыстық пен қазақ тілінің тарихи қалыптасуының түбегейлі зерттелмеуі. «Жалпы тіл тарихы мен әдеби тіл тарихының өз алдына екі бөлек құбылыс екенін де есте ұстаған жөн. Себебі белгілі бір халық тілінің тарихы әдеби тіл тарихынан әлдеқайда ерте басталады» [3,10], - деген бір топ ғалымдардың тұжырымдарына сүйенсек, қазақ тілінің қалыптасу тарихының әріден басталғанын байқаймыз.

Қазақ халқы өзге түркі тайпалары секілді көне, орта түркі мәдениеті мен өркениеті мұрагерлері санатында. Сондықтан да көне, орта түркі мәдениетінен бастау алған жазба жәдігерліктердің этнолингвистикалық құндылығын анықтаудың маңызы зор. Орта ғасырлық жазба мұрағаттар тілінде қазақ халқының ділі мен тіліне тән элементтердің кездесуі – тіл мен этностың ажырамас құбылыс екендігінің тағы бір дәлелі. Бұл жерде А.А.Потебняның «халық – тілді жасаушы, тіл – «халықтық рухтың» нәтижесі, сондықтан да тілден біз ұлттық ерекшеліктерді көреміз» [4,156] деген пікірін басшылыққа алудың маңызы зор.

Тілімізде ұлттық мәдениеттің өзегін құрайтын қастерлі ұғымдар мен көзқарастардың қалыптасуына, тіл мен мәдениеттің сабақтастығының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалымдардың қатарына В. Фон Гумбольдт, А.А. Потебня, А. Вежбицкая, А. Шмелев, Ю. Апресян, В. Воробьев, Е. Жанпейісов, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, С. Жанпейісова, А. Сейілхан т.б. жатқызуға болады.

Тіл – тарихи құбылыс. Бірқатар түркі тілдерінің (өзбек, қазақ, қарақалпақ, татар және т.б.) өз алдына отау тігіп, жеке тіл болып қалыптасу кезеңі, көне қыпшақ тілі туралы жазылған жазба нұсқалардың түзілу уақытына тұспа-тұс келеді, яғни Х-ХҮ ғғ. болып есептеледі. Сондықтан тарихи тақырыпқа байланысты мәселелер сөз болғанда (әсіресе қазақ тіліне, оның тарихына орай) орта ғасырлық көне қыпшақ жазба жәдігерліктерінің де ғылымға берер мүмкіншіліктерін ескеру қажет.

Қазіргі түркі тілдес, оның ішінде қыпшақ тілдес мемлекеттердің басым бөлігі тәуелсіз ел болып, енді біреулері тәуелсіздікке ұмтылып жатқан кезеңде ХІ-ХІҮ ғасырлар аралығындағы көне қыпшақ мәдениетін зерттеу ісі жаңа мазмұнға ие болып жандана түсуде. Қазақ, өзбек, башқұрт, қарақалпақ, әзербайжан, қырым татарлары тәрізді көптеген этностар мен тайпалардың жеке ұлт болып қалыптасуының негізінде көне қыпшақ тілі, мәдениеті мен тарихы жатыр. Бұл мәселе ұлттың ұлт болып қалыптасу тарихындағы тіл қызметінің маңыздылығын көрсетеді.

Қазақ тілінде «ұлттық құндылық» деген философиялық-танымдық ұғым бар. Ал, ұлттық құндылықты тілсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Ұлттық құндылықтардың қатарында тұрақты тіркестеріміз бен мақал-мәтелдер, қанатты сөздер де бар. Сондықтан өткеніміздегі этномәдени құндылықтардың барлығы тіліміздің өзекті ұстанымына айналуы керек. Ал, қазіргі таңда орта ғасыр жазба ескерткіштерінің қазақ тіліне қатыстылығын анықтаудың маңызы ерекше. Белгілі ғалым М.Арынның «Тіл – ойды ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып құрап беруші орган» деген пікірінде де «тіл мен ұлт» біртұтас деген қағиданың негізі жатыр.

Жалпы, қазақ тілін рухани-танымдық тұрғыдан бір жүйеге түсіріп зерделеп жүрген ғалым Ж.А. Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» еңбегінде *ұлт-тіл-мәдениет* үштігінің ажырамас бірлікте екендігін орынды пікірлерімен дәйекті дәлелдеді» [5,176].

Қазақ тілін, қазақ ұлтының мәдениетін зерттеуде халық тарихының алатын орны зор. Сан мыңдаған жылдар қалыптасқан ұлттың да ұрпаққа айтар сыры сансыз. Халық тілінің этномәдени сипатын зерделеуде халықтың рухани байлығының негізінің орта ғасыр жазба ескерткіштерінде жатқанын аңғардық. Шежірелі тарихымызға үңіле қарасақ, қазақ ұлтының көне қыпшақтардың мұрагері екендігіне көзіміз анық жетеді. Түркітану ғылымында соңғы кездері осы мәселе зерттеліп, соны ойлар жарық көрді.

Тіл этностың мәдени байлығының куәгері. Тілдің бұл қасиетіне себепші ұлттық байлықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші кумулятивтік қызметінің маңызы ерекше. Этностың көнеден тамырланған этномәдени тарихы аса құнды мұра. Жазба тілдегі фразеологиялық бірліктерді тек тұрмыстық лексиканың ауқымында қарастыруға болмайды. Оларды ұлттық сана мен ұлттық таным сабақтастығының нәтижесінде пайда болатын мәдени лексиканың аясында қарау қажет. Халқымыздың рухани мол мұрасын этномәдени тұрғыдан зерттеу ісі қазақ тіліндегі, сонымен қатар тарихи, әдеби, археологиялық, этнографиялық бағыттағы зерттеу жұмыстарына мол үлес қосады. Ш.Уәлиханов, Ә. Марғұлан, Ә. Қайдаров, М. Әуезов, Р. Сыздық, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ж. Манкеева, Н. Уәлиев т.б. ғалымдар еңбектерінде мәдени лексика туралы ой қозғайды.

Ж.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» еңбегінде мәдени лексиканың қабаты ақын-жыраулар шығармашылығы, диалектілік лексика, фольклор, фразеология т.б. тараушаларға бөлініп қарастырылған.

Қазақ әдеби тілі жайында энциклопедияға жазған мақаласында Ә. Құрышжанов пен А. Ибатов V-VIII, IX-XII және XIII-XIV ғасырлардағы ескі түркі ескерткіштерінің тілін қазақ әдеби тілінің ескі арналары есебінде атап өтеді [6, 20]. Осы қазақ әдеби тілінің ескі арналарының сілемдері, рудименттері (тілдік қалдықтар) этностың бойынан, бірінші кезекте тілінен көрінеді.

Ә. Қайдар қазақ этнолингвистикасын зерттеуде құнды-құнды пікірлер айтып, «Этнос жоқ жерде тіл болмайды, тілсіз этнос болмайды» деген қағиданың негізінде этнос пен оның тілі арасындағы табиғи тұтастықты сипаттай білді. Бұл тұжырым басқа да ғалымдардың зерттеу еңбектерінде жалғасын тапты. Тіл мен этнос қалыптасу барысында өзара тығыз қарым-қатынаста болуы тілдің мұрагерлік қызметінің негізінде жүзеге асады. «Тіл дамуының өзі – ру-тайпа тілдерінен халық тіліне, халық тілінен ұлт тіліне қарай өрбитін тарихи құбылыс» деген ғылыми теорияның негізінде тілдің кумулятивтік қызметі жатыр» [2, 5]. Шындығында тіл дамыса, қоғам да дамиды, ал қоғамдағы болып жатқан оқиғалар, тарихи жағдайлар ұлт тілінде сақталатыны белгілі.

«Тіл – тарихи категория. Ол өзінің ішкі даму заңдылығы бойынша өрбиді, дамиды, жетіледі. Ешқандай саяси әлеуметтік формацияның ықпалына бағынбайды, бірақ әрбір заман-дәуірде өз халқының өмірімен бірге өседі, онымен біте қайнасып, бірге күн кешеді. Ел басынан өткен өзгерістер таңба басқандай болып жазылып қалады» [7, 56]. Тіл – халықтың тарихы, ұлттың анасы. Қазақ тілі қыпшақ тілдері тобынан бөлініп шығып, оқшаулану үдерісін бастан кешірді. Бұл құбылысты этнос пен тіл бастарынан қатар кешірді. Көне қыпшақ тілінің қазақ тілінде алар орнын тарихтың өзі тағайындап кеткен. В. Фон Гумбольдттің «тіл халық рухының, оның танымы мен менталитетінің көрінісі» деген концепциясына сүйенген антропологиялық тіл білімі қазақ топырағында да даму үстінде. Тіл мен мәдениетті сабақтастырған этнолингвистиканың негізін қалаған академик Ә.Т. Қайдаров болса, бұл сала Р.Ф. Сыздықова, Е. Жанпейісов еңбектерінде жалғасын тапты.

Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттың рухани ерекшеліктері, ойлау ұғымдары мен бағыт-байламдарын сипаттайтын тілдік жүйесі арқылы ана тілінде сақталады. Ол – әр халықтың материалдық, экономикалық, әлеуметтік жағдайына байланысты дамиды, қоғамдық санасына сәйкес негізделетін, «ұжымның жадында жинақталған жүйе» [5,18].

Сайып келгенде, тіл – этномәдени құндылықтарды сақтап, болашақ ұрпаққа жалғастырушы, ұлтты біріктіруші құрал болып табылады.

Этнолингвистика ғылымы этнос пен этнос тілінің негізінде қалыптасқандығын көптеген ғалымдар атап айтсақ, В. Гумбольдт, В. Вундт, А.А. Потебня, Г. Шухардт, Ф. де Соссюр, Бодуэн де Куртенэ т.б. ғалымдар жоққа шығармайды. Кез-келген халықтың, этностың ұлттық бейнесін тілі арқылы ғана жан-жақты танып білуге болады.

Ұлт тұлғасын танып-білуде, мақал-мәтелдердің лингвомәдени ерекшеліктерін анықтауда мәдениеттану саласының қосар үлесі мол. «Мәдениет» ұғымы жеке адамға тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ұлттық сананы, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін қамтитын күрделі құрылым. Ал, ұлт мәдениетіне келетін болсақ, әр халықтың табиғаты негізге алынады. Белгілі орыс мәдениеттанушысы А.И. Беляевтың пікірінше: «Этнические культуры – эти особые исторически выработанные способы деятельности, благодаря которым обеспечивалась и обеспечивается адаптация народов к условиям окружающей их природной и социально-культурной среды» [8, 48].

Ұлт мәдениеті әрбір этносқа тән құбылыс. Кез-келген халықтың дүниетанымы мен таным-түсінігі этнос мәдениетінің ауқымында қарастырылады. Халық бойындағы қасиеттерді танып-білудің ең басты құралы – тіл.

Лингвомәдениеттанудың негізгі нысаны «тіл мен мәдениет» сабақтастығымен сипатталатындықтан, тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық құрылымда болғанымен, бір-бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе. Кез-келген ұлттық тілдің шынайы табиғатын тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білумен қатар оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностың сан ғасырлық жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде орныққан мәдениетімен, ой-танымымен тікелей байланысты. Ал, ұлт тарихы мен мәдениетін, ой-танымын саралауда мақал-мәтелдерді лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан зерттеудің маңызы зор. Осындай қажеттіліктердің негізінде ұлттық тілді халықтың мәдениетімен біріктіре қарау мәселесі лингвомәдениеттану ғылымының тууына себепші болды. Бұл бағыттың іргетасын В. фон Гумбольдт, Я. Гримм, Ф. де Соссюр, Р. Раск, Э. Сепир, Б. Уорф, А. Потебня, Г. Штейнталь еңбектері қалағаны байқалады. Әрі қарай жалғастырушы орыс ғалымдары В.А. Маслова, В.Н. Телия, Е. Верещагин, В. Костомаров, В. Воробьев, А. Арутюнова, т.б. қалады. Сондай ғалымдардың бірі В.Н. Телия лингвомәдениеттануды тіл арқылы танылатын этнос мәдениетінің диахрондық сипатына назар аударатын этнолингвистиканың «тілдің корреспонденциясы мен мәдениеттің өзара қатынасының синхронды түрін зерттейтін және сипаттайтын бір бөлшегі» [9, 80] деп анықтайды.

Тілдік бастаудың негізінде мәдениет қалыптасты. Адами нақтылықты анықтауда тілдің рөлі зор. Ал, адами нақтылыққа ие болған адамзат тіршілігінен мәдениеттің әлемі бастау алды. Шын мәнінде, ақиқат дүние бейсаналы түрде тілдік нормалар негізінде жасалады. Адам баласының қандай да бір құбылысты әрқалай көруі, естуі, қабылдауы тілдік нормалардың өз көрінісінің формасына сай болуымен байланысты. Осыған орай мәдениеттанушылар мәдениет тілін былайша анықтайды: «Мәдениет тілі дегенімізді оның кең мағыналылығымен сәйкес алар болсақ, бұл – адамдардың коммуникативті байланыс жасап, мәдениет кеңістігіндегі бағдарын айқындауға мүмкіндік беретін құралдар, таңбалар, рәміздер мен мәтіндер. Мәдениет тілі – бұрын болған не жаңадан пайда болатын түсініктер, қабылдаулар, ұғымдар, бейнелер және басқа да осы тектес мәндік құрылымдар (мағынаны жеткізуші) ұйымдасатын нақтылықты түйсінудің әмбебап формасы болып табылады» [10,154]. Ал мәдениеттің тілсіз дамуы мүмкін емес.

Тіл – мәдениеттің өмір сүру формасы болса, мәдениет – тілдің ішкі құрылымы. Осы ерекшеліктеріне байланысты, тіл мен мәдениетті бір-бірінен бөліп қарауға болмайтын тұтас бір дүние деуге болады. Нәтижесінде антропоэлектік бағытқа сай тіл мен мәдениеттің байланысын, тілдің мәдениетті сақтау, сипаттау, жарыққа шығару қасиеттерін анықтайтын өзіндік зерттеу нысаны бар, зерттеу әдістері мен қағидалары бар арнайы ғылым саласы лингвомәдениеттану қалыптасты.

«Тіл – тек мәдениетті танытушы құрал ғана емес, тілдің бойында оның (мәдениеттің) арқауын құрап, негізін қалайтын ұлттық рухтың ізін айқындап тұратын ұлы күш. Лингвомәдениеттану негізінде ұлтқа тән мәдени-танымдық жүйенің қалыптасуын анықтауға болады. Ал бұндай зерттеулерге тілдің кумулятивтік қызметі негіз болады» [11, 6] деген А. Сейілханның пікірінің мәні зор және ғалымның: «Лингвомәдениеттану – этнос мәдениеті мен сол тілде сөйлеуші халықтың лексикасының мәдени-тілдік деректерін сипаттайтын, жұрт мәдениетін өз лексикасы арқылы басқа этносқа танытатын, ұлттық рух пен ұлттық тілдің туын көтеретін, халықтың тіл байлығын тек болмысы арқылы өз тұғырына жеткізіп келешекке танытатын, тілдік деректерді ұлттық нышанда жарата да, жарқырата да алатын, этнолингвистика пәнімен ағайындас, ұлттық рух пен тіл арасында өзіндік жолы бар, тілді мәдениет арқылы танудағы бітімімен басқа тіл ғылымдарынан ерекшеленетін, қоғамдық-әлеуметтік, эстетикалық, философиялық сипаты бар кешенді пән» [11,23] деген анықтамасын, біздіңше, қазақ тіл біліміндегі осы бағыттағы зерттеулердің нәтижесінің қорытындысы, түйіні деп бағалауға болады.

Демек, «тіл негізінен белгілі бір мәдениеттің құндылықтары мен белгілерін өз бойына сіңіреді, үнемі антропологиялық, логикалық және философиялық факторларға сүйеніп отырады. Өзінің символдық және бастапқы қызметі арқылы тіл басқа тіршілікті бейнелей алады және белгілі бір мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын құбылыстардың жинағын білдіреді» [12, 29].

Кез-келген ұлттың руханиятын, дүниетанымын, салт-санасын, ұлттық мінезін өн бойына жиып, сан ғасырлар өтсе де санадан өшпейтін ұлт тілі мен мәдениетінің негізінде фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары [мәтін]: - Ш.Елемесова. - Ф.ғ.к. дис. Алматы, 2003. – 127 б.
2. Қайдаров Ә.Т. Ұлтты ұйыстыратын күдіретті ұйытқы [мәтін]: - Ә.Т.Қайдаров. – Алматы,2003.–319 б.
3. Балақаев М., Сыздықова Р., Жанпейісов Е. Қазақ әдеби тілінің тарихы [мәтін]: - М.Балақаев, Р.Сыздықова, Е.Жанпейісов. - Алматы, 1968. - 106.
4. Потебня. А.А. Слово и миф [мәтін]: - А.А.Потебня. – М.: Наука, 1989. -156 с.
5. Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдени лексикасы [мәтін]: - Ж.Манкеева. - (филол. ғыл. докт. ғыл дәр алу үшін) Алматы, 1997. - 176 б.
6. Құрышжанов Ә., Ибатов А. Ежелгі түркі жазба ескерткіштері жайында // Қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихы мен даму жолдары [мәтін]: - Ә.Құрышжанов., А.Ибатов. – Алматы: Ғылым, 1981. – 124 б.
7. Исаева Ж. Әдеби тілдің нормасынан ауытқыған сөздердің тарихи-лингвистикалық аспектісі [мәтін]: - Ж.Исаева. - Алматы, Арыс, 2004. - 205б.
8. Беляев А.И. Культурологические гипотезы... // Этнолингвистические проблемы семантики [текст]: - А.И.Беляев. - М.: Наука, 1978. –248 с.
9. Телия В.Н. Русская фразеология [текст]: - В.Н.Телия. - М.: Наука, 1996. – 80 с.
10. Тіл мен мәдениет // Әлемдік мәдениеттану ой-санасы [мәтін]: - Құраст. Ә. Б. Наурызбаева. – Алматы, 2005. - 432б.

11. Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық мәні [мәтін]: - А.Сейілхан. - Фил.ғыл.канд. дисс. қолжазбасы. – Алматы, 2001.– 154 б.
12. Снасапова Г. Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» повесіндегі лингвомәдени Бірліктер [мәтін]: - Г.Снапасова. - ф.ғ.к. ... дис. авторефераты. – Алматы, 2003. – 29 б.

ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКОГО ИЗУЧЕНИЯ ПОСЛОВИЦ И ПОГОВОРОК

Аннотация

Результаты исследований пословиц и поговорок на основе фактических данных в казахском языкознании позволяют сформировать важные и четкие выводы и принципы лингвокультурологии. С лингвокультурологической точки зрения язык признан не только средством общения и познавательной деятельности, но и национальным культурным кодом, фондом, источником культурной информации, состоящим из Народного творения, состоящего из совокупности понятий-языка-культуры, пословиц и поговорок. повышает ценность исследований. История, пережитое любым народом, все его духовное, культурное богатство, бытие, мировоззрение, предметы быта, быта, обычаи, обычаи, понятия и т.д.- языковой образ, рожденный в результате развития языкового творчества в нашем сознании.

Ключевые слова: нация, язык, культура, пословицы, лингвокультурология, этнолингвистика.

THEORETICAL FOUNDATIONS OF THE LINGUOCULTURAL STUDY OF PROVERBS AND SAYINGS

Annotation

The results of the study of Proverbs and sayings on the basis of real data in Kazakh linguistics allow us to form important and clear conclusions and principles of linguoculturology. From a linguistic and cultural point of view, language is recognized not only as a means of communication and cognitive functions, but also as a national cultural code, a resource, a source of cultural information, consisting of a folk nature, consisting of a set of concepts-language-culture, which reflects the National concept and culture in Proverbs and sayings, and the transmission of language from generation to generation increases the value of research. The history of any people, the entire spiritual, cultural wealth, existence, worldview, products necessary for life, everyday life, customs, concepts, etc.-the language image that is born in our minds as a result of the development of linguistic creativity.

Keywords: nationality, language, culture, proverbs, linguoculturology, ethnolinguistics..

МРНТИ 16.21.25

Мустафина А.А.

Баишев Университет, г.Актобе

e-mail: arumustafina3@gmail.com

МЕТОДИКА ФОРМИРОВАНИЯ ЛЕКСИЧЕСКИХ НАВЫКОВ СТУДЕНТОВ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ ОФИЦИАЛЬНО-ДЕЛОВОГО СТИЛЯ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

Аннотация

Данная статья освещает вопрос методики формирования лексических навыков у студентов в процессе изучения официально-делового стиля английского языка. Рассмотрены основные принципы формирования лексических навыков, такие как изучение слов в

контексте, обучение новым словам через аналогии, использование словарей и текстовых материалов. В данной работе предложены методы, которые помогут студентам улучшить свои навыки в области делового английского языка и выразительности. Автор работы считает, что эффективное формирование лексических навыков способствует развитию коммуникативных способностей студентов и реализации их профессиональных потенциалов в будущем.

Ключевые слова: лексические навыки; официально-деловой стиль; методика обучения; английский язык; формирование; студенты; владение профессиональной лексикой.

В современном мире знание английского языка в области деловых коммуникаций является актуальной и необходимой компетенцией для успешной карьеры. Одним из самых распространенных видов английского является официально-деловой стиль. Он включает в себя особый набор лексических единиц и правил, которые требуют от студентов не только знаний, но и умения правильно применять их в реальных ситуациях общения. В связи с этим, методика формирования лексических навыков у студентов в процессе изучения официально-делового стиля английского языка становится важной задачей современного образования. Она направлена на формирование у студентов компетенций, необходимых для эффективного использования деловой лексики в коммуникации, что является необходимой предпосылкой для их успешной работы в профессиональной сфере.

Цель данного исследования заключается в изучении методик формирования лексических навыков у студентов в процессе изучения официально-делового стиля английского языка. Результаты исследования могут помочь разработать эффективные методики обучения, способствующие формированию у студентов уверенности в использовании английского языка в официальных и деловых ситуациях. Кроме того, исследование может способствовать улучшению методической подготовки преподавателей английского языка в области официально-делового стиля.

Одной из основных методик формирования лексических навыков у студентов в процессе изучения официально-делового стиля английского языка является использование специальных учебных материалов, содержащих богатый лексический материал, а также упражнения на его закрепление и развитие. Кроме того, применяемыми методами являются:

1. Активизация активного словаря студента путем частого использования новых слов в контексте.
2. Организация диалогической и монологической речи на темы, связанные с деловым общением, с целью закрепления и расширения лексических знаний.
3. Использование лексических тестов и игр, которые позволяют закрепить усвоенный материал и развить лексический запас.
4. Работа с лексико-грамматическими шаблонами для формирования навыков английской речи в официально-деловом стиле.
5. Использование аутентичных текстов, например, бизнес-новостей, корпоративной лексики, которые помогают понять особенности деловой лексики и закрепить ее в практике.
6. Углубленное изучение специализированной терминологии в различных сферах бизнеса и экономики [1].

В целом, процесс формирования лексических навыков в процессе изучения официально-делового стиля английского языка требует систематической и последовательной работы с лексическим материалом, его закрепления и расширения [2].

Методика формирования лексических навыков у студентов в процессе изучения официально-делового стиля английского языка является важным элементом овладения языковыми навыками и компетенциями. Эта методика включает в себя несколько этапов, каждый из которых фокусируется на определенных аспектах языка и требует определенных умений и навыков от студентов [3].

Первый этап заключается в изучении базовой лексики официально-делового стиля английского языка, которая включает специфические термины, фразы, обороты речи и прочие элементы языка. Студенты изучают эту лексику с помощью учебников, учебных материалов и аудио- и видеороликов, а также через взаимодействие со специалистами в данной области.

Второй этап связан с практическим применением лексики в конкретных ситуациях. Студенты учатся использовать лексику английского языка в официально-деловых контекстах, например, при подготовке бизнес-презентаций, составлении официальных писем и других документов. Они также учатся анализировать и интерпретировать термины и обороты речи, чтобы использовать их в соответствии с правилами бизнес-коммуникации.

Третий этап – это повторение и закрепление лексики и навыков в процессе практики. Студенты должны постоянно взаимодействовать друг с другом и с преподавателем, используя официально-деловой стиль на практике. Для этого могут быть использованы разнообразные упражнения, такие как ролевые игры, презентации, дискуссии и т.д.

Таким образом, методика формирования лексических навыков у студентов в процессе изучения официально-делового стиля английского языка является сложным и многоэтапным процессом, который требует постоянной практики и повторения. Этот подход помогает студентам не только освоить языковые навыки, но и сформировать профессиональные компетенции, которые будут полезны им в будущей карьере [4].

Методика формирования лексических навыков является одним из важнейших компонентов в процессе изучения официально-делового стиля английского языка для студентов.

Существует множество подходов и методов, которые используются для обучения и развития лексической компетенции студентов. Прежде всего, важно понимать, что для успешного формирования лексических навыков, необходима активная работа на совершенствование словарного запаса в закреплённом контексте.

Первый этап формирования лексических навыков – это отбор материала, который будет использоваться для обучения. Здесь рекомендуется выбирать специализированные ресурсы, где концентрация официально-делового языка высока. К примеру, корпоративные сайты, деловые издания и пресс-релизы [5].

Далее необходимо уделить внимание процессу запоминания новых слов и фраз. Одним из наиболее успешных способов здесь является использование ассоциаций, т.е. связывание нового слова или фразы с уже существующими знаниями и представлениями. Дополнительным методом, который также помогает в процессе запоминания, является использование флеш-карт – небольших карточек с терминами и их определениями.

Продолжительная и систематическая практика, а также частое повторение, также имеют важное значение в процессе формирования лексических навыков. Рекомендуется проводить регулярные тренировки, которые укрепляют лексические знания студентов.

Также необходимо отметить, что использование современных технологий (например, мобильных приложений и онлайн-словарей) в процессе обучения также имеет большую важность и может помочь в формировании лексических навыков студентов.

В заключение, можно сказать, что формирование лексических навыков является ключевым элементом в процессе изучения официально-делового стиля английского языка для студентов. Для достижения успеха в данном направлении, необходима систематическая и целеустремлённая работа, а также использование разнообразных методов и технологий.

В ходе изучения официально-делового стиля английского языка особое внимание уделяется формированию лексических навыков у студентов. Эта методика помогает им понимать и использовать специфические термины и слова, которые могут быть необходимы в деловом контексте.

Для того, чтобы студенты могли успешно владеть лексическими навыками, важно использовать различные методы и подходы, включая чтение профессиональной литературы, аудирование диалогов и лекций, выполнение упражнений на закрепление изученного материала и создание собственного словарного запаса.

Следуя этой методике, студенты смогут улучшить свои коммуникативные навыки и научиться правильно использовать сложную лексику уровня официально-делового стиля. Это не только поможет им в их академической деятельности, но и будет полезным для их будущей профессиональной карьеры.

Список литературы

1. Кузнецова И.В. Формирование лексических навыков студентов при обучении деловому английскому языку. // Наука и образование. 2016. № 7 (сентябрь). С. 120-122.
2. Павличенко С.А. Формирование лексических навыков студентов в процессе изучения официально-делового стиля английского языка. // Учебно-методический комплекс Высшей школы экономики.
3. Латышева Е.В. Проблемы формирования лексических навыков при изучении делового английского языка. // Вестник Казанского государственного университета. 2012. № 2 (78). С. 44-47.
4. Мещерякова Е.В., Сидоренко И.Н. Методика формирования лексических навыков студентов в процессе изучения английского языка на базе деловых текстов. // Актуальные проблемы современной науки и образования. 2017. Т. 2. № 2. С. 98-101.
5. Макарова Л.Н. Формирование лексических навыков при изучении официально-делового стиля английского языка. // Известия Волгоградского государственного педагогического университета. 2014. № 3 (50). С. 78-81.

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ РЕСМИ-ІСКЕРЛІК СТИЛІН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ЛЕКСИКАЛЫҚ DAҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Бұл мақалада ағылшын тілінің ресми іскерлік стилін оқу процесінде студенттердің лексикалық дағдыларын қалыптастыру әдістемесі мәселесі қарастырылған. Сөздерді контексте меңгерту, аналогия арқылы жаңа сөздерді меңгерту, сөздіктер мен мәтіндік материалдарды пайдалану сияқты лексикалық дағдыларды қалыптастырудың негізгі принциптері қарастырылады. Бұл құжат студенттерге іскерлік ағылшын тілі және мәнерлік саласындағы дағдыларын жақсартуға көмектесетін әдістерді ұсынады. Жұмыс авторы лексикалық дағдыларды тиімді қалыптастыру студенттердің коммуникативті қабілеттерін дамытуға және болашақта кәсіби мүмкіндіктерін жүзеге асыруға ықпал етеді деп есептейді.

Түйінді сөздер: лексикалық дағдылар; ресми іскерлік стиль; оқыту әдістемесі; ағылшын тілі; қалыптастыру; студенттер; кәсіби сөздік қорын меңгеру.

METHODS OF FORMATION OF LEXICAL SKILLS OF STUDENTS IN THE PROCESS OF LEARNING THE OFFICIAL BUSINESS STYLE OF THE ENGLISH LANGUAGE

Abstract

This article highlights the issue of the methodology for the formation of lexical skills in students in the process of studying the official business style of the English language. The basic principles of the formation of lexical skills, such as the study of words in context, learning new words through analogies, the use of dictionaries and text materials, are considered. This paper proposes methods that will help students improve their skills in the field of business English and

expressiveness. The author of the work believes that the effective formation of lexical skills contributes to the development of students' communicative abilities and the realization of their professional potentials in the future.

Keywords: lexical skills; official business style; teaching methodology; English language; formation; students; possession of professional vocabulary.

МРНТИ 17.01.07

Қ.С. Рысқалиева ¹, Ғ.М. Ниязова ²

Баишев Университет

bereke55@mail.ru

Қ. ЖҰБАНОВТЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯЛАРЫ, ПЕДАГОГТИК ҚЫЗМЕТІ ХАҚЫНДА

Аңдатпа

Ғылыми мақалада ғалым, профессор Қ.Жұбановтың ағартушылық идеяларының алғашқы көріністері, педагогтік қызметінің бастаулары сөз болады. Халық ағарту, мәдениет, баспасөз майданына араласуы, туған жерінде оқыту-ағарту сауатсыздықты жою, қозғалысының, басшысы, ұйымдастырушысы болғаны баяндалады. Мақалада сонымен қатар ғалымның «Кедей» газеті беттерінде жарияланған қазақ мектептерінің жай-күйі, мұғалімдер даярлау, оқу-құралдарын, мектеп бағдарламаларын әзірлеу жөніндегі ағартушылық ой-пікірлеріне талдау жасалып, ұстаздық қызметі мен тәрбиешілік тағылымына баға беріледі.

Түйінді сөздер: ағартушылық, сауатсыздықты жою, қазақ мектебі, методист-инспектор, оқу құралдары, мектеп бағдарламалары, мерзімді баспасөз.

Қ.Жұбановтың сан қырлы бай мұрасын жан-жақты да тереңнен зерттеу-бүгінгі ұрпақтың, Қазақстан ғалымдарының түбегейлі міндеті. Туған елін, жұртын сүйген Жұбановтың ұлттық ғылым, өнер, ұлттық мәдениетті өркениетті елдер қатарына жеткізу жолындағы еңбегі есепсіз көп. Ғалымның баға жетпес ой-пікірлері, ғылыми тұжырымдамалары, халық игіліне қалдырған асыл қазыналары тағылымының тереңдей беретін өміршеңдігіне күн өткен сайын көз жеткізіп отырамыз. Адамгершілігі асыл қасиеттердің халық игілігі үшін жан қиярлықпен еңбек етудің үлгісін Қ. Жұбановтан көреміз. Ғалымның көп қырлы әр жақты еңбектерінің бір саласын атап айтқанда оның педагогтік идеяларын ағартушылық қызметін сөз еткен де 16 жасында Ж.Тілепбергеновпен бірлесіп жазып, «Қазақ» газетінде жарияланған Өнегелі мұғалім деген хабарламасын бастаған жөн. Озық ойлы қазақ шәкірттері заманында қазақ зиялыларына шамшырақ болып, жол сілтеген басылымдар – Айқап Қазаққа елден хабарлар жазып көзқарастарын айқындап отырған. Қазақ газетінің 1915 жылғы 2 ақпан күнгі 103-санында: Темір уезі, Темір-Орқаш болысының 3 ауылында өткен октябрьден бастап бір мұғалім төте жол, Қазақ емлесімен отыз шамалы бала оқытып жатыр, айдың ішінде балалары тіпті жақсы болып кетті. Баста жадит деп жақтырмаған адамдар осы күні дұрыстығын түсіне бастады. Бұл мұғалім — Ғабдолла Беркінов ескіше оқыса да пікірі түзу зерек көрнеді. Ағайындарға айтып қараса да іс шықпаған соң өзінің шағын дәулетімен ықтият етіп, 50-60 сом ақша шығарып балаларға керекті кітап- саймандар алып өз үйінде оқытып жатыр – деген алғашқы хабарлама-мақаласын Құдайберген мен Жиенғали бірлесе жазып мұғалімнің ел ішіндегі өнегелі ісін үлгі қылуға ниет еткендері көрнеді.

Ал Жиенғалидың осы жылғы Қазақтың 29 тамыз күнгі 147-санында жарияланған Мектеп ашылуы атты мақаласы осы өнегелі істің нәтижесін жария етуді мақсат тұтқан сияқты. 103-нөмірде Темір уезі Темір-Орқаш болысы үшінші ауылында мұғалім Ғабдолла Беркінов өз үйінің бір жағына аймағының балаларын жинап өз жанынан балалардың керек - жарақтарын алып, «Қазақ» емлесімен оқытып жатыр» деп жазылған еді. Қыстай оқытып апрель болған да мұғалім балалардың әкелерін басқа ақсақалдарды жинап емтихан қылды. Жиналған адамдар балаларының оқу-жазуына өте риза болып мұғалімнің «Бір мектеп ашып реттеп оқытсақ бұдан да жақсы болар еді!» [1,56]–деген сөзін мақұл көріп бір мектеп салмақшы болып қаулы болып тарасады. Жазғытұры уағдалы күнінде ағайындар жиналып ішінде бас көтеретін байлары болмаса да қолдан келген жәрдемдерін аямай үш бөлмелі мектеп салды. Мектеп пайдасына берген жәрдемнен басқа, үш десятина жер салды және ғұшыр, пітір садақаларын да мектепке жинамақшы болды». Бұдан кейін Жиенғали қазір мектептің іші-сыртын түзеп, парта сияқты нәрселерді істеп, басқа да керек құралдары әзірленіп жатқандығын бастапқы жыл болғандықтан, оқу биыл бірінші октябрьден бастап майға шейін созылатынын хабарлай келіп, мектептің кімнің күшімен салынып жатқандығына және оны кімдер басқарып отырғандығына тоқталады. «Мұғалімнен соң мектепті басқарушылар – Жәлекен Баймағамбетов, Қали Қаратаев ақсақалдар, бұлар азырақ ескіше оқығандары бар, ашық пікірлі, жігерлілерден, бірақ байлықтары жоқ. Солай бола тұрып мектеп басқаруына кім тәңірі жарылқасын айтпас. Әр жерден осындай Ғабдолла сияқты мұғалімдеріміз көсемдік қылып, жол көрсетіп, Жәлекен, Қали сияқты ақсақалдарымыз белсеніп, мектеп басқаруға кіріссе, халыққа өнеге боларлық іс болмас па!», [2,40].– деп аяқтайды хабарын Жиенғали. Баспа бетіндегі осы тырнақ алды хабарлама мақаладан Қ.Жұбановтың алғашқы аяқ алысы, ағартушылық идеясы айқын байқалады. Осы екі мақаладағы өнегелі ісін көпке үлгі етіп отырған Ғабдолла Беркінов – Құдайберген мен Жиенғалидың ұстазы, Үфүдегі «Ғалия» медресесін бітіріп келіп, Темір-Орқаш жерінде алғашқылардың бірі боп жадитше оқытуды қолға алған, кейін шәкірттері Қ. Жұбанов пен Ж.Тілепбергеновті Орынбордағы «Хұсаиния», Үфүдегі «Ғалия» медреселеріне оқуға дайындап, өмірге жолдама берген, жартығасырлық ғұмырын бала оқытуға арнаған Ленин орденді мұғалім-ұстаз. Орынбордағы «Хұсаиния» медресесінде оқып, кейін Күйікқаладағы (Елецк) 2 кластық училищені тәмамдап, білімі толысып, ой-сезімі өсіп, білім нәрімен қуаттанған Қ. Жұбанов туған жерге оралғанда, оны елде кезек күттірмес келелі істер күтіп тұрған еді. Алғашқы еңбек жолы Темір-Орқашта басталады. Халық ағарту мәселесіне тікелей араласып, мәдениет, баспасөз майданына үн қосып, ел-халықты ертеңгі күнге қарай ілім-білім соқпағымен жетелейді. Ақтөбе губерниясы, Темір уезінің оқыту-ағарту қозғалыстарының тікелей ұйымдастырушысы, мектеп мұғалімі, уездегі оқу бөлімінің меңгерушісі бола жүріп, сауатсыздықты жою қозғалысының Қызыл штабын ұйымдастырады, оны басқару, елге шығып, сауатсыздар тізімін алып, шұғыл көмек көрсету тәрізді шараларды жүзеге асырудың басы-қасында болады. Қ. Жұбановтың уездік оқу бөліміндегі меңгерушілік қызметі туралы жерлестері Хайрулла Меңдібаев өзінің естелігінде: "Жиенғали Тілепбергенов екеуінің (Жиенғали да уездік оқу бөлімінде инспектор болып қызмет атқаратын) 4 айлық курс ашып, ана тілі, ана тілін оқыту методикасы жөніндегі мұғалімдерге ақыл-кеңес бергендерін, Темір-Орқаш болысының Тепсен, Шилі, Қопа секілді ауылдарында тұңғыш мектептер ұйымдастырғандарын, ал осы жылдың жазында уездік барлық советтерінде сауатсыздарды оқытатын мектептер ашуды ұйғарып отырғандарын айтты», – деп Қ. Жұбановтың әңгімесін еске алады.

Осы жылдары Ж.Тілепбергеновпен бірлесе отырып, ойын-сауық кештерін ұйымдастырды. Құдайберген «Кек» атты пьеса жазып, бір саудагердің сарайында ойын қояды.

Пьесадағы әйелдер рөлін орындайтын оқыған қыздар болмағандықтан, жігіттер өзара бөліседі. Байдың бәйбішесін – Жиенғали, сұлу тоқалын – Әбдіхалық Өмірбаев деген сұлу жігіт ойнайды. Бұдан кейінгі жылдары Құдайберген халық ағарту майданында мектеп жағдайын жақсарту, сауатсыздықты жою, мектеп үйлерін салып, оларды оқу құралдарымен қамтамасыз ету мәселелерін көтерді.

Қ. Жұбанов Ақтөбеге қызметке ауысып, гүбірнелік ағарту бөлімінде методист – инспектор болып, педтехникумде қосымша сабақ беріп жүрген кезде, 1925 жылы мамыр айында Қызылорда (Ақмешіт) қаласында өткен (Қызылорда Қазақстан астанасы болып жатқан кез) Қазақстан ағарту қызметкерлерінің I съезіне Қ. Жұбанов пен Ж. Тілепбергенов бірге барады. Съезге қатынасушы делегаттармен бірге екеуінің фотосуреті сақталған.

Ақтөбеге келісімен Қ. Жұбанов инспекторлық қызметімен ғана шектеліп қалмай, қоғам өміріне де, газет қызметіне де ерекше ынтымақпен араласады. «Кедей» газетінде шетел жаңалықтарының тұрақты шолушысы есебінде сан сайын көрініп отырады. Сонымен қатар педагогтік техникум, партия – кеңес мектебіне сабақ беріп, ойын – сауық кештеріне қатысады, қаланың мәдени өміріне араласады. «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылы 14 қаңтар күнгі санында Қ. Жұбановтың: «Январьдың 14-інде «Еңлік- Кебек» ойыны өтті. Ойынға келген жұрт театр үйіне сыймай, көбіне билет жетпей қалды. Басты рөлдердің бәрі де бұрын ойнап ысылған жігіттерге жүктеліп еді, әсіресе, Еңлік рөлін ойнаған – Баймағамбет келіні Шайзада, Кебек рөлін ойнаған – Тілепбергенұлы Жиенғали...өте келістіріп жіберді. Үстіп біз де ұлт театрына қарай маңдайлап келеміз», [3.60].- деп жазғанын көреміз. Қ. Жұбановтың халық арасына кең тараған «Сегіз бен Мақпал» атты дастан бойынша Ж. Тілепбергеновпен бірлесіп жазған өлең пьесасы Ақтөбедегі кеңес – партия мектебі, педтехникум оқушыларының күшімен қала жұртшылығына көрсетілгені де белгілі.

Ақтөбе құжатханасында Ақтөбе техникумы педагогтік кеңесі хаттамалары сақталған. 10/X, 22/X, 27/XI, 8/XII, т.б. 1925 жылғы №1, 2, 3, 4 – хаттамаларында Қ.Жұбанов пен Ж. Тілепбергенов есімдері қатар жүр. Бағдарлама әзірлеу үшін арнайы комиссия құрылып, оның мүшелері болып Қ. Жұбанов, Ж. Тілепбергенов, С. Құрбанов, жоспарлау – әдістемелік кеңестің мүшелері болып Қ.Жұбанов пен Ж.Тілепбергенов сайланған.

Яғни Қ. Жұбанов өмірінің Ақтөбе кезеңі – оның ұстаздық, ағартушылық, ұйымдастырушылық қабілеттерін танытқан жылдары. Ғалымның ағарту мәселесіне байланысты өткір ойлары, ұтымды ұсыныстары мерзімді баспасөздің сарғайған беттерінде сайрап жатыр, Кезеңіне байланысты келелі мәселелерді жер кезінде қолға алып, сауатсыздықты жою, жаппай оқу-ағарту, мәдениет деңгейін көтеру тәрізді өзекті мәселелерді шешуде жергілікті баспа беттерін тиімді пайдаланғанын байқаймыз.

Бүгінгі күні ғалымның қаламынан туған, кезінде араб, датын әріптерімен тасқа басылған сөз мұраларын шашау шығармай жинап алып, халыққа таныту - кешіксе де кезек күттірмейтін іс. Ақтөбе гүбірнелік «Кедей» газетінің 1925-26 жылғы ұлттық кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында сақталған сандарында (1925 жыл май-июнь, ноябрь-декабрь, 1926 жыл июнь -декабрь, өкінішке қарай, жергілікті құжатханада «Кедейдің» 30-жылдарға дейінгі бір де бір саны жоқ) ағарту мәселесіне байланысты Қ. Жұбановтың мақалалары сан сайын жарияланып, заман тынысына сергек үн қосып отырғанын байқадық. Өткен дәуір еншісіне саналатын рухани дүниелердің жазылу сырына үңілсек, сол уақыттың қажеттілігіне, заман талабына, сұранысына сай туғандығына көз жеткіземіз. «Кедей» беттерін парақтағанда, Қ. Жұбановтың гүбірнелік баспасөзде жарияланған ірілі-ұсақты мақалаларына молынан кезіктік. Ғалымның еңбектерін іздестіру барысында бұрын жарияланбаған «Ойыл коммуне мектебі кімге тиіс?» («Кедей» , №6. 4/X),

Оқу жайындағы мұнды осы бастап айту керек» («Кедей» , №67, 28/XI), «Басшылық күшейтілмек. Мұғалімдер, зер сал. Губатком, жәрдем ет!» («Кедей» , 1925, № 68, 5/XII) т. б.

Мақалаларын іздеп тауып, араб әрпінен бүгінгі әріпке түсіріп, ғалымның баласы Е.Қ.Жұбановқа табыс еттік.

«Кедей» газетінің 1925 жылғы 5 желтоқсан күнгі 68-санында Қ. Жұбанов «Басшылық күшейтілмек!» деген бас тақырыппен «Мұғалімдер зер сал! Губатком, жәрдем ет!» деген мақаласы ерекше назар аударуды қажет етеді. ГубОНО-ның әдіскер-инспекторы Қ.Жұбанов қазақ мектептері алдында тұрған көкейкесті мәселелерді қозғайды. Ағарту қызметкерлерінің алдында мектептерді ұйымдастыру, мұғалімдер даярлау, оқу құралдарын, мектеп бағдарламаларын әзірлеу, мектептерге арналған жетекші нұсқаулар даярлау сияқты кезек күттірмес өзекті мәселелерді шешу міндеттері тұрды.

Жаңадан аяғын қаз-қаз басып келе жатқан қазақ мектебінің жай -жапсарын жақсы білетін Қ. Жұбанов ұлт мектебін аяғынан тік тұрғызу үшін дұрыс басшылық ұйымдастырылуы қажеттігін атап көрсетеді. «Қазақ ұлт мектебі 5 жасар бала. Қазақ қатыны бала тәрбиелеуге қандай кеміс болса, бұл жас бала ұлт мектебінің тәрбиелеуші шешесі – қазақ мұғалімі де сондай шорқақ. Қазақ қатынының кемістігі тумысынан қазақтығынан болмай, надандығынан болғаны секілді, қазақ мұғалімдерінің шорқақтығы да дәрекілігінен, көбісінің шалағайлығынан емес, білім кемістігінен. Бізге қарағанда, төрт аяғы тең жорға деуге сиятын орыс оқушылары да жаңа мектеп жөнінде адасып, ел қайдалап жүргенде, есептің төрт амалын шала білетін қазақ оқушыларынан көпті күтуге де болмайды. Орыс оқушыларына жоғарыдан басшылық молдығын, жаңа мектеп, жаңа істер жайын түсіндіретін газет-журналының көптігін еске алып, қазақ оқытушысының мұның бәрінен де амандығын зерлесек, шорқақтығына қазақ оқытушыларының кінәлі еместігіне иманымыз тұрақтайды». [4,69].

«Есептің 4 амалын шала білетін, қазақ емілесін түгел білмейтін» қазақ мұғалімдеріне кінәні арта салмай оларға көземелдік етіп, көмек көрсетуге тиісті жоғары ағарту бөлімдері ініспектірлер дей отырып, олар жөнінде орынды сын айтады....

Бұған кінәлі оқу бөлімдерінің өз бастары ғана емес, сонымен қатар бұған толып жатқан түрлі себептер бар екендігін де көрсетеді.

1. Қызметкерлердің балаңдығы;
2. Бюджеттің жарлылығы, мұғалімдерді енбеккақыдан мұнсыз стуге қаржының кемістігі;
3. Оқу бөлімінде мектептерге басшылық жасайтын қызметкерлердің азығы т. б. басты-басты кемшіліктерді атайды.

"Казакстан оқу кемесеристі келесі оқу (1925-1926 жж.) жылынан бастап, казак мектептерінде гос. Програмын жүргізу камына кірісіп отырғандығын және қазақ оқытушыларын басшылық ету үшін "Жаңа мектеп" журналын шығарғандығы жайында хабарлайды. Қазақ мектептеріне дұрыс үйлестіру үшін оның негізі тәжірибеге сүйенген болуы және оған тәжірибелі оқытушылардың қатысқаны дұрыс деп тауып, тәуір жазған кісіге 500 сом байге барлығын жазады. "Бірақ тәжірибе де өз-өзінен тумайды, керекті тәжірибе шығару үшін гос. програмын казак мектебінің тар есігіне сыйдырып кіргізуі үшін гос. програмнан оқытушылардың хабары болуы керек, біздің оқытушылардың 99% орысша білмейді", үшін қазақ мектептерін түгел аралап, оқытушыларға жаңа әдіс жөнін дей келіп, мемлекеттік бағдарламаны жасау таныстырудың жолдарын көрсетеді. Қазақ мектептеріне әдістемелік көмек көрсетудің қиыншылықтарын атайды, гүбірнелік қаржы бөліміне гүбірнелік жоспар кемессиесіне, губаткомға қосымша ісметеде (смета - Ф. Н.) қарап, 5000 сомдай қосымша қаржы бөлуін, "бұл көп еріккеннің бірі емес, казак мектебінің кемістігі тудырып отырған, өмір тудырып отырған сурау" екенін түсіндіріп, губаткомнан жәрдем өтінеді. Оқу жылының ортасына шейін (1925-26 оқу жылы-Н.Ф.) 18 үлгіден тұратын нұсқау хаттар таратуды көздеп отырғандарын санамалап көрсетеді.

I. Ұйымдастыру жөніндегі нұсқау үлгілер (4 үлгі)

II. Оқыту әдісі жайында (14 үлгі). Мақалада қаражаттың тапшылығына байланысты осы нұсқау хаттар таратудағы нақты кедергілерге тоқталады. Мұғалімдерге аты аталған нұсқаулардың керексіз немесе керектігі жөнінен көрсетілмей қалғандары болса зер салып, гүбірнелік ағарту бөліміне тез хабарласулары керек екендігін ескертеді. Аталған әдістемелік нұсқау хаттарды әзірлеп, қазақ мектептеріне таратушы, орине, гүбірнелік ағарту бөлімінің әдіскер-инспекторы Қ.Жұбанов болғаны анық. Мақаланың соңында қазақ мектептеріне басшылық етіп, ілгері бастыру жөнінде бұл бірінші адым екендігін баса айтып, іске сәттілік тілейді. Өкінішке қарай, бұл әзірленген нұсқау хаттарды табу мүмкіндігінің жоқтығы қынжылтады.

Бұл мақаладан ғалымның туған жерінде мектеп жұмысын ұйымдастырудың жүйесін дайындауға мұрындық болғандығын, сол жүйені жүзеге асыру жолында губернелік газет мүмкіндігін молынан пайдаланғанын байқаймыз. Ғалымды ұлт мектептерінің күйі, мұғалімнің жайы қатты толғандырған, оларға қандай жолдармен оқу-әдістемелік көмек көрсетуге болатынын әр қырынан ойластырған. Жұртқа қызмен қылсам деген ой ғалымды бір сәт тыншытпайды, күнделікті қиыншылықтарға байланысты туындаған ой-пікірлерін баспа бетінде жариялап, көптің алдына салып, ақылдасады, пікірлеседі. Оқу-ағарту мәселесіне байланысты ГубОНО инспекторы ретінде көтерген мәселелері, ағарту қызметкерлеріне ақыл-кеңестері, басшылық іскерлігі жөнінен толық мәліметті 1924-28 жылдар аралығындағы “Кедей” сандарынан іздеп табуға болады. Елдің санасын сәулендіру, ұстаздыққа баулу, оқу бағдарламаларын жасау, ұрпақ тәрбиесі мәселелеріне жанашырлығы ел-жұрттың ағаруына қосқан ерен үлесі Қ.Жұбановтың халық ағарту саласының табанды да дәйекті күрескері болғандығының белгісін береді. Бүгінгі күні ғалымның мерзімді баспасөз бетінде жарияланған ағарту саласындағы еңбектерін ұқыпты жинақтап, оның ұстаздық қызметі мен тәрбиешілік тағылымын тиянақты түрде жүйелеу, ағартушылық тарихи орнын ғылымда нақтылау кешікпеуі дұрыс.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. «Еңбекші қазақ газеті». 1926, 24 сентябрь.
2. «Жұлдыз» журналы, 1976. № 10
3. «Жаңа әдебиет» журналы, 1931, №5-6.
4. Ана тілі мақаласы. 1930 ж

ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ ИДЕИ, ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ К. ЖУБАНОВА

Аннотация

В научной статье будут рассмотрены первые проявления идей просвещения, истоки педагогической деятельности ученого, профессора К. Жубанова. Отмечается, что участие в народном просвещении, культуре, пресс-фронтах был организатором движение борьбы по икоренению безграмотности на родине. В статье также дается анализ просветительских мыслей ученого о состоянии казахских школ, подготовке учителей, разработке учебно-методических пособий, школьных программ, опубликованных на страницах газет «Кедей».

Ключевые слова: просвещение, ликвидация безграмотности, казахская школа, методист-инспектор, учебные пособия, школьные программы, периодическая пресса.

EDUCATIONAL IDEAS, PEDAGOGICAL ACTIVITY OF K. ZHUBANOV

Abstract

The scientific article will consider the first manifestations of the ideas of Enlightenment, the origins of the pedagogical activity of the scientist, Professor K. Zhubanov. It is noted that participation in public education, culture, press fronts was the organizer of the movement of struggle for the eradication of illiteracy in the homeland. The article also analyzes the educational thoughts of the scientist about the state of Kazakh schools, teacher training, development of teaching aids, school programs published on the pages of the newspapers "Kedey".

Keywords: education, literacy elimination, Kazakh school, methodologist-inspector, textbooks, school programs, periodical press.

МРНТИ 14.25.09

Сайынова Г.Е.

Баишев Университеті, Ақтөбе қаласы

gulim.saiynova@bk.ru

ШЕТЕЛ ТІЛІН БАСТАПҚЫ ДЕҢГЕЙДЕ ТЕЗ ӘРІ ЖЕҢІЛ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРМЕН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Бастауыш сынып оқушыларына шетел тілін үйрету үлкен жұмыспен көп күшті қажет етеді. Себебі оқушылардың жас ерекшелігі де, деңгейі де төмен болады. Шетел тілін оқуға дағдыланбаған балаларды алдымен орыс тілін кейіннен ағылшын тілін үйретіп, жеңіл методикамен басталуы тиіс. Қазіргі таңда оқулықтар өте қиын әрі түсініксіз басталып, балалар сабақты алып кете алмай, көптеген қиыншылықтарға тап болып жатады. Кейбір кездерде мұғалімдердің де біліктіліктері де жетіспей жататыны да кездесіп жатады. Осы орайда өзімнің көптеген балаларға тәжірбие жүзінде қолданып көрген методика мен оқулықтарды ұсынғым келеді.

Негізгі сөздер: әдіс-тәсілдер, аспектілер, фонетика, дыбыстар, грамматика, аудио-тыңдалым, мәтін, видео-фильмдер, дидактика, квиз, деңгей.

Жалпы адам баласы қоғамнан өз орнын табу үшін не істеу керек деп ойлайсыз? Бұл сұраққа көп ойлана келе өз ойымды жазуды ұйғардым, адам баласы білу керек, ол дегеніміз білімді болу керек. Ал, білімді болу үшін оқу, іздену, талпыну кейіннен соның барлығын дәлелдей білуі керек. Өмірге келгеннен кейінгі мақсатымыз өсу, өну, даму. Демек, мектепте оқып білім аламыз, университетте білімді жалғастырамыз, қала берді магистратурға оқып дамытамыз, докторантурамен сол білімді көрсетіп, дәлелдейміз. Қазіргі таңда кішкене балаға дейін бай, ауқатты өмір сүруді армандайды, ол үшін әрине оқып, білім алып, дұрыс мамандықты таңдап, жұмыстану қажет. Алдымен, білімді мақсат қылып, одан әрі табыс көзі етеміз. Осы кезде, білім туралы түрлі мақалдар да еске түседі: Білім – азық, дегендей. Сонда, білімді, білікті болу үшін таңдаса, түбінде керемет маман иесі болмақ. Ал, білікті маман жерде қалмайды. Білімдінің күні жарық, болашағы ашық болмақ. Тілге тоқталып өтсек, бірінші орында өз ана тіліміз, қазақ тілі тұруы тиіс. Әрбір ұлт өз ана тілін сыйласа ғана, жақсы ұлт болмақ. Дегенменде, еліміз көпұлтты мемлекет болғандықтан тек қазақ тілінде сөйлеп те жүре алмаймыз, еліміздің қоғамының дамып және оның барлық елдермен еркін аралсып, диалогқа түсуге дайындығы айқын болған кезде, "шетел тілі" пәніне деген көзқарас және оның жаңартылып жатқан білім беру жүйесінің алдында тұрған жалпы

міндеттерді шешудегі рөлі өзгеруде. Білім және ғылым эксминистрі А.Қ.Аймағамбетов Бастауыш орта мектептерте шет тілдерін оқытуды 2 – сыныптан (кейбір мектептерде 3 – сыныптан) бастап оқыту туралы заңға қол қойған болатын, себебі бірінші орында өз ана тілін меңгеру маңызыдылығын алға тартып, өз тілін толық меңгерген балалар шет тілін үйренуге психологиялық тұрғыдан дайын бола алатындығы айтылды, екінші жағынан мұғалімдермен ата-аналардың да өтініштері қарастырылған болатын. Шет тілін бастауыш сынып балаларына үйрету, әліппені үйретумен тең. Соның ішінде дұрыс оқулықты таңдау өте маңызды [4, 26].

Өз тәжірибеме сүйене отырып, кішкене бүлдіршіндермен жұмыстануға ұсынатын оқулығым «Английский для детей» оқулығы, авторы Валентина Скультэ, бұл оқулық әртүрлі категориямен деңгейге байланысты жазылған, өте жеңіл әрі қызықты сөздермен басталады. Мысалы: a cat, a rat, a bat.

Бастысы алфавит бірден толық берілмеген, жеңіл, жаттауға ыңғайлы, рифмге келетін сөздерге басталатын әріптер, әр сабаққа төрт-бес әріп беріледі жаттап алуға да жеңіл, сол әріптерге жазбаша түрде практика жасауға арналған көркем жазу да бар. Сандарда әрбір сабақта бір-бірден беріліп отырады [1].

Грамматикасына тоқталып өтсем, көптеген оқулықтарда грамматика шақтармен басталса, жоғарыда айтылғандай, бұл оқулықта грамматика сөз алдына «а», «ап» артикльдерін қоюды үйретумен басталады. Грамматиканы оқыту үшін, ең оңай тақырыптан басталуы маңызды. Ол үшін арнайы берілген тақырып бойынша жеңіл түрде жеткізу үшін дидактикалық ойындар ұйымдастыра отырып, түсіндіру керек. Тақтаға плакат іліп, тақырыпқа қысқаша әрі түсінікті етіп формула сызылып қойып, сабақ соңында, өткен тақырыпқа сөйлемдер құрастыру қажет.

Шет тілін үйретудің тағы бір аспектісі: фонетиканың рөлі, бастауыш сыныптан бала шет тілінде сөздерді жазып, жаттап қоймай дұрыс ырғақпен айтуы да өте маңызды деп санаймын. Әріппен дыбыстарды ажырата білу де маңызды. Ағылшын тілінде отыз үш әріп болса, олар әр сөзде түрлі дыбысталады. Сол себепті шет тілінде алты дауысты дыбысты жіктеуге арналған арнайы төрт типті кесте бар, ашық, жабық буындарға бөліну ретімен берілген. Осы ақпараттардың барлығын жеңіл, әрі қызықты өткізу үшін, өз тәжірибемде «Фонетика» оқулығын, авторы Р.Н.Ефимова, мысал түрінде кестені, төменде ұсынамын [2, 9].

	I тип (ашық буын)	II тип (жабық буын)	III тип (дауысты дыбыс+r)	IV тип (дауысты дыбыс+r+e)
a	name	cat	car	Mary
o	rose	hot	for	more
e	he	hen	term	here
u	tune	cup	turn	during
I	Mine	Hit	Girl	Fire
Y	type	myth	Byrd	tyre

Анығырақ айтсақ, ағылшын тілінде алты дауысты дыбыс бар, әріптердің орналасу ретіне байланысты төрт типке жіктеледі. Мысалы: «а» әріпі I типте ашық буында тұрғандықтан созылып оқылады, мысалы: late, cake, make, take, II типте жабық буында тұрғаны үшін қысқа ғана дыбысталады, hat, mat, sad, III типте дауысты дыбысқа «r» әріпін қосып, созып айтамыз, bar, lark, mark, IV типте дауысты дыбыстан соң, «r» әріпі және қайтадын дауысты дыбысты қосып, созып дыбыстаймыз, Mary, parents деген сөздерді мысалға алуға болады.

Дауыссыз дыбыстарға тоқталсақ, қосарланған дауыссыз дыбыстар бір дыбыс береді, мысалы: lesson сөзіндегі, қос «ss» әріптері бір ғана ырғақпен айтылады. Сонымен қатар, екі дауыссыз дыбыстың қосылып айтылуы салдарынан да сөздердің дыбысталу реті өзгереді, оған мысал ретінде, th, ch, sh, tch, ph, ng, wh әріптерінен тұратын сөздерді алуға болады. Төмендегі кестеден мысалдар тізбеген көрсетемін:

ck	k	Pick, click, duck, pack, black, back
ng	g	Bring, sing, song, long
sh	S	Dish, fish, lash, dash, she
ph	f v	Phone, photograph nephew
wh	w h	White, whale, when, why Who, whom, whose

Cc, Ss, Tt, Gg, Xx әріптері де әр сөзде түрлі дыбысталады, оны оңай ажырату үшін осы әріптерден кейін тұрған дауысты дыбыстарға аса мән беру керек және практика ретінде көптеген мысалдар іздеп, жаттығулар орындау қажет. Сол мақсатта, жоғарыда айтылған оқулықты, жас ерекшелігіне қарай қолдануға ұсынар едім [2, 41].

Шетел тілін, оқытуда естіп-тындау (аудирование) аспектісінің де маңызы зор. Себебі, оқыту барысында балаларға оқып, жазып үйренуден бөлек шетел тілінің сөйлеу ырғағын тыңдатуып түсіндіру маңызды. Сол орайда, қолдануға қол жетімді, үйренуге оңай аудио таспасы бар оқулық Get Set Go, ерекшелігі өзге оқулықтардан қарағанда, өте оңай диалогтар, шағын мәтіндер, әрбір тақырыпты жаңа сөздермен бастап үйретуінде. Басталатын тақырып негізінде, алдымен тыңдап жаңа сөздерге анализ жасалынады. Кейіннен осы тақырыпқа диалог беріліп, балаларға рөлге бөліп, оқытуға мүмкіндік жасалған.

Шетел тілін оқытудағы, тағы бір ескеретін жағдай, математика пәнінде бақылау жұмысын жазған секілді, ағылшын сабағында айына бір рет «quiz» жазылуы керек. Оны жүзеге асыру үшін, күнделікті сабақта берілген сөздерді оқушылар жаттайды, кейбірі екі-үш сабақ өткен соң ұмытып қалып жатады. Сол өткен тақырыптағы бағдарламаны жаңартып, еске түсіріп отыру үшін «quiz» жасатамыз. Оның техникалары өте көп. Жазбаша түрде тексеру үшін оқушыларға таза парақ беріп, өткен жаңа сөздерді айтып, аудармасын қағазға жазып тапсыруы сұралады. Ауызша түрінде сұрақтар қойып, қайталап, еске түсіреміз.

Әрбір аспектінің үйрету техникасы әртүрлі. Ол жас ерекшелігіне, категорияға, деңгейге байланысты әртүрлі жүргізіледі. Мәтінмен жұмыс жасау техникасы: алдымен мәтіндерді оқып, ана тілге аударып, сөздерін үй тапсырмасында ауызша жаттатқызып, тексеріп болған соң екінші сабақта жазбаша диктант түрінде жазғызып, үй тапсырмасына түсінігін айтқызуға сол мәтінді кері берсе, бала өз ойын ағылшынша айтып үйренбек. Бір мәтінді үш-төрт сабаққа жіктеп оқытса, нәтижелі болмақ. Кейбір мұғалімдер бағдарламадан қалып кеттім деп, оқушыларға бір сабақта бірнеше тақырып алып, балаларды жалықтырып алып жатқаны қаншама. Бағдарламаға ілесіп отырған әрине дұрыс, десекте, бірінші орында сапалы білім беру керек емес пе?

Сонымен қоса, балаларды шетел тілін оқыта отырып, сергітіп отырудағы тағы бір ерекшелік «English club», толығырақ айтсақ, бүлдіршіндерге арналған шетел тілінде жүргізілетін, мектеп бағдарламасынан бөлек клуб [3, 40].

Ол жерде балалардың білімге қызығушылығын арттыру мақсатында жүргізілетін ойындар, шетел тілінде әуендер, тақпақтар, мақалдар, жаңылтпаштар айтылып, жұмбақтар шешіледі, жаңа технологиялар, интерактивті тақта мен электронды тақталар қолданылады.

Балалар өздерін толық еркін сезінеді. Жалпы, төменгі сыныпта білім беру барысында ойынның маңызы жоғары. Сөздерді оңай жаттату үшін ойындар ойнатып жаттатқызса, балалардың тез бастарына қонатыны сөзсіз. Мысалы: топқа бөліп ойната отырып, оқыту. Мейрам күндері, әрбір ұлттың киімдерін кигізіп, тағамдарын дайындатып, әнұрандарын, алфавиттерін жаттатқызып, бір тақырып беріп сол бойынша сөйлемдер құратып, ойларын айтқызып, сөздер жаттатқызса нұр үстіне нұр болмақ. Кішкене бүлдіршіндерді қызықтырып оқыту мақсатында көрнекіліктерді, карталар, плакаттар жасап, түрлі-түсті суреттер шығарып іліп қоюдың да маңызы жоғары. Оқулықтардың әдемі суреттермен берілуі де баланың қызығушылығын оятады [5, 9].

Шет тілі болсын, басқа да пән болмасын мұғалім балалармен нәтижелі жұмыстануы керек, ол дегеніміз сабақ соңында балаға нені үйрете алды, нені жеткізе алмады, қандайда болмасын қиыншылықтарға қарамастан сабақты соңына дейін жеткізе алуы, балаларға көптеген қызықты да пайдалы ақпарат бере алуы маңызды. Ол мұғалімнің жұмыс өтіліне, білімділігіне де байланысты. Ал ондай кадрларды қайдан таппақшымыз? Жоғарғы оқу орындарында, қала берді мектептерде, сапалы білу беру өте маңызды. Білім алушыларда ізденіс көп болуы керек. Соның бәріне өз үлесін қосып, дұрыс бағыт-бағдар беретін де мұғалім. Мұғалім жыл бойына берген білімін тексеру мақсатында, балаларға шетел тілінде контрольды тесттер орындату қажет. Тест грамматика, фонетика, аудио, мәтін, лексикадан құралып, барлығы дерлік қамтылуы керек. Тестті тексеріп балаларды категориямен деңгейлерге бөліп, үздік оқшыларды бір бөлек, нашар оқушыларды бір бөлек топта оқытуға да болады. Деңгейлерді шетел тілінде төмендегідей етіп бөлеміз: [7, 16]

Beginner(Starter) A1

Elementary A1-A2

Pre-Intermediate A2

Intermediate B1

Upper-Intermediate B2

Advanced C1

Қорыта айтқанда, еліміздің дамуы, елу елдің қатарына қосылуы, шет елдерде еркін сөйлеп, өзге елдермен диалогқа емін-еркін түсуі үшін мұғалім сапалы білім беріп, білімді ұрпақты оқытып тәрбиелесе, білімді ұрпақ көбейіп болашағымыз жарқын болмақ. Мұғалім сабақ үстінде тек балаларға сабақ үйретіп, оқытып, дамытып, бар назары оқушыларда болуы тиіс. Қалған қосалқы жұмыстармен сабақтан бос уақытында айналысып, одан бөлек өз білімін жетілдіру, дамыту барысында арнайы курстардан өтіп, білімін тексеріп, деңгейін біліп отыру үшін арнайы тесттер (IELTS, TOEFL) тапсырып, ағылшын азаматтарымен практика жасау мақсатында, шет елдерге шығып тұрса да артық болмас еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. В. Скультэ - Английский для детей /English for little ones-<https://vk.com/enhelp/textbook/>
2. Фонетика. Начинаем читать, писать и говорить по-английски. Ефимова Р.Н. / r-n-efimova/fonetika-nachinaem-chitat-pisat-i-govorit-po-angliysk
3. Get Set Go by Cathy Lawday /https://studentsbook.net/catalog/angliyskiy_yazyk/uchebniki/get_set_go/
4. Alphabet & Phonics (Skill Builders for Young Learners) /[https:// / Skill-Builders-Young-Learners-Alphabet/dp/](https://Skill-Builders-Young-Learners-Alphabet/dp/)
5. My Preschool Activity Book by Sandra Boynton /[https:// Sandra-Boynton-Collection-Best-selling-Preschoolers/](https://Sandra-Boynton-Collection-Best-selling-Preschoolers/)
6. Chicka Chicka Boom Boom by Bill Martin, Jr /[https:// Chicka-Boom-Book/](https://Chicka-Boom-Book/)
7. The Letters are Lost by Lisa Campbell /<https://www.publishersweekly.com/>

ВАЖНОСТЬ БЫСТРОГО И ЛЕГКОГО ОБУЧЕНИЯ ИНОСТРАННОМУ ЯЗЫКУ НА НАЧАЛЬНОМ УРОВНЕ

Аннотация

Обучение иностранному языку младших школьников требует больших усилий с большой работой. Это связано с тем, что учащиеся имеют низкий возраст и уровень. Дети, не привыкшие к изучению иностранного языка, должны сначала учить русский язык, а затем английский и начинать с легкой методики. В настоящее время учебники начинаются очень тяжело и необъяснимо, дети не могут освоить и сталкиваются со многими трудностями. В некоторых случаях также встречается недостаток квалификации учителей. В этой связи хочу предложить методику и учебники, которые я опробовала на практике.

Ключевые слова: методы, аспекты, фонетика, звуки, грамматика, аудиоаудирование, текст, видеофильмы, дидактика, викторина, уровень.

THE IMPORTANCE OF QUICK AND EASY LEARNING OF A FOREIGN LANGUAGE AT THE ELEMENTARY LEVEL

Annotation

Teaching a foreign language to schoolchildren requires a lot of effort with a lot of work. This is due to the fact that students have a low age and level. Children who are not used to learning a foreign language should first learn Russian, and then English and start with an easy technique. Currently, textbooks start very hard and inexplicably, children cannot master and face many difficulties. In some cases, there is also a lack of teacher qualifications. In this regard, I want to offer a methodology and textbooks that I have tried in practice.

Keywords: methods, aspects, phonetics, sounds, grammar, audio-auditing, text, video, didactics, quiz, level.

МРНТИ 16.21.07

А.А. Уткелбаева¹, Ж.А. Исина²

Баишев университети

zhannur_8383@mail.ru

МӘДЕНИ-ТІЛДІК ДЕРЕКТЕРДІ АНТРОПОӨЗЕКТІК БАҒЫТТА ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

"Тіл – ұлттың негізі, ұлттық мәдениеттің негізі" қағидаттарына сәйкес тіл мен мәдениет арасындағы байланыстың негіздері көптеген ғасырлар бойы өзінің тектілігін сақтап, оны талдамай жинап, болашаққа жеткізетін тілдің кумулятивтік қызметі негізінде шешіледі. Оның белгілі бір формалардағы тілдік көріністері: материалдық мәдениет (автотұрақ, киім, тамақ, тұрмыстық заттар, еңбек құралдары және т. б.) және ұлттық тіл (дәстүрлер, мифтер, өнер, дін, ілім, көркем мәтін және т. б.) арқылы ұрпақтан-ұрпаққа сақталатын және берілетін рухани мәдениет пен ұлттық психология, танымның символдық жүйесі, өнер, сакрализация, археология және т. б. шығармаларының атаулары болып табылады..

Түйінді сөздер: тіл, рухани мәдениет, ұлттық психология, этномәдениет, этнолингвистика, этнография.

Қазіргі тіл білімі даму деңгейінің сан салалы теориялық ұстанымдары бүгінгі күні тілдік зерттеулердің бағыт-бағдарын жаңаша анықтауға, жалпы және жеке лингвистика

шеңберіндегі маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес тілдің қоршаған әлеммен, адам факторымен сабақтастығын зерделеу қазіргі қазақ лингвистикасының халықтың сипаты мен әлемдік ғылым деңгейіне көтерілер биігін бір арнада тоғыстырады. Осыған орай, ұлттық тіл ғылымының тілтанымдық-теориялық қоры мен әдіснамалық негізі жаңа бағыттарға сай құнды зерттеулердің ғылымдар тоғысында дүниеге келуін, сабақтастығын қамтамасыз етер алғышарттар ретінде сипатталады (Қ.Жаманбаева, Э.Оразалиева, Б.Тілеубердиев, М.Күштаева, Н.Аитова, М.Қожаева, Н.Шаймердинова т.б.).

Осы тұтастықта қарастырылып отырған тілдің табиғатын адамның мәдени, рухани, әлеуметтік, психологиялық болмысымен, оның іс-әрекеттерімен ұштастыра алмаған қазақ ғалымдары соңғы кездері "ұлт және біртұтас тілі"қағидатына сәйкес таным проблемасына ерекше назар аударып, қазақ тіл білімінде антроп тәуелді бағытты қалыптастыруда. Атап айтқанда, ұлттың жеке басын білдіретін тілдік бірліктерді жан-жақты зерттеу, нақты өмірдің қыр-сырын, жинақталған ақпарат пен деректер жүйесін талдай отырып, олар шкаласы арқылы өтетін өзекті мәселе ретінде. Осыған байланысты тіл үйренудің жаңа трендіне сәйкес қазақ тіл біліміндегі құрылымдық жүйені анықтаған соңғы зерттеулерде «қазақ тіл білімінің танымдық бағытын зерттеудегі, оның себеп-салдарлық байланыстарын дәлелдеудегі, ғылыми-теориялық ұстанымдар мен тұжырымдамалық бірліктерді жүйелеудегі қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері бағаланады, сол арқылы когнитивтік парадигманың қалыптасуы мен даму өлшемдерін айқындайды».

Сонымен, қазіргі әлемдік өркениет кеңістігіндегі жаһандану үрдісіне сәйкес тіл біліміндегі зерттеулер бағытының кешенді де интеграциялық сипатына сай тіл мен мәдениет сабақтастығын анықтаудың мәні зор. Оның нақты көрінісі – «ғаламның тілдік бейнесін» ұлт тілі арқылы зерттейтін этнолингвистика, лингвомәдениеттану салаларының теориялық-әдістанымдық негіздері В.Гумбольдт, Э.Сепир, Б.Уорт, Н.И.Толстой, Г.В.Колшанский, Ю.Н.Караулов, А.Вежбицкая, В.Маслова т.б., қазақ тіл білімінде Ә.Қайдар, М.Копыленко, Е.Жанпейісов, Т.Жанұзақов, К.Хұсайын, Н.Уәли, Г.Самағұлова, Р.Авакова, Г.Сағидолда, А.Ислам, Е.Керімбаев, Р.Шойбеков, М.Малбақов, А.Сейілхан, Қ.Қайырбаева т.б. еңбектерінде жасалған. Яғни, кез келген тілдегі ғалам бейнесі екі жақты сипатқа ие: бір жағынан, кез келген тілдегі ғалам бейнесі адамның әлемге көзқарасымен байланысты болса, екінші жағынан, нақты әр тілдегі әлем моделіне әлеуметтік-мәдени қоғамдағы ұлттық «әлем бейнесі» жалғасады. Осының нәтижесінде жеке тіл өзіндік сипатқа ие болады. Сондықтан ғалам бейнесі мәселесі адамның елестетуі мен санасындағы әлемді көру мен суреттеуіне негізделеді. «Тіл адам санасынан тыс әлемді бейнелей алмайды, өйткені ол объективті дүниенің бейнесі ретіндегі субъективті әлемді бейнелейді. Тіл әрі объективті, әрі субъективті. Ол әлемге және адамзатқа қатысты екіжақты субстанция» [1, 26 б]. Ал адам тілдің қызметі арқылы әлемге, дүниетанымға, өзінің "әлем бейнесіне" деген көзқарасын қалыптастырады. Әр тілдің өзіндік ішкі айырмашылықтары болғандықтан, әр тіл өзінше "әлем бейнесін"қалыптастырады. Демек, қазіргі тіл білімінде тілді ұлттық рухани-мәдени игілік ретінде зерттеу ауқымы кеңейіп келеді.

Себеп: әр тіл-бұл ұлт тарихын, өзіндік мәдениетін, білімі мен талғамын, мінезі мен санасын, кәсібі мен әдет-ғұрпын, дәстүрі мен даналығын сақтаған символдық жүйе. Мұндай мазмұндық құрылымға сәйкес, бұл жай ғана символдар жүйесі емес, бұл мәдениеттің айнасы. Егер солай болса, онда мұндай жүйені зерттеу кезінде дәстүрлі құрылымдық лингвистиканың мүмкіндіктері шектеулі екендігі айқын болады. Өйткені бұл ретте тілдің қызметі тек коммуникативті ғана емес, ол (тіл) – жинаушы, сақтаушы, этномәдени ақпараттың тасымалдаушысы, келесі ұрпақтың жалғастырушысы және сайып келгенде, ұлтты біртұтас тұтастыққа біріктіреді. Сондықтан қазіргі қазақ тіл білімінде Тіл мен мәдениеттің сабақтастығын, атап айтқанда ұлттық сипатты, ұлттық рухты тануға негізделген

когнитивтік лингвистика, оның лингвомәдениеттану, этнолингвистика және т.б. салалар басым.

Сонымен қатар, біз мыналарды атап өткен жөн деп санаймыз. Шын мәнінде, В.Фон Гумбольдт, Э. Сепир және т. б. идеяларына сәйкес олардың шығу тегі ретінде біз қазақ тіл білімінің, Мәдениеттанудың негізін қалаушы ғалымдардың еңбектерін зерттеу барысында теориялық сипаттағы ғылыми рәміздердің сабақтас пікірлерімен, көріністерімен бетпе-бет келеміз. Атап айтқанда, ш.Уәлиханов, Қ.Жұбанов, Ә.Марғұлан, М.Әуезов т.б. еңбектерінде тіл мен мәдениет сабақтастығына ерекше назар аударылған. Мысалы, проф. Қ.Жұбанов, тіл арқылы халықтың тағылымдық мұраты мәдени әрі тілдік мұра ретінде сақталатынын және этностың әр дәуірдегі ұрпақ өкілдеріне тіл мен мәдениетті табыстыратын жаңа саланың дүниеге келетіні туралы сол кездердің өзінде-ақ болжам айтқан. Ғалымның: «Халықтардың тұрмыс қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты» [2, 93 б] деген пікірі ұлт мәдениетінің ұрпақ жалғастығын сипаттаса, ал, мәдениет жай өмірдің туындысы емес, белгілі бір қоғамда өмір тіршілігінің қажетті туындысы деп қарауын: «Мәдениет – қазанның күйесінше жұғатын нәрсе емес, мәдениеттің белгілі сатысын көкसेгендей жағдай тумаған болса, ... жоғары мәдениеттің өзі келіп ауызға түспейді» [2, 325 б] деген пікірінен көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, проф. Қ. Жұбановтың зерттеулерінде сөздердің қалыптасуының онтологиялық сипаты ғана емес, сонымен қатар уақыт пен кеңістік контекстіндегі мотивациялық негіз, этно-танымдық табиғат ашылады. Атап айтқанда, осы саладағы зерттеулер «тіл мен танымның» сабақтастығын сипаттайды. Себебі бұл тілдік деректерді әр кезеңде осы тілде сөйлейтін халықтың тарихи-әлеуметтік тәжірибесіне сүйене отырып, мәдени-танымдық деңгейге сәйкес қалыптасқан ауызша-ассоциативті категория ретінде қарастыруға болады. «Тіл мен ұлт біртұтас» қағидаты ежелгі мәдениеттің көріністері, тіл арқылы әртүрлі әдет-ғұрыптар мен дәстүрлерді сақтау арқылы ұлттың байланыстырушы, жалғасатын қызметімен расталады және анықталады.

